

Жұлдыздар
отбасы

№3 (15) Ақпан 2011 жыл

NEW

АНЫЗ адам

*Ұлт
Мақатаевы*



**МУҚАҒАЛИ
МАҚАТАЕВ** (1931—1976)

бас редактор (жаоба авторы)
 Жарылқап ҚАЛЫБАЙ

бас редактордың орынбасары
 Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

жауапты хатшы
 Жанар ҚОЙЛЫШ

кезекші редактор
 Марфуға ШАПИЯН

арт-директор
 Бекбол НҰРМУХАНБЕТОВ

беттеуші
 Құралбек АМАНТАЙҰЛЫ

тілшілер
 Мәдина СЕРІКҚЫЗЫ
 Майра ЖАНЫСБАЙ
 Сабина ЗӘКІРЖАНҚЫЗЫ

мәңгілік тілшілер
 Айгүл КЕМЕЛБАЕВА (Астана)
 Назира БАЙЫРБЕК (Астана)
 Мақпал ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ (Астана)
 Қазбек ҚҰТТЫМУРАТУЛЫ (Орал)
 Ғалымжан ЕЛШІБАЙ (Шымкент)

фототілші
 Асылхан ЖҮСІП

редакцияның мекен-жайы:
 050012, Алматы қаласы,
 А.Байтұрсынұлы көшесі, 65 «А» үйі
 «Жұлдыздар отбасы»
 журналының редакциясы
 тел/факс: 8(727) 239-05-45, 292-72-98
 e-mail: adamata59@mail.ru

баспасөзді экспедициялау цехы:
8 (727) 397-50-60
 (егер сізге журналдың жаңа нөмірі
 келмесе, осы телефоннан сұраныңыз)

журналдың жазылу индексі: **74356**

Журналға «ҚАЗПОШТА» АҚ, «Евразия пресс»
 агенттігі ЖШС, «Казпресс», «Мирпресс»,
 «Ернұрпресс», «Эарика-пресс» ЖШС
 бөлімшелері арқылы жазылуға болады.

мәңгілік несі -
 «ОТБАСЫ» баспасы» ЖШС

Журнал Қазақстан Республикасының Байланыс
 және ақпарат министрлігінде тіркеліп,
 тіркеу нөмірі № 10976-Ж күзегі
 (01.06.2010 ж.) берілген.

Журнал жарияланымдарындағы автор тікелей
 редакцияның түпкілікті қолқарасы болып
 есептелмейді.

«Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ-да»
 жарияланған материалдарды көшіріп немесе
 оқидып басу үшін біздің редакцияның жазылу
 рұқсатты алатын, журналға сілтеме жасауы
 міндетті.

Тапсырыс: 01/048
 Таралымы: 37 000 дана

Көлемі 52 бет.

Түрлі-түсті бояумен, көркем фотосуреттермен
 безендірілген, сапалы газет қағазына басылған
 журнал-кітап

Журнал «Leader Offset»
 баспаханасында басылды.

Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 212 «А» үйі

Журнал Алматы, Астана, Алматы, Алматы,
 Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды,
 Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік
 Қазақстан, Павлодар, Солтүстік Қазақстан,
 Шығыс Қазақстан облыстарына және Алматы,
 Астана қалаларына таратылды.

Журналдың бағасы 200 теңгеден аспағаны жоқ

e-mail:
 adamata59@mail.ru

Бас редактордың SMS-хат қабылдауға
 арналған жеке телефоны:

8 701 334 63 59

Тұлғалар болмысын толық ашуға атсалысайық, ағайын!

Құрметті оқырман қауым!

«Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ» журналының жуық арадағы кейіпкерлері – даңқты қолбасшы Әмір Темір, қазақ әйелі мен ана образының символы, айтулы актриса Әмина Өмірзақова, өз дәуірінің ұлы ойшылы, аты аңызға айналған Қорқыт ата, түркі дүниесінің рухани көсемі, көрнекті Алаш қайраткері Мұстафа Шоқай, жыр алыбы Жамбыл Жабаев, от ауызды, орақ тілді ақын Махамбет Өтемісұлы, 30-жылдардағы ашаршылық нәубеті кезінде халқымызға араша түскен Тұрар Рысқұлов, заманымыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматов, қазақтан шыққан тұңғыш кәсіби ғалым, ұлттымыздың ұлы тұлғасы Шоқан Уәлиханов болады деп жоспарлануда.

Осы тұлғалардың өміріне қатысты құнды деректерге негізделген кітаптар мен жарияланымдар, фотокұжаттар, өзге де материалдар қолдарыңызда бар болса, редакцияға жолдауларыңызды сұраймыз.

Журналдың әрбір санының сапалы, көркем, жан-жақты және мазмұнды болуына атсалысу, жауапкершілігі мол жұмысты жұмыла көтеру – көзіқарақты әрбір оқырманға парыз іс. Себебі «Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ» журналы – қазақ жастарының өз тұлғаларын тануына ықпал етуді мақсат еткен, жалпы халыққа ортақ энциклопедиялық жоба.

Ақпарат берушілердің аты-жөні журналда атап көрсетіліп, автордың қаламақысы төленеді. Әсіресе, фотокұжат, сурет берушілердің қаламақысы жоғары бағаланады. Сол себепті де, еліміздің әр аймағындағы ғалымдар мен қаламгерлердің, фототілшілердің осынау игі іске белсене үн қосқанын қалаймыз.

Хат жазыңыз. Хабарласыңыз. Асыға күтеміз.

Құрметпен, журналдың бас редакторы Жарылқап ҚАЛЫБАЙ

Мекен-жайымыз: 050012, Алматы қаласы, А.Байтұрсынұлы көшесі, 65 «А» үйі, «Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ» журналының редакциясы.

Байланыс телефондарымыз: 8(727) 239-05-45, 292-72-98, 292-74-31

Бас редактордың SMS-хат қабылдауға арналған жеке телефондары: +7 701 334 63 59, +7 777 156 32 16
 e-mail: adamata59@mail.ru



Жазылу индексі: **74356**

Құрметті оқырман! Бұл жай журнал емес, мұны «журнал-кітап» деп атауға болады. Өйткені бұл жобаның мағлұматтары аса құнды және ескірмейді. Сондықтан, бағасы – арзан, мазмұны – қымбат жаңа журналдың әр санын қалдырмай жинастырып, тігінді жасаған дұрыс.

«Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ» журналына 2011 жылдың қалған 6 және 9 айына жазылып үлгеруге толық мүмкіндігіңіз бар. Сонда «Аламан бәйге» атты ұтыс ойынының екінші айналымына қатыса аласыз. Жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі!

Аңызды деп қалай мен
Салтымын езі айта аламын,
...Күні көзін қараптың қара
Шекпен тауып, өзіне қайтарамын...

М. Машаев



Мені өз өлеңдерімнен бөліп
қарамауларыңызды өтінем.
Естеріңізде болсын, менің
өлеңім текке тұрғанда тұр те
емес. Біріктіріп қарағанда ол
поэма іспетті. Басы мен аяғы
бір. Ол кейде күлімдеген, кейде
түңгілген жаңылымын, құдды да
уысындай...

М. Машаев

ЖАЗЫЛАР ЕСТЕЛІКТЕР МЕН ТУРАЛЫ

Жазылар естеліктер мен туралы,
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.
Біреулер тұлпар еді дер де мүмкін,
Бүтінделмей кеткен бір ер-тұрманы.

Аңыз ғып айтар мүмкін қылығымды,
Қылығымды ұнатқан жұлынуды.
Жақсы көрген дер мүмкін «жылынуды»
Әйтеуір қазбас былық-шылығымды.

Жоқ жанды қиған емес жамандауға,
(Сол үшін рақмет адамдарға!!!)
Білемін, әйтеуір бір замандарда,
Жүреді жүз жыл жасап жаман қарға...

Жазылар естеліктер нешелеген,
Көрерміз оның бәрін пешенеден.
Әйтеуір, білетінім бір-ақ нәрсе —
Көшеді өлең немесе өшеді өлең!

“Н.В.ГОГОЛЬ АТЫНДАҒЫ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ
ӨМБЕБАП-ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ”
МЕМЛЕКЕТТІК КЕКЕМЕСІ

Қулары таудың қызыл түлкісі дер,
Момындар біздің үйдің кірпіші дер.
Мәңгілікке өзіммен ала кеткен,
Менің нәзік жанымды кім түсінер?!



Мұқағали асып-тасып, арнасынан төгіліп жүрмесе, артында қалың жұрт сүйіп оқитын өлеңдері қалмас па еді... Ақынды түсіну қиын.

Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА, әнші



Мұқағали жалғандықты, мүләйім жағымпаздықты, әдебиеттегі саудагерлікті, жалақорлықты, бәлеқорлықты жан-тәнімен жек көрген ақын.

Шерхан МҰРТАЗА, жазушы



Мақатаев бұл жалғанға қалдырған жарық сәуле – жырлары халқының басын құрап, елдік пен бірліктің, рухани тұтастықтың байрағына айналып отыр.

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА, ақын



Мұқағали поэзиясы талай жүрекке от берді, бозбаланың жыры, бойжеткеннің сыры болды.

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД, министр

МАЗМҰНЫ:

ӨМІРБАЯН

5 Роза РАҚЫМҚЫЗЫ:
БАЛА МҰХАМЕТҚАЛИДАН –
АҚИЫҚ АҚЫН МҰҚАҒАЛИФА
ДЕЙІН

МАҚАТАЕВ ӘУЛЕТІ

10 Нағиман БАТАНҚЫЗЫ:
ОЙЛАҒАНДА ӨЗЕГІМ ӨРТЕНЕДІ

12 Лашын ӨЗІМЖАНОВА:
МҰҚАҒАЛИ – СЫРЛАСЫМ,
МҰҚАҒАЛИ - МҰҢДАСЫМ

МҰҚАҒАЛИ ҰРПАҒЫ

15 Жұлдыз МАҚАТАЕВ:
«КӨКТЕ БІР ҚҰДІРЕТТІҢ БАРЫ
АНЫҚ» ДЕП ОТЫРАТЫН

19 Алмагүл МАҚАТАЕВА:
БАСКИМІН САТЫП ӨПЕРГЕН
ГҮЛІН ӨЛІ ҰМЫТА АЛМАЙМЫН

21 Шолпан МАҚАТАЕВА:
ҚИНАЛҒАН АДАМДАРДЫ КӨРСЕ,
ЖАНЫ ҚАТТЫ АУЫРАТЫН

ЗЕРДЕ

22 Оразақын АСҚАР:
МҰҚАҒАЛИ КӨЗІМЕ БАЛЬЗАҚТЫ
ЕЛЕСТЕТТІ

ЗАМАНДАС

28 Габбас ҚАБЫШҰЛЫ:
...ІШКІШ БОЛЫП ЕШКІМНІҢ
БАСЫН ЖАРЫП, КӨЗІН
ШЫҒАРҒАН ЖОҚ

КӨЗКӨРГЕН

31 Бексұлтан НҰРЖЕКЕЕВ:
ОЛ – ӨЗІ АЙТПАҚШЫ,
БОЛАШАҚТЫҢ АҚЫНЫ

34 Қайырбек АСАНОВ:
ТҰЛА БОЙЫ ТҰНҒАН МЕЙІРІМ
ЕДІ

35 Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ:
«ХАЛЫҚҚА ҰСТАЗ БОЛАТЫН
АҚЫН ЕКЕН...»
деп еді Баукең

МҰҚАҒАЛИ КҮНДЕЛІГІ

36 «ЖЫРСЫЗ ӨТКЕН КҮНДЕР –
МЕН ҮШІН ӨЛІ КҮНДЕР...»

МҰҚАҒАЛИТАНУ

38 Айтақын ӘБДІҚАЛ:
МҰҚАҒАЛИДЫ СЫНАУШЫЛАР
БОЛДЫ, БІРАҚ ХАЛЫҚ ОЛАРМЕН
КЕЛІСКЕН ЖОҚ

42 Батық МӘЖИТҰЛЫ:
МҰҚАҒАЛИ МҰҢЫНЫҢ ӨЗІ
БІР ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ
ТАҚЫРЫБЫНА ЖАРАП ТҰР

ӘН-ҒҰМЫР

45 Тұрсынжан ШАПАЙ:
МҰҚАҒАЛИ РУХЫН БОЙЫНА
СІҢІРГЕН САЗГЕРДЕН ҒАНА ТӘУІР
ДҮНИЕ ШЫҒУЫ МҰМКІН



БАЛА МҰХАМЕТҚАЛИДАН – АҚИЫҚ АҚЫН МҰҚАҒАЛИҒА ДЕЙІН



Мұқағали... Бүгінде бұл есім әркімнің көңілінде күллі қазақ даласының образын оятып, оның ұланғайыр кеңдігін, көкмұнар таулары мен жан баспаған жапандағы қара орманының, түпсіз терең тұңғиық көлдерінің көрінісін көз алдына әкеледі. Ол – туған халқының өзіне деген өлшеусіз махаббатымен мерейленген ұлы перзенті, Жаратушы иесі тумысынан бөлекше дарынмен даралаған ақиық ақын. Өмір атты бір нәзік сәулеге деген шексіз іңкәрлікке, жарық пен жақсылық атаулыға деген ұлы сағынышқа толы Мұқағали жырларына үңілген әркімнің жансарайы кеңіп сала берері анық.

Бірақ біз ол туралы не білеміз? Бұл орайда ақын өзін шын түсінгісі, өмірбаянын, шығармашылығын зерделегісі келетін адамдардан бүкіл жазған-сызғанын оқып шығуды өтінеді. «Мені өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды сұраймын» дейді. Өйткені ол үшін поэзия – жанының шырылы. Ақын еркіне бағына отырып, біз де оның өз поэзиясынан жан-жақты көрініс тапқан, күрмеуге келместей келте, сөйте тұра драматизмге толы өмір жолына үңілгенді жөн көрдік.

МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ӨМІРІНІҢ ТАРИХИ ТІЗБЕСІ

(хронологиялық тәртіп бойынша)

- 1931** – 13 наурызда (күәлікте 9 ақпан деп қате жазылған) Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қарасаз ауылында дүниеге келген.
- 1941** – әкесі Сүлеймен Калининград майданында қаза табады.
- 1948-1949** – ҚазМУ-дың филология факультетінде оқиды.
- 1948** – оқуын тастап, Шибұт деп аталатын көрші ауылға ауылдық кеңестің хатшысы болып барады.
- 1949** – көктемде жары Лашынмен отау құрады.
- 1949** – аудандық «Советтік шекара» газетіне «Қырман басында», «Қойшы бала – Өкітай» деген өлеңдері жарияланады.
- 1950** – Алматыға келіп Шет тілдер институтына, неміс тілі факультетіне оқуға түсіп, оны да тұрмыстық жағдайына байланысты тастауға мәжбүр болады.
- 1954** – Қарасаздағы бастауыш мектепке орыс тілі пәнінен сабақ береді. «Әдебиет және искусство» журналында үш өлеңі жарық көреді.
- 1957** – Республикалық радиоға диктор болып жұмысқа тұрады.
- 1960-1962** – «Советтік шекара» газетінде бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарады.
- 1962** – Алматыға көшіп келеді.
- 1962-1963** – «Социалистік Қазақстан» газетінде қызмет атқарады.

(Жалғасы 7-бетте)

Алмас Сырғабаев.
«Мұқағали және Муза»



«ҚАЙРАН ҚАРАСАЗЫМ-АЙ, ҮЙРЕК ҰШЫП, ҚАЗ ҚОНҒАН...»

Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысының қазіргі Райымбек ауданындағы Қарасаз ауылында дүниеге келген. Азан шақырып қойылған аты — Мұхамедқали. Бірақ «пайғамбар атын алып жүру жас балаға ауырлық етеді» деп есептеген ата-анасы оны кішкентай күнінен «Мұқағали» деп еркелете атап кеткен. Тұңғыштары Мұқағалидың ізін ала туылған бір қызы мен бір ұлы ерте шетінеген Сүлеймен әкей мен Нағиман шешей олардан кейін Токтарбай, Көрпеш атты екі ұл сүйеді.

Мұқағалидың әкесі колхозда сушы, шалғышы болып істеген қарапайым шаруа адамы болыпты. Нағиман апаның айтуынша, үйдін тұңғышы болғасын ба, Мұқағали Тиын әжесіне табиғи болып, анасын жанге есебінде санаған.

... Әже, сен бірге жүрсің меніменен,
Өліге мен өзінді телімегем.

Ақ кимешек көрінсе, сені көрем,
Ақ кимешек жоғалса... неі көрем?

— деп өзі жырлағандай, Мұқағали ер мінезді, айбынды әжесін ерекше құрметтеген. Батыр шалыс Тиын әже бірде көкпар тартып жүріп ат-

тан жығылып мертіккен жұбайы Мақатайдың аяғын «Бұл енді саған аяқ болмайды» деп, дәрігердің келуін күтпестен, жіліншігінің сынған жерінен балтамен шауып тастаса керек. Соны білетін көнекөз ауыл тұрғындары қайсарлығына байланысты Мұқағалиды сол «Тиын әжесіне тартқан» дейді екен. Табиғаты шырайлы да шұрайлы Қарасаз топырағындағы қаймағы бұзылмаған қазакы ортада өсіп-өнген Мұқағалидың балалығы әуелде мұнсыз басталады. Өзінің бір өлеңінде акын ол кездерді:

... Жиі енеді түсіме бұрынғы ауыл,
Ойнақ салып, құлын-тай қырында жүр.
Сүттен бұлақ ағызып, сиырлы ауыл,
Іркіт иісі келеді мұрынға бір, — деп сағына еске алады. Алайда сол мұнсыз балалыққа сызат түсірген соғыс Мұқағалиды демде есейтеді.

Бір топ жерлестерімен әкесі майданға аттанғанда ол небары он жаста-тұғын. Бірақ соған қарамастан, өмірдің бүкіл ауыртпалығы бала мойнына түседі. Алаңсыз күлкісін соғыс ұрлаған өзге де құрбы-құрдастары тәрізді Мұқағали да тағдырдың ащы дәмін тым ерте татады. Бұл ретте, «Неңді сенін ансаймын, бала

шағым?» атты өлеңінде акынның өзі:

... Сағынам ба түстерің, кештеріңді?!
Жалаң аяқ таңғы шық кешкенімді.
Өшкенімді білдірмей, өскенімді,
Жүре бердім жамылып бөстегімді... — деп сыр шертсе, енді бірде:

... Аңыздардан тере жүріп масақты,
Рас, рас, көзімізден жас ақты.
Бірақ сол бір дауыл жылдар, от жылдар,
Бәрімізден бір-бір батыр жасапты.

... Сол жылдарға қарғыс айту жат маған,
Сондағы мен ерлігіме мақтанам.

Балғын ұрпақ, сенің болашағыңды,
Біле-білсең, мына біздер сақтаған! — деп ағынан жарылады. Енді бір мезетте:

... Сенбеймін әкең өлді дегенге мен,
Себебі ол үйімізден тірі аттанған,
— дейді әке қазасына иланғысы келмеген акын жүрегі. Сондай-ақ өзінің әке жұртында қалған ошақтағы оттын бір ұшқыны екенін де есінен шығармайды. Демек оның ерте сөнуге қақысы жоқ. Өз сөзіне жүгінсек,

Бір арыстан өмірден өткеніммен,
Өмір сүріп келеді тірі арыстан!..

Мұқағали поэзиясынан шынайы көрініс беретін өмір үшін күрес тап осы ұғымнан бастау алған болуы ықтимал. Қалай болғанда да,

Тағат таппастан тартамын алға көшімді,

Жанып бітпестен жазбаған маған ошуді! — дейді Мұқағали...



«НЕ ДЕГЕН ЖЕЛ АЙДАҒАН КӨБЕЛЕКПІН?..»



«Мен – таулықпын!
Таудан мен жаратылғам»

... Анасының естелігіне жүгінсек, Мұқағали он төрт-он бес жасынан өлеңге шындап ден қоя бастайды. Төбесі аласа ғана қоржын тамға қалын-қалың кітаптарды үйіп тастап, шаршамай, шалдықпай оқумен болады. Бұл орайда ол қазақ әдебиеті классиктерінен бөлек, орыс әдебиетін, оның ішінде Пушкин, Есенин, Блок поэзиясын сүйсіне оқиды. Шетел әдебиетінен Гейне, Гете, Дюма, Гюго, Байрон, Драйзер, Стендаль еңбектерін, әсіресе Бальзак, Лондон, Шекспир шығармаларын жоғары бағалайды. Ақынның кереметтей білімділігіне тәнті болған жазушы М.Қабанбайдың «Ұлттың коды жазылған ақын» атты мақаласында өзі куә болған бір жайтты баяндағаны бар. Айтуынша, Мұқанмен аз-кем сұхбаттас болған профессор «Мұндай телегей-теңіз білімді қазаққа алғаш кездесуім» деп ерекше танырқаған көрінеді. Яғни Мұқағали – тек сол кездері ғана емес, күні бүгінге дейін қылаң беріп қалатын «Тума талантқа көп оқудың қажеті жоқ» деген ұшқары ойды жокқа шығарған кемел тұлға. Өзі айтпақшы, ол өмір бойы «Нағыз ақын алдымен ойшыл, философ болуы керек. Поэзияда философ болу – өзін қоршаған әлемді ұғыну, әр заттың мәнін білу, ақырына дейін «адам жанының инженері» болып қалу» деген қағиданы ұстанған.

Әдебиетке құштарлығының қайнар көзі Қарасаздан бастау алған Мұқағали орта мектепті Нарынқолдағы мектеп-интернатта бітіреді. Одан кейінгі жылдарда жоғары оқу орындарының бірнешеуіне еш қиындықсыз-ақ түсіп, әуелі ҚазМУ-дың филология

факультетіне, одан кейін шет тілдер институтына, сосын қайтадан ҚазМУ-дың заң факультетіне қабылданады. 1973 жылы Мәскеудің М.Горький атындағы Әдебиет институтының студенті атанады. Бірақ анасы айтқандай, «Оны да тауысқан жоқ... Олардың білетінін өзім де біледі екем. Алматымды сағындым. Балаларымның қасында болайын деп, кеттім де қалдым...» – деп бір жылдан соң елге қайта оралады. Мұқағалидың кез келгеннің қолы жете бермейтін айтулы оқу орындарының өзіне оп-онай түсуі – әрине, ақынның оқу-білімге деген құштарлығы мен қабілет-қарымы аса зор болғандығының айғағы.

*Саған таныс адыр, қырқа, беттегі,
Жыңғыл, жусан, тобылғылар көктеді.*

*Рахатта іші-сырты ауылдың,
Қуантсаңшы сен де, саулем, кеп мені,* – деп сағынышты жыр арнаған сүйіктісіне ақын 1949 жылы қосылып, жеке шанырақ көтереді. Ол кезде Мұқағали 18, ал сүйген жары Лашын 21 жаста болады. Бастапқыда ақын туған жерінде ауылдық кеңес хатшысы, Қарасаздағы бастауыш мектепте орыс тілінің мұғалімі, аудандық газеттің тілшісі болып қызмет етеді.



«Сенсің – күн: тек мен үшін нұрын шашқан,
Сенсің – сусын: көкірек шөлін басқан,
Сенсің – бақыт: менімен душарласқан,
Сенсің – жар: жүрегінің сырын ашқан»
«Жар есіне» 23.09.1949.

(Соңы. Басы 5-бетте)

1963-1965 – «Мәдениет және Тұрмыс» журналында жұмыс істейді.

1964 – «Ильич» атты алғашқы кітабы жарыққа шығады.

1965-1966 – Данте Алигьеридің «Құдіретті комедиясының» «Тамұқ» бөлімін аударды. Ол 1971 жылы жарық көреді.

1965-1972 – «Жұлдыз» журналында қызмет атқарады.

1966 – «Армысыңдар, достарым!» атты өлеңдер жинағы жарыққа шығады.

1967 – «Қарлығашым келдің бе?» атты кітабы жарық көреді.

1969 – У.Уитменнің «Шөп жапырақтары» мен «Мавр» кітабы жарыққа шығады.

1969 – 14 маусымда «Қазақ әдебиетінде» жарияланған өлеңдері «қуңгірт», «көмескі», «жұмбақ», «пессимизмнен тұрады» деген сыналады.

1970 – Жазушылар одағына мүшелікке қабылданады.

1971 – «Райымбек! Райымбек!» поэмасын аяқтайды.

1972 – «Дариға жүрек» жинағы жарық көреді.

1973-1974 – Жазушылар одағының жолдамасымен Мәскеудегі Әдебиет және өнер институтында оқиды.

1974-1975 – «Аққулар ұйықтағанда», «Шуағым менің» кітаптары жарыққа шығады.

1976 – «Өмірдастан» таңдамалылар жинағының сүйінші данасы өлерінен алты күн бұрын қолына тиді.

1976 – 27 наурызда бауыр циррозы ауруынан дүние салды.

Дайындаған
Сабина ЗӘКІРЖАНҚЫЗЫ
zakirzhankyzy.sabina@mail.ru



«Гірі жетсең, болашақ өзі айтады,
Қайсының қанша пұттық сәлмең бар»
Ақын «Жұлдыз» журналының ұжымымен, ортада
Сырбай Мәуленов

«ПОЭЗИЯ, МЕНІМЕН ЕГІЗ БЕ ЕДІҢ?..»

1950 жылдардың ішінде өлеңдері республикалық баспасөз беттерінде аракілік болса да жарияланып, есімі ел құлағын елендете бастаған Мұқағали «Өлеңім өлтірмейді» деген сеніммен 1962 жылы Алматыға қоныс аударады. Содан бастап ақынның кәсіби іс-әрекеті әдеби шығармашылықпен тығыз байланыста өрбиді. Қазақ радиосында диктор, «Социалистік Қазақстан» газетінде тілші, «Мәдениет және тұрмыс», «Жұлдыз» журналдарында әдеби қызметкер, Жазушылар одағында поэзия бөлімінің кеңесшісі қызметтерін атқарады, 1970 жылы Жазушылар одағына мүшелікке қабылданады. Үлкен қалада үйсіздік пен күйсіздіктің қиыншылығын тартуына, қызметінің жиі ауысуына қарамастан, Мұқағали «алауыртқан тандардан, қарауытқан таулардан, бұлақтардан, бақтардан, аландардан, шырақтардан, оттардан, жалаулардан, тіпті жоғалған замандардан да...» өзі тағат таппай іздеген поэзияға деген шексіз махаббатына деген адалдығына тұрақтылығын сақтап қалды. Алғашқы жыр жинағы жарыққа шыққанда 33 жаста болған Мұқағалидың небәрі он екі жылдық өмірі қалған-ды. Соны сезіп-біткендей ақын жүрегі алабөтен асығады.

Қай күні менің тәмамдалады

дастаным?

Бітпесе екен, жаңадан ғана бастадым...

— деп жанұшыра үн қатады. Қаламы жазудан құрғамаған ақынның 1964-1976 жылдар аралығында сегіз жыр жинағы жарық көреді. Жалпы, Мұқағали Мақатаев 1000-нан астам өлең жазып, «Ильич», «Мавр», «Аққулар ұйықтағанда», «Рай-

ымбек! Райымбек!», «Моцарт. Жан азасы» тәрізді тағы да бірқатар поэма-толғаулар, көркем аудармалар қалдырады. Ақын қай тақырыпта жазса да жан-жүрегімен тебіреніп, ақындық шабытпен, суреткерлік шеберлікпен жеріне жеткізе жазады. Бұл орайда:

Мен жырламаймын. Сырласамын.

Сыры бір замандаспен мұңдасамын.

Көгендеп жыр қосағын,

Келмейді жыр жасағым, — деген ақын сөзі — оның шын сыры. Ол өлеңді жасамаған, періште жыр ақынға көктен үздіксіз құйылумен болған. Өзінің айтқанындай, кей кездері ол тіпті жазуға да үлгері алмаған.

Ең бір кереметі, Мұқағали поэзия жанрына ғана емес, проза, драма, сын саласына да қалам тартып, «Құлпытас», «Марусяның тауы», «Өзгермепті», «Әже» әңгімелері мен «Қос қарлығаш», «Жыл құстары» повестерін, «Қош, махаббат» пьесасын жазды. Бір өкініштісі, ақынның прозалық шығармалары күні бүгінге дейін әдебиетші қауымның зерттеу, зерделеу аясынан тыс қалып келеді. Қалай дегенмен де, Мұқағалидың суреткерлік таланты сан алуан қырынан жарқырай көрініп, қайталанбас өзіндік үні жекелеген өлеңдері мен алғашқы жыр жинақтарынан бастап-ақ айқын аңғарылғаны даусыз.



Жары Лашынмен және...

«МЕН БӘРІБІР ӨЗІҢМЕНЕН БІР БОЛАМ...»

Замандастары, жалпы, Мұқағалидың көзін көрген үлкенді-кішілі қауым бірауыздан ақынның ерекше аккөңіл, акжүрек, мейірімді жан болғандығын айтады. Сонымен бірге өтірікке жаны қас, көлгірсуді сүймейтін, шындықты бетке айтатын кесек тұлғасын, ірі мінезін елжірей еске алады. Ал оның жеке тағдыры қалай қалыптасты? Алматыға табан тірегеніне көп ұзамай жатып-ақ ақын атақ-абыройдың да, түрлі сын-сынақтардың да дәмін сезіне бастайды. Үлкен қызы Майгүл он бір жасында мотоцикл қағып жазым болады. Бұл жайтты өз естелігінде қамыға еске алған Нағимаң әже: «...Міне, осыдан бастап балам сендей бұзылды. Қатты күйзелді. Иығы түсіп, сылынып сала берді. Мінезінде де өзгеріс пайда болғандай болды. Сөйтсем, не кітабын шығара алмай, не қамқор алақанның шуағына бөлене алмай қиналып жүрген кезі екен ғой. «Жығылғанға жұдырық» дегендей, оған қызының өлімі қосылып, жүнжіп-ақ кетті. ...Пәтер жалдап



бірталай жыл әуре-сарсаңға түстік. Мұқағалидың тіршілігінде мансап пен байлықтың қызығын көрмегеніне туған анасы — мен, жан жары Лашын куә», — дейді.

Тұрмыстағы жайсыздық пен жағдайсыздық, жұмыссыздық, әдеби ортаның жорға шеттетугі ақын көңіліне кірбін, денсаулығына сызат түсірмей қоймайды. Таланты өзінен әлдеқайда төмен базбіреулердің том-том кітаптары есепсіз данамен басылып жатқанда Мұқағали жинақтарының пышақтың қырындай ғана көлемде әрі бол-машы таралыммен шығуы үлкен әділетсіздік болатын. Мұның бәрі ақынды жүйкелетті де, торықтырды да. Ол содан да «Мен бұл жарық дүниеге

келгелі, міне, қырық төртінші жылға аяқ басып барады екен. Бар өмірімнің қор, жиіркенішті болып көрінетіні соншалық, кейде бәрін өз ырыммен-ақ қиып кете салғым келеді...» — дейді бір мезетте амалсыз. Мұхадның жан сырын бүкпесіз жайып салған күнделігін парақтай отырып, оның нәзік жүректі ұлы ақын ғана емес, тағдырынан теперіш көрген, жаны жалғыздікті қарапайым пенде екенін сезінесін. «Қаласа да, қаламаса да жұрт мені ақын ретінде түсінеді, ал адам ретінде кім түсіне қояр дейсің?» — деп күрсінеді ол. Ауруханадағы соңғы сәттерінде ағасының жанында бола алмағанын мензеген Фариза да кезінде: «Егер мен сол жолы Мұқағали ақынның аласұрып, дүниеден жатқанын ұққан болсам, Баку сапарын ысырып тастап жанына барып, маңдайына тигізген алақаным арқылы жанымның бар жылуын тұла бойына таратпас па едім...» — деп өкініш білдірген екен.

Күнделіктерінде, кейбір өлең-жырларында мұңға бой алдырған сынай танытқанымен, бәрібір Мұқағалидың атар таңға, жарық күнге деген ынтызарлығы, сенімі басым. Сол себепті де ол:

... Айтамын деп қуанышың, мұңыңды,
Басқа арнаға бұрдым ба әлде жырымды?!

Мен бәрібір өзіңменен бір болам,
Өзегіне тепсең-дағы ұлыңды... — деп еліне наз айтады. Сонымен бірге:

... Не істемекпін алтын, гауһар,
жақұтты,

Оларды іздеп өткізбеспін уақытты,
Мен бақытсыз бола қойман сірә да,
Туған елім болса екен бақытты.
Дәнеңе де сыйлағасын келер күн.
Сый көрмей-ақ суалармын, сөнермін.
Туған елім тұғырында тұрса екен,
Әрі қарай...

Әрі қарай көрермін... — деп келешекке үмітпен көз тігеді.

Бір даусыз шындық, Мұқағали — есімі қазақ поэзиясының символына айналған ұлы ақын. Қазақтың қаншама кейінгі толқын қаламгерлері Мұқағали жырымен рухтанды! Мұқағали қаншама ақынға шын жылаудың, шын жырлаудың қалай болатынын көрсетті! Мұқағали поэзиясы құлды бір көктен күйылған, ешқандай кірсіз, мінсіз әппак нұр іспетті. Одан жалғандық таппайсыз. Оның сөзі — сіздің өз сөзіңіз. Оның жаны — сіздің өз жаныңыз. Өзгенің жүрек пернесін дәл осыншама тура басу үшін де адамға, сірә, пайғамбарлық парасат керек шығар...

Роза РАҚЫМҚЫЗЫ,
oraza@mail.ru

МҰҚАҒАЛИ ПОЭЗИЯСЫ



МЕНИҢ АНКЕТАМ

- Туған әжерің?
- Ұланымын, Қарасаз деп аталатын ауылды.
- Туған жылың?
- 1931. Құрдасымын Шәмідің.
- Жынысың кім?
- Еркекпін ғой, еркекпін!
Және-дағы тәуірмін...
- Партияда барсың ба?
- Жоқпын.
- Шыққан тегің?
- Шаруамын.
- Бар тірліктен бағалы оны санаймын.
- Білімің ше?
- Орташа ғой.
- Алайда өзім жоғарыға балаймын.

- Ана тілің?
- Қазақша.
- Қысылғанда орысша да, немісше де, тағы ба?
- Қайда істедің?
- Мынау «Еңбек кітапшамнан» танып ал.
- Оқымаған, дипломсыз демесең,
- Бір басымнан бар мамандық табылар.
- Міндеттісің бе әскерге?
- Міндеттімін.
- Біздің әлі жас кеуде.
- Жауынгердің ұлымын ғой,
- Жанын қиған Мәскеуге.

- Сөгіс алып көрдің бе?
- Ол жағымнан періште едім дей алмаймын.
- Мен мүлде.
- Ойлы-қырлы бұл өмірде болады ғой мүлт кет.
- Ол өзі бір ениісі ғой ездің әрі ердің де...
- Шетелдерде болдың ба?
- Болғамын жоқ.
- Олар маған тұрған да жоқ қол бұлған.
- Қалсам болды, өлсем болды жәйіммен,
- Осы отырған орнымда-ақ.
- Мекен-жәйің?
- Мекен-жәйім — жер менің.
- Жерде жүрген ақын деген пендемін.
- Қалам, қағаз, уақыт бер тек аздаған,
- Мен өмірді жыртпау үшін келгемін!

Мұқағали Мұхатаев



«Шешем менің — иілген сұрау белгі,
Сәл ғана шаттық көрді, жылау көрді.
Қалай ғана қалпына келтірерсің,
Дауылдар майыстырған мынау белді...»

Нағиман БАТАНҚЫЗЫ, ақынның анасы:

ОЙЛАҒАНДА ӨЗЕГІМ ӨРТЕНЕДІ

Жасым тоқсанға таянғанда Мұқағалиым туралы естелік айтуды Құдайдан сұраппын ба мен?! ...Тағдырдың ісіне шараң бар ма? Баламның жарық дүниемен қош айтысқанына да он алты жыл болып барады. Мен әлі тірімін.

Қырық бес жасында қыршын кеткен оның күллі казактын баласы боларын, ардақты ақыны атанарын, құдай ақы, туған шешесі мен де, өмірлік жары да, туған бауырлары да білгеміз жоқ. Көпшілік ел де кезінде білмеген шығар... Енді қарап отырсам, тындап отырсам, Мұқағалиымды аспанға көтеріп, өзі өлген соң еліне танытқан Құдайдан берген таланты, өлеңінің қуаты шығар. Бұған да тәубе. Өз тіршілігінде көрмеген құрмет пен қошеметті артында қалған біз — отбасы, жары мен балалары, бауырлары болып көріп жатырмыз. Қайсыбірін айттайын. Алатаудай айбарлымды ойласам, өзегім от болып жанады...

Мұқағалидың әкесі Сүлеймен шаруа адамы еді. Колхозда сушы, шалғышы болып жүреді екен. Мен онын ауылымен іргелес жатқан Сарыбастаудың қызымын. Тағдыр айлап, дәм жазды ма, екеуміз үйленіп, жас отау болдық. Тиын деген енем бар еді. Мейірілі, кісілігі мол жан болатын. Жоқшылық замандағы көп қиындығымызды тең бөлісіп, жел жағымызға пана болып, мәпелеп өсірді.

Мұқағали тұңғышым болғасын ба, енеме табиғи болып, мені жеңге есебіне санайтын. Одан кейін Қалимахан деген қыз туып едім, үш жасында өліп тынды. Әлгіден кейін туған балам Калибекті екі жасында жер қойнына тапсырдық. Өлген екеуінен кейін Токтарбай, Көрпеш деген екі балам бар. Мен қазір сол Токтарбайдың қолындамын. Соғыс деген пәле басталғанда Сүлеймен осы Карасазда бір топ жігіттермен бірге майданға аттанды. Мұқағали онда он жаста. Ес кіріп қалған бала.

...Бастауыш кластарды Карасаз өңіріндегі шағын ауылдарда оқып, орта мектепті аудан орталығы Нарынқолдағы интернатта бітіріп шықты. Аукаттылардың балалары Алматы асып, үлкен оқу іздеп жатқанда ол ауылдық кеңесте хатшы болып қызметке тұрды. Он төрт-он бес жасынан жаза бастаған өлеңінен қол үзген жоқ. Төбесі ап-аласа үйге қалың-қалың кітаптарды үйіп тастап, бірінен кейін бірін оқитын да жататын. Ауылдың атқамінерлері сол кезде-ақ таңданатын. «Нағиман шеше, сіздің тентегіңіз осынша орысшаны қайдан үйреніп жүр?» дейтін... Сөйтсем, өзін-өзі оқытыпты ғой, шырағым.

Кейін ауылдағы мектепте де қызмет істеді. Содан ауылдық газетке барды. Өлеңдері жиі жариялана бастады.

Содан не керек, 1962 жылдың жаз айында аяқасты бұзылды. Мені жеңге орнына санап, «Нака» дейтін. Бір күні аса көңілді қалпында:

— Ал, Нака, бұйырса, алматылық боласын, көшеміз, — деді әй-шәй жоқ. Шынымды айтсам, мен бұған нанбадым. Өйткені астанаға бала-шағамен көше қоятындай жинаған қорының жоғын білемін. Екі інісі де, балалары да жас. Мен болсам, отырған бір масылмын.

— Сонда қайда барамыз? Үйді қайтесің, балам-ау, — деймін.
— Қорықпа, Нака! Өлеңім өлтірмейді. Асырайды бәрімізді, — дейді маңдайы жарқырап.

Сөйтіп, ауылдан астанаға көштік. Дайын тұрған үй қайда? «Тастактан» Шынықұл деген казак шалдың кішкентай екі ауыз үйін жалға алды. Рас, ол кезде пәтерақы арзан. Ақша да тапшы. Балам радиоға, газет-журналдарға қызмет істеді. Анда-санда мөз болып жана шыққан өлеңдерін көрсетеді. Арақидік болса да қаламақысын алып, мәре-сәре болады. Кен жайлауда өскен адамға ығы-жығы қалада күн кешу қайдан оңай болсын. Қысылып-ақ жүрдік. Мен де, келінім Лашын да, Мұқағалидың өзі де сыр бермедік. Сөйтіп жүргенде біздің шаңырақ аяқастынан шайқалды. Мұқағалидың Майгүл деген қызы жол апатынан жазым болды. Міне, осыдан бастап балам сендей бұзылды. Қатты күйзелді. Иығы түсіп, сылынып сала берді. Мінезінде де өзгеріс пайда болғандай болды. Сөйтсем, не кітабын шығара алмай, не камкор алақанның шуағына бөлене алмай қиналып жүрген кезі екен ғой. «Жығылғанға жұдырық» дегендей, оған қызының өлімі қосылып, жүнжіп-ақ кетті. Сөйтіп жүріп толассыз жаза берді. Не жазғанын қайдам...

Пәтер жалдап бірталай жыл әуре-сарсаңға түстік. Бірді-екілі жұқа кітаптары шықты. Қазір қай жыл екенін де ұмытып отырмын, Интернациональная деген көшеден екі-үш ауыз тас үй тигендегі қуанғаны әлі есімде.

Мұқағалидың тіршілігінде мансап пен байлықтың қызығын көрмегеніне туған анасы — мен, жан жары Лашын куә. Бірақ дәулетімді молайтайын, қызметімді жоғарылатайын деп басын қатырған емес. Кейде апталап үстелінен тұрмай өлеңмен арпалысқанда үйінде не бар, не жоққа назар да салмайтын.



Қазақ радиосының ұжымымен.
Оң жақта 1-ші тұрған Әнуарбек Байжанбаев

Сондайда Лашынға жаным да ашитын. Кейбіреулер «Ой, ол ондай еді, мұндай еді» дейтін де шығар. Баламның оны шаршатқан кезі болған жоқ деп қалай айтайын. Еркелеп кететін кезін де көрдік. Түнерген аспандай мұңлы сәті де болатын. Қуанса, өлең үшін, шыққан жаңа кітабы үшін қуанатын. Туған жері – Қарасазын мақтана айтатын. Ауылға жиі қатысуды армандайтын. Барып, еркелеп, мауқын басып та тұрды. Жасы қырықтан асқан соң-ақ не ауру екенін қайдам, әйтеуір бір дерт жабысты. Анда-санда тарығып отырып киналғанын, ұйықтай алмай шыққанын

кетті. Шынымды айтсам, пәлендей мансабы болмаған, көп құрмет те көрмеген баламның жаназасы қалың көпшіліктің қабырғасын қайыстырар деп ойламаппын. Қамқоршы ақын ағасы Әбділда Мұқағалимның өлімі тұсында да істің басы-қасында болды. Бәрін өзі басқарды. Айтпақшы, Қарасаздан інісін жоқтап келген бауырлары, Қали дейтін ағасы бар, бәрі ақылдаса келіп, Мұқағалидың сүйегін өзінің туған жеріне – Қарасазына алып кетеміз дегенге шықты. Оған Әбділда ақын басу айтып, елмен мәмілеге келді.

– Жігіттер, – деді ол. – Мына арыстай



Інісі Токтарбай ақсақал

айтатын. Ара-арасында ауруханаға жатып емделіп те жүрді. Қайтадан ауырды. Өлерінен біраз жыл бұрын Мәскеуге барып, әдебиетшілердің үлкен оқуын оқыды емес пе? Оны да тауысқан жоқ.

– Олардың білетінін өзім де біледі екем. Алматымды сағындым. Балаларымның қасында болайын деп кеттім де қалдым. Нақа, – деп менің арқамнан қағып қоятын жарығым! Е, жалған дүние-ай.

Бір байқағаным, ауру жанына батқанда қатты күйзеліп-ақ жүрді. Әншейінде тау тұлғалы шырағымның еті қашып, ірі сүйектері саудырап сала берді ғой. Несін айтайын... Әйтеуір, қаламын қолынан тастаған жоқ. Онаша үйде күбірлеп, сөйлеп, толғатқан анадай күй кешкен кездерін де көрдім. Сөйтсем, мына жалғанның арғы ауылға аттанатынын сезіп, соңына сөзін қалдыру қамымен жанталасқан екен ғой жазған бала?!
«Айналдырған ауру алмай қоймайды» дегендей, арыстай азаматымыздан айырылып та тындық. Бұл – 1976 жылдың 27 наурызы болатын. Құдайдың күдіреті шығар, иә болмаса баламның талантының арқасы ма, өлген күннен бастап қалың ел қара нөпір болды да



болып жатқан ақын бір ғана Қарасаздың баласы, сол ауылдың ақыны емес. Бұл дегенін – қазақтың маңдайына біткен санаулы жыр жұлдыздарының бірі және бірегейі. Мұқағалиды Кенсайдағы киелі ағаларының қасына қоямыз. Бұған келісім беріндер. Бала сіздердікі болғанымен, ақын – қазақ халқынікі!

Сонымен талай жайсаңдар мен жақсылардың мәңгілік бесігі болған Кенсайдың құшағында жатыр менің құлыным...

(«Мұқағали», Алматы, «Жалын», 1995 ж.)

МЕН – ҮЙСІНМІН

*Мен – Үйсінмін, қауға берсең қауға бер,
Қан ағызып үйренгем жоқ жаулап ел.
Дауы да жоқ, жауы да жоқ тып-тыныш
Бауырарым біздің асқар тауға кел.*

*Мен – Үйсінмін, мал бақ десең, мал бағам,
Еш жамандық көргемін жоқ қаузадан.
Мен – Үйсінмін,
Ұлы жүзбін, ұлымын,
Ұлымын деп, ұлыққа да бармағам.*

*Ортадан да, Кішіден де кішімін,
Ұлымын деп көрсетпеген қысымын.
Ел басына екі талай күн тұса,
Екі інімнің найзасының ұшымын.*

*Мен – Үйсінмін,
Ұлы десең ұлымын.
Кісіліктің, кішіліктің құлымын
Бөлінбеген ениім даяр, екі інім,
Желпідетіп, жетіп келсе тұлымын.*

ШЕШЕ, СЕН БАҚЫТТЫСЫҢ

*Шеше,
Сен бақыттысың!
Жыламағын.
Жай түсіп жатқанда да құламадың.
Тәңіріңнен мен едім зой сұрағаның,
Сондықтан жыламағын, жыламағын!*

*Бармын зой,
Тірімін зой,
Қасыңдамын.
Өлмеймін, мен өзіңдей асылданмын!
Таусылып, өз-өзіңнен шашылмағын,
Байырғы берекеңді қашырмағын!*

*Мен сенің қанықпын зой көз жасыңа,
Өзім кепіл тот басып тозбасыма.
Екі жыр жазсам саған бірін арнап,
«Шеше» деп жаздым ылғи сөз басына.*

*(Тәңірім кеше гөрсін кесірімді)
Аспанға жазам сенің есіміңді!!!
Шеше!
Сен бақыттысың, тербете бер,
Құба талдан иілген бесігімді...*

ӨМІР ЖАЙЛЫ

*Өмір жайлы сұрай берме сен менен,
Өмірді мен әлі зерттеп көрмеп ем.
Өмір жайлы білгің келсе, қартқа бар,
Қан майданнан жалғыз ұлы келмеген.
Жесір келін, бір наресте көрмеген,
Жетім шалды бала орнына тербеген.*

*Өмір жайлы не түсінем мен деген...
Өмір жайлы сұрай берме сен менен.
Өмір жайлы білгің келсе қартқа бар,
Өміріне кегі кеткен, өлмеген,
Жалған айып таңылғанда көлденең,
Ақиқаттың атпақ туын бермеген.*

*Содан сұра, содан сұра өмірді,
Нені көрді, нені сезді, не білді?!
Неге ақылды ақымақтан жеңілді,
Біреу жылап, біреу неге көңілді?!*



Лашын ӘЗІМЖАНОВА, ақынның жары:

МҰҚАҒАЛИ – СЫРЛАСЫМ, МҰҚАҒАЛИ – МҰҢДАСЫМ

БІЗДІ ТАБЫСТЫРҒАН – ХАЛЫҚ ӘНДЕРІ

...1948 жылы Ұлы Октябрь революциясының 31 жылдығына орай, колхоздың талантты жастары мен ұстаздар коллективінің қатысуымен концерт ұйымдастырылды. Біздің алғашқы таныстығымыз осы ұлы мерекеден басталды. Мұқағали музыканы жақсы түсінетін және де тамаша қоңыр даусымен халық әндерін төгілтіп тұрып айтқанда еріксіз тыңдап қаласың. Бізді табыстырған да сол халық әндері ғой. Ән айтқанда жүзі гүл жайнап, көзі от шашып тұрғандай әсер береді. Ал 1948 жылы Мұқағали біздің ауылға ауылдық советтің секретары болып келді. Сайлау науқанында агитатор болғандықтан, Мұқағалимен аз уақыттың ішінде-ақ жақсы таныс болып алдық. Ол маған өлеңмен хат жазатын. Өлеңдері лаулап жанып жатқан от секілді, сол оттан жынды көбелек сықылды айналып шыға алмай қалдым. Ақырында 1949 жылы оқушылардың көктемгі демалысында екеуміз қосылдық. Үй болдық. Мұқағали жеке отау болғанына, ешкімге тәуелді емес, өз алдына ошағы болғанына қуанып жүрді. Еркекшора болып өскен маған үй болу онайға түскен жоқ, бірақ екі енем де, екі қайным да мені қатты сыйлады. Үстімнен күс ұшырғысы келмеді...

БІЛІКТІ, ЖАЛЫНДЫ МҰҒАЛІМ БОЛА БІЛДІ

... Мұқағали уақытты босқа өткізбей, орысша-қазақша сөздіктер тауып келіп, сөздіктер арқылы орысша білуге ден

қойды. Көп қиналатын, сонда да оқудан жалықпады. Ара-арасында өлеңдерін жазып қояды. Алғаш өлеңдерін оқысаң, ұяла ма, қызғана ма, жаратпайтын. Сондықтан біз өлеңдерін көрсетпей оқып, жымын білдірмей, орнына қайта қоямыз... Қарасазда үлкен почта бар. Мұқағали осы почта арқылы «Тамаша адамдар өмірі» сериясындағы кітаптарға жазыла бастады. Орыс ақын-жазушыларынан А.С.Пушкинді, М.А.Шолоховты, Ф.В.Гладковты, А.Фалеевті, В.В.Маяковскийді, А.А.Сурковты, М.Горькийді, Л.Н.Толстойды, С.Есенинді, А.Блокты, К.А.Фединді, Л.М.Леоновты, И.Г.Эренбургті, А.Т.Твардовскийді т.б. алдырып оқып жүрді. Шетел әдебиетінен



«Шолпаным, шоқ гүлім менің,
Өзінсіз жоқ күнім менің», –
ақын кенжесі Шолпанды
осылай жырға қосқан

Бальзак, Ги де Мопассан, Джек Лондон, Гегель, Гейне, Гете, Дюма, Гюго, Байрон, Стендаль, Э.Понье т.б. шығармалары келіп жатты. Шекспирді, Бальзакты қатты ұнатты. Мұқағалидың алғырлығы, зеректігі сондай – ұлы ақын-жазушыларды оқығанда бірден түсініп, бізге де қазақшаға аударып айтып беретін. Әсіресе Пушкинді, Есенинді, Блокты өте жақсы көрді.

Кейде Чехов кейіпкерлері болып ойнап, қырық құбылғанда артистік қабілетіне танданамыз. Семеймызбен қарық болып күлкіге кенелеміз. Мұқағали сабақ бергенде де оқушыларды қатты еліктіріп, жоспарын жеңіл түсіндіретін. Оны оқушылар өте жақсы көрді. Мұғалім болғанда да жай мұғалім емес, оқушыларды өзіне тарта білетін, әртүрлі әдістерді пайдалана білетін білікті, жалынды мұғалім еді. Жалпы, Мұқағали қайда жұмыс істесе де, өзіне сөз келтірмей, сенімді ақтай білетін адам еді...

МЕБЕЛЬДІ АУЫСТЫРЫП ҚОЮДЫ ЖАҚСЫ КӨРЕТІН

... Мұқағали орны бар, еңбегі бар ақсақалдарды қатты сыйлап өтті, алдынан кесіп өтпей, сол адам өткенше күтіп тұратын. Мінезі өте тік, кей адамдар осы үшін де оған қарсы тұрды. Анда-санда Мұқағалидың тік мінезіне менің мінезім де сайма-сай келе кететін. Екеуміз аяқастынан «тіресіп» қаламыз. Бірақ ол райынан тез қайтады. Ақкөңіл, ақ еділ емес пе, үй ішіне кек сақтауды жек көрді. Көбінесе мұндай тіресу бірдене жетпегендіктен туатын болу керек. Ол үнемі мебельді ауыстырып қояды жақсы көретін. Көп мебельіміз жоқ. Мен мектепке жұмысқа кетсем, балаларға столдарды сүрткізіп, орындарын ауыстырып қойыпты. Бірде осындай ауыстырудан кейін бір жолдастың әйелі келіп еді:

– Немене, мебель алғансыңдар ма?–

деп жан-жағына карап қалды.

— Жоқ, ә. Бұл Мұқағалидың жалыққанда істейтін бір физкультуралық жаттығуы ғой, — деп шынын айтып едім, Ғайни қатты танданып қалды.

БАЛАЛАРЫН КӨРГЕНДЕ МАЙДАЙ ЕРИТІН

Мұқағали бала ұстауға да, күтуге де шебер болды. Шолпанымыз туған соң мен бір жылдан кейін жұмысқа шығып кеттім. Соны әкесі мен балалар күтіп, мені іздеп еді. Мұқағали балаларын жанынан бетер жақсы көрді. Даладан қандай ашуланып келсе де балаларын көргенде майдай еритін. Төрт перзентінің маңдайынан шертпей өтті. Айбар деген баламыз өте қыныр, шатақ болып өсті, бірақ Мұқағали Айбар десе, ішкен асын жерге қойды, тіпті онын сондай шатақ мінездеріне сүйсініп отыратын. Ең кішкенеміз Шолпан деген қызды «Менің кішкентай поэзиям» деп кетті. Мұқағали өлең жазумен бірге шахматты, анға шығуды, балық аулауды өте жақсы көрді.

Бір жылы балалардың көктемгі демалысында Мұқан желігіп, «Қапшағайға барып балық аулап келем, балаларыма теңіз көрсетем» деп болмады. Балық аулайтын неше түрлі құралдар сатып алды. Азық дайындап бердім. Балаларын ертіп, автобуспен Қапшағайға таңертең кетті. Кешке жақын шаршап-шалдығып бәрі үйге келді. Барса, Қапшағай көкпенбек мұз, қатып жатыр екен. Міне, осындай бір әпендешілік болғаны бар...

ЖАС АҚЫНДАРДЫ ТОП-ТОБЫМЕН ЕРТІП КЕЛЕТІН

Мұқағали өзі қатарлы білімді адамдармен тез тіл табысып, достасып кететін. Бірде Қалжан Нұрмақановты үйге ертіп кеп бізбен таныстырды. Бірде Қажығұмар Қуандықовпен бірге келді. Ол кісіні «қазақтың тұңғыш зерттеушісі» деп таныстырды. Әнуарбек Дүйсенбиевті де әрі құрдасым, әрі туысым деп жақсы көруші еді. Әнуарбектің «Қаһарман қорған» деген жыр кітабы баспадан жаңа шыққан екен. Екеуі кітапты алып, біздің үйге кеп жуып жатыр. Кетерде бізге біреуін тастап кетті. Онда: «Мұқашка! Бір-бірімізді өзімдей түсінетін ұлы туысыма! Алтын құрдасыма! Іздейтін жалғыз бауырыма! Ә.Дүйсенбиев» деп жазылған қолтанбасы тұр... Шәмлі құрдасын да ұнататын. Бәрі де арасына бір жыл, екі жыл салып қайтыс болды, қайран боздақтар!

Орыс жолдастары да болушы еді. Геннадий Круляков деген ақын келіп жүретін. Оған бір жинағын аудартпақ болды, кей жерде аударма Мұқағалидың көңілінен шықпай жататын. Кейін «байтал түгіл, бас қайғы» болды да кетті. Сергей Киселев деген әрі жас, әрі жақсы талантты ақын болды. Оны да әкеліп жүрді. Украин ақыны Е.Летюк, ақын А.Елқовтар да Мұқағалидың дархандығына бас иді.

Мұқағали, әсіресе, өзінен кейінгі сөздің қадірін білетін студенттерді, жаңа жаза бастаған жас ақындарды топ-тобымен ертіп келетін-ді. Мен басқа ештеңе болмаса да, қысы-жазы арпадан, тарыдан көже ашытып қоям. Мұқан



Әбділда ТӘЖІБАЕВ, ақын:

ТӨРТКІЛ ӘЛЕМНІҢ ҚАМЫН ОЙЛАЙ БАСТАҒАНДА ҮЗІЛІП КЕТТІ

Біз Мұқағалиды сәл де ұмытқан жоқпыз. Ұмыта да алмастыз. Қайта арамсызға түскен уақыт оның тұлғасын зорайта, асқақтата түсітті. Жыры жалын ақын қазақ өлеңі өлкесіндегі бір асқарға — дара Алатауға айналғандай. Шынында да, ол — қазақ өлеңдерінде Қасым Аманжолов сияқты дауылдай өртке тиген өлеңімен өмірді шайқаған құдіретті тұлға, қайталанбас кесек құбылыс. Бәрі жадымызда: оның поэзиямызға қалай келгені. Қалай жетіліп өскені, өршігені. Аман қанша, ол барынша толығын ауылын, астанасын гана емес, төрткүл әлем қамын ойлай бастаған шағында, сыр-баз сезіміне әлеуметтік қуатты ойды, терең пәлсафаны өзек етіп, жүрегінің түбіне кір жасырмай, барлық тұлғасымен толайым көрініп, зор ақындық даусымен жырлай бастаған уақтысында, поэзияның биік шырқауларын көрсететін деңгейге көтерілген кезеңінде үзіліп кетті. Аман қанша, ол Алтайға Атырауды қоса құшақтауға құлаш ашқан кезінде. Жалындаған жырларымен әзиз ата, ақ шашты аналардың жүрегін әлдендіріп, замандас құрдас-құрбының мәртебесін биіктетіп, барша гашиқ жүректерді жиі соқтырып, бөбектерді бесігін тербете бастаған шағында бұл өмірмен қоштасты. Бірақ ол өлеңмен, қасиетті өнермен қоштасқан жоқ. Артына саф таза ақындығын, мол да мөп-мөлдір мұрасын қалдырған еді.

(«Мұқағали», Алматы, «Жалын», 1995ж)



Ақынның ауылда орыс тілі пәнінің мұғалімі болып жүрген кезі

Ауырмай, сау отырған бостау кездерінде дұрыс, дәмді тамақ ішуді жек көрмейтін. Көңілі келсе, палау бастатын. Оны Бұхар палауы, Наманган палауы деп ат қойып, жетіспеген жерлерін, дәмділігін, сұлулығын сөзімен толтырады. Үйдегі сынған нәрсені бабына келтіріп жөндеп те жіберетін. Мұқағали анда-санда балаларына да, үлкендерге де көрсетпей насыбай ататын-ды. Ал үлкен шығармалар жазғанда тамақты да, басқаны да ұмытады. Есіне салып, өлсін-әлі шақырып, дастарқан басына сүйрегендей етіп әрең келтіресін.

жанағы жүрегінде алауы бар жастарды үйге кіргізіп, қатарлап отырғызып қойып, «мынау көже — атаңның асы, іші!» деп беріп жатады. Жасыратыны жоқ, көңілдің хошы жоқта бәрін қуып шығам. Оны Мұқан есептемейді, кек тұтпайды, ертесінде нөкерлерін тағы ертіп келеді. Балалар қалай болар екен деп, есік жақта иіріліп тұрады. «Ой, қызталақтар! Жоғары шығындар! Жеңешен оттай береді, оған қарама!» — деп ашыған көжесін беріп жатады, дарханым. О да бір қатты сағындыратын дәурен екен ғой!

Мұқағали Мағатаев

КҮЗДІ ҚАТТЫ ҰНАТТЫ

Мұқағали өлеңді көбіне түнде жазатын. Ертесіне бізге «бүгінгі жоспар орындалды» дейді. Бұл «өлең тыңдауға келіндер» деп шақырған белгісі еді. Өлеңінің бірінші сыншысы да, тыңдаушысы да өзіміз боламыз. Ақын жас бала сықылды ғой. Мұқағалиға «Анау сөзін керемет! Осындай халықтық сөздерді қайдан таба қоясың?» десек, соған да мақтанып қалатын. Сондай айдарынан жел ескен алып Мұқағалиды ренжітіп, жетімсіретіп қою оңай еді...

Айнымайтын, айналмайтын, ашуланбайтын серігі, досы – өлеңі еді. «Өлең жазғанда бір жасап қалам» дейтін. Өлеңін оқығанда даусы кең, шалқып-тасып жатады, әр сөзі түсінікті. Өлеңін көңілді отырғанда ғана оқитын, дауыста ешбір мүкіс жоқ, өзі қандай зор болса, даусы да сондай таза, мөлдір, еріксіз ұйып тыңдап қаласың. Жыр жазған дәптерлерін жетісіне, айында бір қарап, аялап, түгендеп, қайта оқып, кейіннен жетпеген жерін қайта жазып, түзетіп, реттеп қоятын-ды. Мұқағали алғашқы жылдарда өлеңдерін ептеп түзейтін, ал кейінгі жылдары өлеңді алдын ала ойлап-толғап алып, дәптерлерге бірден жазып тастайтын. Жазуы өте сауатты, түсінікті болатын-ды. Өлеңді көбінесе күзде, қыста өндіріп жазып тастайтын. Мұқағали күзді қатты ұнатты...

1974–1975 жылдары жиі-жиі ауырып, емханаға түсіп жүрді. Емханада жатса да, сәл айыға бастаса қолына қаламын алып, өлең жазуға кірісіп кетеді. Сондай кездерде алты, жеті, кейде сегіз өлең жазып тастаған күндері де бар екен.

– Өлеңді аурулар тынышталып, ұйқыға кеткен соң емханаға барып жазамын. Менің кабинетім – аурулар асханасы, – дейді.

– Өзіңді-өзің күштей бермесеңші, демал, алдымен науқасыңнан айық, өлең қайда кешір дейсің, – деймін емханаға барған сайын.

– Мен өлең оқумен, өлең жазумен ауруымды емдеймін. Өлең жазғанда

бар ауруды ұмытқандай боламын.

Құдайың қолыма қалам ұстауға шамамды келтірсе, өлең өз-өзінен нәсерлеп төгіліп жатады, – дейтін. Мүмкін, өлер уақытының тақап келе жатқанын, бәрі есепте екенін білді-ау деп ойлаймын. Өзінің көзі тірісінде жеті жинағы, 1976 жылы март айының ортасында таңдамалысы жарық көрді. Оның өзіне тиісті оның үйге алып келіп, қуанғанын айтпаңыз!

ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫН МҰҚАҒАЛИДАЙ СҮЙГЕН АДАМДЫ КӨРМЕДІМ

Мұқағали Жазушылар одағын өзінің жылы ұясындай, жығылса сүйейтін, қысылса көмектесетін туған ағасындай, кең тыныс алатын ақ ордасындай көрді. Жазушылар одағы есіне түссе, «Олаққа

шамасы жоқ. Сөйтіп жатып бар күшін жинап, соңғы рет сөзге келді: «Лашын, такси әкел, Олаққа барайық... Балаларым жас еді... Бітпеген жұмыстарым бар еді...» – деп сыбырлап әрең-әрең айтып шықты. Міне, қасірет деген көзіме жана көрініп тұр. «Мұқағалиды көретін көзім әзір соқыр боп қалсашы!» деп еңіреп тұрмын. Айтуға тілім жетпейді дәл мына сұмдық суретті. Мұқанның айтқанын емдеуші дәрігерге айтып едім, «Сіздің есіңіз дұрыс па, мынандай жағдаймен ауруды таксимен алып жүрем дегеніңіз надандық қой, одан да жақындарыңыз болса, хабарлай беріңіз», – деп сөзімен, пейілімен емдейтін дәрігерім төбемнен қос жұлдырмен бір-ақ соғып, шала өлтірді. Сүмірейіп, өлігімді сүйреп үйге жеттім. Ертесінде тілі мүлде жоқ боп қалды да, түн ауғанда қайтыс болды.



Мұқағали жас ақындардың ортасында.

«Қандай рахат!
Жүрейік, достар, күнде өстіп.
Ренжу деген,
Ренжу деген – білместік!»

барам» деп, жазып отырған өлеңін тоқтатып қойып, дереу жиналып шығып кететін. Өстіп, «Одағым, одағым» деп өтті Мұқағали. Жазушылар одағын Мұқағалидай сүйген адамды көрмедім. Мұқағали кірпігі әрең қимылдап, емханада жатыр. Әбден арыған. Сөйлеуге де

Мұқағали тілі – бай халық тілі еді. Ол халқын қалай сүйсе, халық та оны солай сүйді...

(«Мұқағали: Күнделік», Алматы, «ҚазАқпарат», 2009 ж.)
Ықшамдап дайындаған
Сабина ЗӘКІРЖАНҚЫЗЫ

МҰҚАҒАЛИДЫҢ «МЫСҚАЛ ӘЖЕСІ»

... Мұқағали «Мені сөзге, жырға үйір еткен, тәрбиелеген, халықты сүюге үйреткен – әжем» дейді. Әжесінің аты – Тиын. Оны келіндері «Мысқал апа» деп кеткен. Мұқағали да әжесін «Мысқал әжем» дейтін...

Әжеміз – еркек мінездес, қатал, айтқанын бәріне де орындататын, айбынды, шешен, іс те, адамды сыйлау да, түсінісу де қолынан келетін кісі. Өте күшті адам, мен келгенде сексен жаста екен. Отынды қарс-қарс айырғанын көріп қатты таңдандым. Сенің айтқаныңды қостап салмайды, өзінше пікірі, дәлелі бар адам. Әжемнің қайсарлығын, білімді адам екенін өзінің мынадай әңгімесінен есіттім: «Сенің атаң Мақатай күн көрерлік қана шаруасы бар, өз бейнетімен өмір сүрген, момын ғана адам болатын. Бір күні жақын туысымыз баласын сүндеттеп, той жасайды екен. Атаң аяқастынан желігіп, сол тойға кетті. Тойда көкпар беріпті. Сол кезде қайнағаларым да, атаң да мені мінезіме балап «көкдауыл» дейтін. Кешке жақын бір топ аттылы адам біздің үйге жақындап келе жатыр... Қарасам, Мақатай атаңды біреу өңгеріп алыпты... Сүйтсем, атаң

басын көтеріп: «Ей, көкдауыл, мына аяқ аяқ болудан қалды, сынып кетті, түсіріп ал», – деді маған. Аяғы көкпар тартып жүріп жіліншігінен сынып кетіпті, тек терісіне ғана ілініп, салақтап тұр... Ауыл адамдарына «Сендер сынықшыға адам жібере беріңдер, ол келгенше мен бұл кісіні өзім емдей тұрамын» дедім де, атаңның жанына келдім. «Сен батырдың тұқымысың. Мен ем істеймін, шыда. Мына аяғың түбінде аяқ болмайды, оны шауып тастау керек. Осыған келісесің бе?» – деп сұрап едім: «... Мен шыдадым», – деді... Содан балтаны қайратып, бір жігітке аяғының астына тақтай салып, ұстатып қойдым да, терісіне ілініп тұрған жерінен сынған аяқты шауып тастадым. Атаң жағын ашпай тымырайып жатты да қойды. Содан соң сынықты жуып, уақ сүйектерін тазалап, қанын тоқтатып, таза шүберекпен таңып тастадым. Атаң да батыр екен, шыдады... Міне, өмірде осындай бір батылдық істедім», – дейтін. Ауыл адамдары да Мұқағалидың қайсарлығы тура әжесіне тартқан деп отыратын...

(Лашын Әзімжанованың естелігінен, «Мұқағали: Күнделік», Алматы, «ҚазАқпарат», 2009 ж.)

Жұлдыз МАҚАТАЕВ, ақынның ұлы:

«КӨКТЕ БІР ҚҰДІРЕТТІҢ БАРЫ АНЫҚ» ДЕП ОТЫРАТЫН



– Жұлдыз аға, ақын Мұқағалиды жақсы білеміз. Ал ол кісі қандай әке еді?

– Балаларға өте мейібан болатын. «Кейін сенен мен туралы сұрап жатса, «балажан кісі болатын» деп айт», – деген еді. Көшеден өтіп бара жатқан балалардың да мұрнынан бір қысып қоятын. «Бізде балалық болған жоқ, балалығымызды соғыс жалмады. Ересек өмірге тез араласып кеткен ұрпақпыз», – деп айтып отыратын. Бірде теледидардан Гитлерді, немістердің тұтқындар лагерін көрсетті. Сондағы нөмірлерін көрсетіп тұрған балаларды көріп: «Бүкіл әлемді тік тұрғызған Гитлер ақымақ адам емес, бірақ балаларды торға отырғызғанын ешқашан кешіруге болмайды», – деген еді. Бала десе, жанын беруге даяр болатын.

– Есімі тарихта қалған қай адамды алсақ та, «пәленбайыншы атасы осындай болған екен, бұл да соған тартса керек» деп талантын тегімен байланыстырып жатамыз. Ал сіздердің арғы аталарыңызда ақын болған ба?

– Өзім де кейде соған таңғаламын. Арғы тегімізде ақын адам болмаған екен. Әкеміздің аузынан да «осындай ақын атамыз болыпты» дегенді естіген емеспін. Мақатай бабамыз батыр тұлғалы, ер жүректі жан болған екен. Көкпар тартып жүріп аяғын сындырып алыпты. Сонда өз аяғына өзі ота жасатып, балтамен кестіріп тастапты да, қанын киіз бастырып токтатыпты. Содан бастап балдақпен жүрген екен. Қазіргі уақытта әкемізге ақындық Нағиман апамыз жағынан келді ме екен деп ойланyp қоямын. Себебі апамыз сөзге шешен, реті келсе, суырып салып отыратын, аздап ән айтатын да қасиеті бар еді. Ал Нағиман әжеміз жұбайы Сүлеймен атамыз жайлы «Артық сөзі жоқ, шаруаның адам еді» деп айтып отыратын. Ол кісі Қарасаздағы колхоздың төрағасы болып жүргенде соғысқа кетіп, содан оралмапты. Апамыздың айтуын-

ша, бойы екі метрден асқан екен. Атка отырғанында аяғы жер сызып жүрген көрінеді. Тұлға жағынан әкеміз сол кісіге тартса керек.

– Әкеңіз неше ағайынды болған?

– Әкеміз үш ағайынды болыпты. Ен үлкені – әкеміз, одан кейін – қазір көзі тірі Тоқтарбай ағамыз. Сосын Көрпеш деген інілері болған. Ол кісі де жақында, жасы алпысқа келіп қайтыс болды. Нағиман апамыз: «Жиі түс көремін. Үш мылтығым керегеді үнемі ілініп тұрады. Бір мылтығым тоқтаусыз атып тұрады екен, екіншісінің дауысы анда-санда бір шықса, үшіншісі мүлдем үнсіз екен. Сол үш мылтық – үш балам-ау. Ылғи атылып тұратыны – Мұқағали болуы керек», – деп отыратын. Сол Нағиман апамыз 95-ке келіп қайтыс болды. Ол кісінің маған деген пейілі ерекше еді. Мені қазақы дәстүр бойынша «сүт кенжем» деп еркелетіп отыратын.


қырғыздар келіпті. Олар сол жерде әкеме өлен шығартып, бір тоқтыларын тастап кетуге мәжбүр болыпты. Сонда әкем «Өленмен де бірдене табуға болады екен ғой» деп ойланyp қалған көрінеді. Әкеміздің өлен арқылы тапқан алғашқы пайдасы сол болыпты.

– Ал сіздер үйде қанша баласыздар?

– Ата-анамыздың тұңғышы Ләззат деген әпкеміз болған. Ол менің есімде жоқ. Біз тумай тұрып қайтыс болып кеткен. 1951 жылы Майгүл туылған. Ол Алматыда көлік апатынан қайтыс болды. 1953 жылы мен дүниеге келдім. 1958 жылы Алмагүл, 1960 жылы Айбар, 1966 жылы Шолпан туылды. Қазіргі кезде әкеміздің төрт немересі бар.

– Араларыңызда өлең жазатындарыңыз бар ма?

– Қанның әсері ме, менің ептеп жазатыным бар.



«Сен өмірге басқа жолмен бас қадам, Әкең жүрген соқпақтардан қаш, балам!» – бұл ақынның тұңғышы Жұлдызға берген ақылы

Әкем көзі тірісінде бір адам туралы ғана ерекше елжіреп айтып отыратын. Ол – Мақатай бабамыздың әйелі Тиын әжеміз болатын. Әкем кішкентайынан сол кісінің бауырында тәрбиеленген. Тиын әжеміз Қарасаздағы сыйлы адамдардың бірі болса керек. Әкеміз ойнап жүріп балаларға асықтарын ұтқызып қойса, әжеміз қайта барып, барлық асықтарын жинап әкеліп береді екен. Сүлеймен атамызды соғысқа қалай шығарып салғандығы әкеміздің есінде еміс-еміс қана қалған. Сол соғыс жылдары Қарасазға сауда жасап жүрген

– Әкеңіз шахматты жақсы ойнаған деседі. Сіздермен шахмат ойнаған кездері есіңізде ме?

– Расымен де, әкем шахмат ойнаудың шебері еді. Бірақ мен шахматқа жоқпын. Алматыдағы хайуанаттар бағында ақшаға шахмат ойнайтын жерлер болатын. Ойнау үшін астына 10 сом салу керек екені әлі есімде. Ол кездегі 10 сом қандай ақша десеніңші! Әкем сол жерден де ұтып жүретін. Сосын әкем бильярдты жақсы ойнайтын. Жазушылар одағының астындағы бильярд залы ақын-жазушылардан босайтын. Әкем

«Жарым менің жан еді дәті берік,
Беріктіктен жүр ме екен запы көріп?!
Балаларым ер жетіп кеткен шығар,
Алдарқауға келмес-ті тәтті беріп»



Солдан оңға қарай: келіні Бақытгүл,
немересі Айман, зайыбы Лашын (марқұм),
баласы Жұлдыз, қызы Шолпан, жиені Болат

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік сыйлығы
лауреатының
ДИПЛОМЫ

де солардың арасында жүретін. Ол кезде мен жас баламын. Жанына ертіп алушы еді. Бильярд туралы «Бұл – жүйкені тыныштандыратын ең жақсы ойын. Осыған әуес бол» дейтін. Бірақ мен онымен де айналыспай кеттім.

– Бойыңызда әкеңізден дарыған әлдебір қасиеттер бар ма?

– Мүмкін, жұмыс қағаздарыма ұқыпты карауым әкемнен жұққан шығар. Өйткені ол кісі өлеңдеріне өте ұқыпты болатын. Үстелімнің таза болғанын, әр қағазымның өз орнында тұрғанын мен де ұнатамын. Түрі жағынан Шолпан

әкемізге қатты ұқсайды. Ал Алмагүлдің кей қылықтары әкемізден аумай кетеді. Біз шеше жағына тартып кеткен болуымыз керек. Әкемізде қаталдық та бар болатын. Кей кездері шалт кимылдап, бұлқан-талқан болып қалатын. Бетпе-бет сөйлесіп отырған адамына ойындағысын айтып тастайтын. Жасандылықты сүймейтін.

– Бала болып ренжітіп, әкеңізден ұрыс естіген кезіңіз болды ма?

– Айбар онша тыныш өскен жоқ, кішкене сотқарлау болды. Ал мен тыныш өстім. Өтірік айтып

қайтемін, маған қолы тиіп көрмейті. Анамыз еркек мінезділеу, қаталдау жан еді. Ол кісіден бірді-екілі таяқ та жегенмін. Әкеміз тек ақылын айтатын. «Оқы» деді, оқыдым. Өзі таңдап берген саласын бітірдім. Өмір болғаннан кейін бәрі де болады ғой, кім білсін, ренжіткен кезім болған да шығар.

– Сөзге тапқыр, күлдіргі әңгімелер айтып берудің шебері болғанын анаңыздың естелігінен білеміз...

– Иә, әкеміздің актерлік қабілеті де бар болатын. Отбасымызбен дастарқанның басында отырғанда Жазушылар одағында сөз сөйлеген не өлең оқыған ақын-жазушылардың қылықтарын келтіріп, со-



БАЛА МҰҚАҒАЛИДЫҢ БАТЫЛДЫҒЫ

... Мұқағали мектеп өміріне, қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын. Сыныптағы бәрімізге, әсіресе қыздарға сондай қамқоршы еді. Қара қозының жүнінен басқан кепек (шолақ пальто), ақ қозының жүнінен байпақ киіп жүретін. Оқу жылы біткен соң, үш айлық жазғы демалыс кезінде Маркс ауылынан келген 11 қыз шөмеле салуға жұмысқа шығып, шөп шабыста қолымыздан келгенше ұжымшарға қолғабыс жасаушы едік.

Сол кезден есімде қалған бір оқиғаны әңгімелеп берейін. Онда Мұқағали ат тырмақпен шабылған шөпті жинап бөкес салады, біз текшенің үстінде тұрып шөмеле саламыз. Жұмыс арасындағы үзілісте қыздар тоқыма тоқитынбыз. Осындай бір сәтте ісімізді қызықтап, біз ұзақ отырып қалыппыз. Тіпті тоқыған кеудешелеріміз бітуге айналыпты.

Бір уақытта Тоқтарбай деген бригадир ағамыз атпен шауып келіп, жұмыс уақытында отырғанымыз үшін қатты

ренжіп, ұрысты. Тіпті тоқып отырған кеудеше, жемпір, қолғаптарымызды жібімен тартып алып, бәкісімен кесіп-кесіп тастағаны. Қыздар шулап, жылап жатыр.

Сол оқиғаны естіп, бір топ бала текшеден бері асып, қасымызға келіп, бізді жұбатып кетті. Әбдісана Далабаев пен Мұқағали екеуі тырмақты шығара салып, атқа мінгесіп жетіпті. Таңертең тұрсақ, «балағанның» сыртына үлкен қағаз ілініпті. Онда жазылған өлеңге көзіміз түсті.

Шапқаны машиненің құрап жатыр,

Тоқтарбай тоқымадан тұрап жатыр.

Айырылған тоқымадан сорлы қыздар,

Түбінде шөмеленің шулап жатыр, – деген бір шумағы есімде қалыпты. Жұрт жапырлап оқыды. Біздің де еңсеміз көтерілді. Бригадир ағамыз да өз кінәсін түсінді. Мұқағалидың ақындығы мен батылдығы сөйтіп бізге дем берген еді.

лар секілді өлең оқып, бізді күлдіріп отыратын. Қаншама жылдар өтті, көп нәрсе ұмытылып қалды ғой. Әкем туралы бар жиған-тергенімді айтып, естелік жазсам ба деген ойым бар. Оған жұмыс та мойын бұрғыза бермейді.

– Әкеңіздің басқа тілдерде жазған өлеңдері бар ма?

– Өлеңдерін қайдам, бірақ бірнеше тілді менгерген жан еді. Немісшеңі сөйлей алмаса да жақсы түсінетін. Югославияның серб тілінде шығатын «Борба» деген газетін жаздырып алып оқып жүргені есімде.

– Балық аулап, аңға шыққанды ұнатқан деген сөз қаншалықты рас?

– Аңшылықты керемет жақсы көретін. Нарынқолдың екі адамының бірі аңшы ғой. Бала кезімде үйге елік алып келгені

еміс-еміс есімде. Жана жылда үйге шырша құрып қойғанды ұнататын. Сол шыршаға қайдан алғаны белгісіз, ойыншықтар іліп қоятын. Алматыға келгеннен кейін де анда-санда Тоқаш аға екеуі аңшылықты аңсап Қарасаз жаққа кетіп қалатын. Әкеміз мылтықты да жақсы ататын. «Құралайды көзге атқан мерген еді» десек те, артық айтқандық емес. Қазіргі «Алатау» кинотеатрының бергі жағында тир бар болатын. Сонда барғанды ұнататын. Әкеміз мылтықты екі қолымен емес, бір-ақ қолымен ұстап атып, тігілген нәрсені жусатып тастайтын.

– Әкеңіздің дінге көзқарасы қандай еді?

– Ауырып қалса немесе денесіне бөрткен шықса, өзі бірденелерді күбірлеп оқып, жазып алатын. Сөйтсек, біраз дұғаларды жатқа білген екен. Дінге байланысты өлеңдері кейін ғана табыл-



«Оңашада ойларын тыным еткен. Біздейлердің мыңы кеп, мыңы кеткен. Ақындар бар амалсыз бұғып өткен, Ақындар бар ішінен тынып өткен»

**Жұлдыз МҰҚАГАЛИУЛЫ
ТҮРШЫ, ӘКЕ,
ЖЕТЕР ЕНДІ
ЖАТҚАНЫҢ...**

Тұршы, әке, асқар тауым,
Көп болды ғой жатқаның.
Барайыңғы туған жерге,
Тамған жерге жас қаның.
Тартайыңғы құлжа жоалмен,
Көк мұнарқан тауларға,
Қарасазын сағынатын,
Сендей, сірә, жан бар ма?!
«Айғайтасқа» қаптапатын,
Жай асықпай шығайық,
Сол биіктен төңірекке,
Барлай қарап тұрайық,
Бұырқанған от жырларды,
Түйдек-түйдек шығаршы!
Мүлгіп тұрған Хантәңірі,
Жан сырынды ұзар шын.
Серпілсең бір ата жұртың,
Бұлай қайта тұрар кім?
Ал мен сенің жырларыңды
Сай-саладан терейін.
Жыр-маржанды әрбір жанға,
Тұмар етіп берейін.
Тұршы, әке, жетер енді жатқаның,
Күтін тұр ғой Қарасазын, апағың!

ды ғой. Ал бізге «мынандай өлең жаздым» деп айтқан емес. Есімде қалғаны, орыстың бір академияның «Қоран» деген кітабын үйге алып келді де: «Осы кітапты жазған академик ислам дінін қабылдаған. Осыны оқындар», — деді. Ал Құранның өзі ол кезде сатыпмайтын да, ізлесен табылмайтын. Әкеміздің, жалпы, мұсылманшылыққа көзқарасы оң болатын. «Көкте бір күдіреттің бары анық» деп отыратын. Өмірінің соңғы уақыттарында анам екеуміз жанында болдық. Өмірден түнілгендей күй кешті. Маған «Жұмысын адамдардың тағдырына қатысты болғаннан кейін оңай емес, ауыр болады. Сақ бол» деген ақылын айтып кетті.

– Қандай арманы болушы еді?

– Шетелдік жазушылардың шығармашылығын зерттей отырып, солардың елдерін де көргісі келетін. «Ой, шіркін-ай, Римді бір көрсем ғой!» — деуші еді. Дантени ең алғаш аударған Азия ақыны — менің әкем. Соны біз әлі таныта алмай келеміз.



Сырбай МӘУЛЕНОВ, ақын:

**КӨШЕДЕ ТҰРА
ҚАЛЫП, КЕЗДЕСКЕН
АДАМДАРҒА ӨЛЕҢІН
ОҚИ БЕРЕТІН**

Менің «Жұлдыз» журналында істен жүрген кезім еді. Бір күні Мұқағали Мақатаев келді де, алдыма бір парақ қағаз тастап, үндемей шығып кетті. Қағазды қолыма алдым да, оқи бастадым.

«Сыр аға! Сізге несің айттам, бар жағдай өзіңізге белгілі. Қиыншылық дегеннің, бала-шаға дегеннің не екенін сіз білесіз. Менің қазіргі көрген күнім — панасыздың ісі... Үзілер шегіме жеттім, Сыр аға, қанатыңыздың астына алыңыз. Істеген жақсылығыңыз, өмір болса, менен, я біздің үйдегі кішкентайларыңыздан қайтар. Сізді ұятқа қалдырмасын, алды-артымды біліп қалған жанмын ғой.

Секретарыңызға сіздің атыңызға арыз қалдырғам. Сабырхан кетіпті сіздерден...

Зор құрметпен, Мұқағали.

15 август, 1965 жыл.

«Жұлдызға» 7-8 мыңдай тираж әсінауды міндетіме аламын...»

Аяп кеттім. Жазушылар одағының төменгі қабатында жүр екен, шақырып алдым. Қызметке орналасты. Күнде ертеңгілік кездесіп, өлең оқиды да, өз бөлмесіне кетеді...

Мен Мұқағалимен көп жыл көрші де тұрдым. Құлық-сұмдықты білмейтін, аққоңіл, аңғал еді. Ол мінезі өзінің батыр тұлғасына жарасып тұратын. Армян ақыны Ованес Ширас секілді ол да көшеде тұра қалып, кездескен адамдарға өлеңін оқи беретін.

Бір күні ол сөйтіп жүріп 100 парақты өлең дәптерін жоғалтып алыпты. Келесі кездескенімде маған сол дәптерін аэропорт басынан тауып алғанын айтты...

Ол тірлігінде сыйлық ала алмай кетті. Бірақ қазір Қазақстан Жазушылар одағының әдеби сыйлықтарының бірі оның атымен аталады. «Өткір кездік қай түбінде жатпайды» деген осы да.

ӘМБЕБАП-ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ!
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ («Мұқағали», Алматы,
«Жалын», 1995 ж.)

Сұхбаттасқан Марфуға ШАПІЯН,
marfuga89@mail.ru



– Бақытгүл апай, өзіңіз басшылық ететін Мұқағали Мақатаев атындағы халықаралық қор қай жылы құрылған еді? Онда қандай жұмыстар атқарылды?

– Ақын шығармашылығын ұлтымыздың рухани игілігіне жаратуды мұрат тұтып, 2005 жылы 25 қарашада ағамыздың атындағы қорды құрдық. Ондағы мақсат – Мұқағали шығармашылығы жөнінде ғылыми-теориялық конференциялар өткізу, түрлі шараларды ұйымдастыруға атсалысу, ақын шығармаларын қайта бастыру ісіне басшылық ету, байқаулар ұйымдастыру, Мұқағали мұражайларына мүмкіндігінше көмек көрсету, ақынның шығармаларын талантты аудармашылар арқылы шетел оқырмандарына жеткізу болатын. Осы 4-5 жылдың ішінде біраз жұмыстар атқарылды, кітаптары жарық көрді, еске алу, ән-жыр кештері ұйымдастырылды.

– Биыл Мұқағали ағамыздың 80 жылдық мерейтойы екен. Оған дайындықтарыңыз қандай?

– Тойға арнап ақынның сувенир-кітабын шығарайық деп жатырмыз. Алматыда ән-жыр кешін де ұйымдастырмақшымыз. Қордың атынан өзінің баспасын ашсақ па деген ойымыз бар. Жанат Баймұхамбетов деген аудармашы ағамыздың өлеңдерін орысшаға аударған екен. Аудармасы Жұлдыз екеуіміздің де көңілімізден шықты. Бұрын ағамыздың «Зов души» деген жалғыз орысша кітабы шыққан болатын. Бірақ оның аудармасы – жолма-жол аударма. Мағынасы да толық емес. Ал тамаша аударма жасаған Жанатқа көмектесе алмай отырмыз. Демеуші тауып, орыстілді оқырмандар үшін қайтсек те ағамыздың орыс тіліндегі кітабын шығару ойымызда бар. 80 жылдыққа өткен жылдың қараша айынан бастап үлкен жоспар жасалды. Оған облыс әкімі Серік Әбікенұлы ерекше көңіл бөліп отыр. Қарасаздағы мұражайын жөндеуден өткізіп, жанына конференц-зал

Бақытгүл ҚЫДЫРБАЙҚЫЗЫ, ақынның келіні:

АТАМНЫҢ ӨЛЕҢІ БІЗДІ ТҰҢҒИЫҚТАН СУЫРЫП АЛҒАНДАЙ БОЛДЫ

қостырды. 9 ақпанда жай ғана атап өтіп, үлкен тойды жазда Шалкөле жайлауында өткізетін болдық. Райымбек ауданының әкімі Аян Айтжанұлы да көптеген жұмыстар атқарып жатыр. Ақынның анасы Нағиман әжеміздің Қарасаздағы кесенесін көтерді.

– Атаңызды тірі кезінде көрдіңіз бе?

– Сыртынан ғана көрдім. Мен келін болып түскен 1981 жылы қайтыс болып кеткен болатын. Жүкен үнемі: «Шіркін-ай, біз үйленген кезде папам тірі болса, сен оған ұнар едің. Екеуіңнің мінездерін үйлеседі», – дейтін. Ал Лашын мамызды ел көбінесе «кісі жақтырмайтын адам» деп айтады. Негізі, олай емес. Лашын мамымыз 25 жыл бізбен бірге тұрды. Ол кісінің ағамыз қайтыс болғаннан кейінгі 30 жыл өмірінің өзі жұбайымен бірге өтті десем артық айтқандық емес. Өзі газет-журналдарды көп оқитын. Теледидардан Мұқағали туралы айтылса, мақалалар жазылса, оны көріп қатты қуанатын. «Мұқағалиым осындай ғой!» – деп шаттанатын. Ширек ғасыр бірге тұрған мен ол кісіні үлкен жүректі адам, ғажайып ана деп қана білемін.

– Мұқағалидай ақынның шаңырағына келін болу болмысыңызға өзгеріс алып келді ме?

– Алғашқы уақытта ақынның жанұясы ма, басқа ма, онша көңіл бөлген жоқпын. Өзім мектепті орыс тілінде бітіргенмін. Бұрын поэзияға көп көңіл бөлмейтінмін. Келін болып түскеннен кейін папамның өлеңдерін оқи бастадым. Лашын маммам екеуіміз бірлесіп «Жырлайды жүрек» атты кітабын, ал 65 жылдығы қарсаңында

үш ұнтаспадан тұратын дыбыстық альбом шығардық. Қор ашылған соң біраз уақыттан кейін ойламаған жерден үлкен қызымыз, атасынан аумаптын Айманымыз қайтыс болып кетті. Мамамыз көзі көрмей жатып қалды да, біраз уақыттан кейін ол кісі де дүние салды. Папамыз жазып кеткен «Өмірдің ағы мен қарасы» біздің өмірімізден де солай орын ала бастады. Қатты киналдык. Бір күні «Папамның бізге тоқтау болар бір ауыз сөз қалдырмауы мүмкін емес қой» деп, үш томдығын ашып қалғанымда қанша өлеңдерін білемін деп жүрсем де, мына бір өлеңді алғаш рет көрдім. Содан:

*Қайсыбір қасірет кезеңде,
Өмірді келеді тастағың.*

*Сонда да үмітті жоғалтпа,
Қаралы күндерден қашпағың!
Қай жерде тіршілік, өмір бар,
Сол жерде қуаныш, қайғы да.*

*Болса да алдың күз, артың жар,
Кеше біл, өмір сұр, айныма!*

*Сабыр ет, тоқтау біл, шеше біл,
Тағдырың ұлы оғын жолдаса!*

Өзің-ақ ойлашы, несі өмір –

Қуаныш-қайғысы болмаса?! – деген жолдарды оқып, жолдасыма: «О, Жұлдыз, таптым, таптым!» – дей беріпмін. Қатты әсер еткені сондай кіші қызым Әсел өлеңді бірден жаттап алыпты. Арасында киналып жатсақ, жүгіріп келіп атасының өлеңін айтады. «Мама, өзің айтып едің ғой. Ағам бізге тоқтау айтып кеткен деп», – дейді. Сол өлең бізді тұңғыықтан суырып алғандай болды. Қазақтың қара өлеңінің құдіретін сонда түсіндім.

Әңгімелескен Марфуға ШАПИЯН,
marfuga89@mail.ru



«Берікті аспанға атып, аттан салып,
Жігіттер, мақтанбалық, мақтанбалық!»



Алмагүл МАҚАТАЕВА, ақынның қызы:

БАСКИІМІН САТЫП ӘПЕРГЕН ГҮЛІН ӘЛІ ҰМЫТА АЛМАЙМЫН

– Әкеңіздің жүрегіңізде сақталған бейнесі қандай?

– Әкем өмірден өткенде мен 17 жаста болатынмын. Егер маған «Әке деген қандай болуы керек?» деген сұрақ қойылса, ойланбастан «Менің әкем сияқты болуы керек» деп жауап беретін едім. Ол кісі бізге әке ғана емес, жақсы дос та бола білді. Математика тәрізді пәндерден анамыздың көмегіне жүгінсек, тарих, әдебиет, орыс тілі сияқты пәндерді әкеміз оқытатын. Өмірімдегі ең бақытты да жарқын күндерді де тек әкеммен байланыстырамын. Өзім де қазір аз жасқа келген жоқпын. Басымнан қаншама қызықты сәттер өтсе де, оның барлығы әкем тірі болған кезге жетпейді. Ол кісінің әр сөзі, әр іс-қимылы бізге тәрбие болатын. Сырттан үйге аяқкімім мұқият



Жары Лашын, ұлы Айбармен

шешіп, жинап қоятын. Тазалыққа жаны құмар еді. Жазу үстелінде де тазалық болғанын қалайтын. Өмірде тазалыққа қандай құмар болса, жан дүниесі де сондай таза еді. Біреудің көңіліне келуден, біреуді жөн-жосықсыз ренжітіп алудан қорқатын. Өленді түнде немесе таңертең ертемен жазатын. Әкем жұмыс істегенде үйде өлі тыныштық орнайтын. Жазуын бітіргеннен кейін жанына барып: «Папа, қанша өлең жаздыңыз? Бір күнде қанша жаза аласыз?» – деп сұрасам, оған кәдімгідей ренжитін. «Қанша өлең жаздың?» деп сұрама. «Жұмыс жасадың ба?» деп сұра. Мен сендерге өлең шығаратын машинамын ба? Өлең маған құйылып келеді. Мен тіпті жазуға да үлгере алмаймын», – дейтін. Жазған өлеңдерін де сирек түзейтін. Анамыз әке өлеңдерінің алғашқы сыншысы болатын. Өйткені оның өзі де қазақ тілі мен әдебиетінің

маманы еді. Біздің орыс әдебиетіне деген қызығушылығымызды оятқан да – әкеміз. Анна Ахматова, Марина Цветаева сынды ақындарды ол кезде жұрттың бәрі біле бермейтін. Ал әкеміз соның барлығын құлағымызға құйып отырды. Сталиннің зиялыларымыз Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабаевтарға көрсеткен қиянатын да әкемізден білдік. Оны естіп алған мен мектептегі әдебиеттен беретін ұстазымызға келіп: «Сіз бізге неге Сәкен, Илияс, Бейімбеттер туралы айтпайсыз?» – дедім. Мұғаліміміз кипақтап: «Алма, ақылды қызсын ғой. Олар туралы бізге айтуға болмайды. Мұны саған кім айтты?» – деді. Мен әкемнің айтқанын айттым. Кейін жиналыста ұстазымының әкеме ескерту айтып жатқанын естідім. Сіңлім Шолпан екеумізді папам: «Ұлдар өздері

де үйреніп алады. Ал қыздарға орыс тілін білу керек», – деп бізді орыс мектебіне берді. Ол орысша білмесең, өмір сүруің қиындайтын кез. Содан кейін де ана тілімізге шорқақтау болып қалдық.

Әкеміз көңілді кезінде бізге дәмді тамақтар дайындап беретін. Бір күні сабақтан шығып, үйге қарным ашып келе жаттым. Үйге жақындағаннан-ақ керемет иіс мұрнымды жара бастады. Үйге кірсем, папам тамақ дайындап жатыр екен. «Қазір, қызым, отыра тұр, ши жасап жатырмын», – деп қояды. Ши – көкөністен жасалған борщ. Тамақ жасарда базарға барып, қапуста, рауғаш сияқты қажет заттарды өзі алып келетін. Осы уақытқа дейін әкем жасаған сол шиді мейрамханадан да, орыстан да, казактан



Қалыр МЫРЗА ӘЛИ, ақын:

ОҒАН БІРІНШІ АҚЫНСЫҢ ДЕГЕН ҰНАЙТЫН

Мұқағали екеуміздің арамызда ешқандай кикілжіс болған емес. Біз екеуміз, шамамен 1959 немесе 1960 жылы таныстық.

Қапысыз сөйлесіп, қалтарыссыз сырласып жүргенде менің де бір байқағаным – Мұқағали да менің көптеген дүниемді ұнататын. Сөйте тұра сүйсінуіміз бір болғанмен, түйсінуіміз әрқилы болатын. Қателессем, Құдай өзі кейірет, оны көбіне пенделік жеңіп кете беретін-ді.

... Мен қазір Мұқағали бірінші ақын еді десем, ол одан бірінші болып кетпейді, онының ақын десем, одан онының ақын болып орнығып қалмайды. Бірақ ақиқатпен бірден астасып кете қоймаса да оған бірінші ақынсың деген ұнайтын.

Бірде біздер Жұмекен, Мұқағали және мен үшеуміз «Қаламгерде» сырласып отырып, сілтеңкіреп жіберсек керек, сол кездегі Үкімет үйінің солтүстік жағындағы гүлзарға барып, әңгілемізді жалғастырмақ болдық. Өз басым мазам кетіп, қиналыңқырап отырдым. Олар ұзақ әңгімелесті. Бірін естідім, бірін естімедім. Құлағымның түбінде бірдеңе күмбір-күмбір етеді. Бірақ анық емес. Әңгімеге араласқым келсе де араласа алмадым. Мұқағали бір кезде:

– Осы үшеуміздің қайсысымыз мықтымыз? – деді. Содан саясат жасағаны келді ме, әлде шын ойы ма, Жұмекен:

– Мынау! – деді. – Мынауы мен болуым керек, сірә.

– Өте дұрыс! – деді Мұқағали, – ал екінші ақын кім?

– Сенсің! – деді Жұмекен ойланбастан. Ол барып тұрған рыцарь болатын.

Өзім де солай ойлаймын! – деді Мұқағали, мәз болып...

(«Иірім», Алматы, «Атамұра», 2004 ж.)

Мұқағали Мақатаев

да ішкен емеспін. Дәмі деген керемет еді. Әрине, тамақты күнде емес, көңіл күйі жақсы кезінде істейтін. Ал палау жасарының алдында: «Хорезм күрішін пісірейін бе, әлде Бұқардікін бе?» — деп бізден сұрап алатын. Біз оның қайсысы Хорезмдікі, қайсысы Бұқардікі екенін ажырата да алмайтынбыз. Аузымызға қайсысы түссе, соны айта салатынбыз. Бізді еркелеткенді, қуантқанды жақсы көретін. Көп қаламақы алған уақытында барлығымызға сыйлық жасағанды ұнататын.

— Әкеңізден алған қандай сыйлығыңыз есіңізде?

— Папамның өлеңдерінің жарияланбай, жағдайымыздың болмай жүрген кезі болатын. Менің туған күнім келе жатты. Ақша болса жок, үйде анам ғана жұмыс істейді. Төрт бірдей бала бар. Ол — әкемнің Мәскеуден келген кезі. Сол жақтан киіп келген ерекше әдемі, сәнді шляпасы бар еді. Жалпы, әкеміз

кісі ғой. Шашын өсіріп, иығына түсіріп қоятын. Баспада жұмыс істегенімде қартаң әйелдер: «Ох, Алмашка! Сен білмейсің ғой. Папан жігіттің сұлтаны еді ғой», — дейтін тамсанып. Қай жағынан алсақ та, әкемізбен мақтанамыз. Ол да бізді қатты жақсы көрді. Анам екеуінің арасында ұлы махаббат болды. Анамызға қалжыңдап: «Лашын, менің саған не үшін үйленгенімді білесің бе?» — дейтін. Анам: «Не үшін?» — десе, «Бүкіл Нарынқол ауданында сенің ғана аяғың түзу болатын. Сол оқтаудай түзу аяқтарың үшін алдым», — деуші еді. Әңгімелері жарасымды қалжыңмен өрбуші еді. Екеуі бізге жақсы отбасының үлгісі бола білді. Әкем дастарқан басында өзін өте көңілді ұстайтын. Әзіл-қалжың айтып, біреулерді пародиялап отыратын. Егер ақын болмағанда әкемізден жақсы актер шығар еді.

Талантты адам барлық істе де талантты. Бірде үйімізге жөндеу жүргізетін болдық. Оған бір орысты жалдадық та.

үш-төрт жас кіші әйелге де «қызым» деп сөйлейтін. Анамызды қаралаудың да қажеті жоқ. Әкеміздің өлеңдері басылмай, өзі жұмыссыз жүрген кезінде манайына да сондай адамдар топтасты. Өзі жокшылықта өмір сүріп жатқанда олардың топырлап келе беруі кімге ұнасын? Балалар болса кішкентай. Бірақ қуды деп айта алмаймын. Ол қылығын құптамағаны, ренжігені болған шығар. Анамыз, керісінше, әкемнен қалған жарты паракты да аялап сақтады. Әкемнің кейінгі өлеңдері анамның арқасында ғана жарық көрді.

— Әкеңіздің ішкеніне сіздер реніш білдіруші ме едіңіздер?

— Бірден айтайын, әкеміз ішкенімен де, маскүнем болған емес. Қазір кейбіреулер жазып жүргендей ес-түсінен айырылып ішкенін де көрмеппіз. Бізге ішкенін білдірмеуге тырысатын. Үйде шу шығарып, мазамызды да алған емес. Үй — ол үшін



«Аяз Атаң тәттісін үлестіріп, ашысын екеуімізге сақтағаны-ай», — деп өлең арнаған досы Оспанхан Дубәкіровпен

сәнді киінгенді ұнататын. Танертен шляпамен кеткен әкем кешке бір құшақ қызғалдақпен оралды. Мен: «Папа-ау, шляпан қайда?» — десем, «Шляпаны не істейсің? Менің қызымның туған күні күнде болып жатқан жоқ қой. Бас аман болса, шляпа табылар», — деді. Әрине, оған дейін де талай қуыршақ, ойыншық сияқты сыйлықтар істелді. Бірақ өзінің баскиімін сатып әперген бір құшақ гүлін әлі күнге дейін ұмыта алмаймын. Мен үшін дүниедегі ең ұлы сыйлық сол сияқты болады да тұрады.

— Әкеңіздің сәнді киінетінін айтып қалдыңыз. Қандай киімдері есіңізде ерекше қалды?

— Сол уақыттары не сәнде болса, соны киюге тырысатын. Басына ешқашан шапка киген емес. Оның орнына шляпа, берет кигенді ұнататын. Өзі де келбетті

Бірақ сол жөндеуіміз ұзаққа созылып кетті. Тазалыққа үйренген папамыздың берекесі кете басталды. Бір уақытта ашуланды да, іске өзі кірісіп кетті. Жанына ағаларым Жұлдыз бен Айбарды алып, кафельді де өздері жабыстырып, демде бітіріп шықты.

— Ел арасында анаңыз туралы жағымсыз пікір де айтылып қалады. «Мұқағали достарын ертін апарса, қуып шығады екен» деген сөздер де бар...

— Оның барлығы — бос сөз. Анам өте қонақжай адам болатын. Әкемізге Фаризаны қосатындар да кездеседі. Негізі, олай емес. Ол Фариза апайды ақын ретінде, адам ретінде сыйлады. «Екеуінің арасында махаббат болған» дейтін адамдарды ақымаққа балар едім. Қалай түсінбейді? Неге өленді байыбына барып оқымайды? Әкем өзінен

қасиетті орын еді. «Жақсының арғынан сөз ереді» дейді ғой, бір рет ішкенін көргендердің «күнде ішкен» деп, қызулау өлең оқығанын көріп «өленді мас болып жазған» дейтіндерге ренішім кара қазандай. Егер ол күнде мас болып жүрсе, артында осындай мұра қалдырар ма еді? Сосын Әбділла Тәжібаевты қатты қадірледі. Дүниеден өтерінде «Өмірдастан» атты кітабына қолтаңба жазып, маған Әбекене апарып беруді тапсырды. Ақсақалға апарып берсем, ішіне қолтаңбаны өзі қайтыс болатын 27 наурыз күнімен жазыпты. Ол кісі «Қызым, 27 наурыз әлі болған жоқ қой» деді. Біз шатасып кетті деп ойладық. Сөйтсек, қайтыс болар күнін білген екен ғой...



Шолпан МАҚАТАЕВА, ақынның кенже қызы:

ҚИНАЛҒАН АДАМДАРДЫ КӨРСЕ, ЖАНЫ ҚАТТЫ АУЫРАТЫН

— Сізді әкеңіз «Менің кішкентай поэзиям» деген екен. Ал сіз әкеңізді қалай сипаттар едіңіз?

— Мен әкем қайтқан жылы 3-сыныпта оқитынмын. 9-10 жас шамасындағы бала болсам да әкем есімде қалды. Өз басым ол кісінің қатты ашуланып, ренжіген сәтін көрген емеспін. Балаларын өте қатты жақсы көрді және ешқашан ренжігіп көрген емес. Әсіресе қыздарды ерекше әлпештеп, алақанында аялап ұстады. Ал ұлдарды басқаша еркелетіп, басқаша тәрбиелейтін. Ол өте қамқор әке болатын. Жылда Жазушылар одағында жаңажылдық шырша өтетін. Сол шыршаға бізді анам да, апам да, басқа да емес — әкем апаратын. Өзі баланын көңіліне қатты қарайтын. Бірде Алма әпкемнің туған күнінде әкем сыйлық алатын ақшасы болмай, қалпағын сатып, соған көп жауқазын гүлдер әкелген екен. Ал қаламақы алғанда қорап-қорабымен алма, апельсин әкелетін. Маған жұмсақ ойыншық, қуыршақ әкеп беретін. Мен не қаласам соны алып беретін және молынан алатын. Ол бауырларына да жақсы қарайтын. Өте бауырмал болатын.

— Анаңыз бен әкеңіздің арасы қандай еді?

— Анам мен әкемнің арасы жақсы болған. Анам әкемнен төрт жас үлкен еді. Бірақ жас айырмашылықтары екеуінің отбасы болуына еш кедергі болған жоқ. Әкем «Ұлы адамдардың әйелдерінің жасы өздерінен үлкен болады» деп отыратын. Ата-анам — бір-бірін сыйлай, қадірлей білген жандар. Анам жақсы жар, жақсы ана бола алды. Әкем дүниеден өткеннен кейін де оның жазған өлеңдерін, тіпті шешкен кроссвордтарын, бір сөзбен

айтқанда, әкемнің қаламының сиясы тиген әрбір қағазды қастерлеп, жинап, реттеп жүрді. Оларды баспаларға ұсынды. Әкем дүниеден қайтқаннан бастап 1990 жылдарға дейін шыққан кітаптарының көбісі анамның еңбегінің арқасында жарық көрді. Бізді де осы күнге жеткізген — анамыз.

— Әрбір ата-ана баласының жақсы мамандық алып шыққанын армандайды ғой. Әкеңіз сіздердің қандай маман болғандарыңызды қалады?

— Жұлдыз ағамның мінезі салмақты, көп сөйлемейтін. Оған әкем: «Сенің мінезің заңгерге келеді. Сен заң факультетіне барасын», — деп өзі бірге жүріп ҚазМУ-дың заң факультетіне оқуға тапсыртқан. Алма әпкем туралы: «Алма генерал болатын шығар. Мінезі тік, тек шындықты айтады» деп оты-

ратын. Ал менің музыка, өнер жағына барғанымды қалады. Жазушылар одағына қарама-қарсы тұрған консерваторияның жанынан өтіп бара жатқанда неше түрлі аспаптардың үні шығып жататын. Сонда: «Сен кішкене өлесін, содан кейін мен саған пианино үйретемін. Музыка мектебіне беремін, осы консерваторияға оқуға түсіремін», — дейтін. Музыканы ұнататынымды іші сезген ғой. Мен қазір



Мұқаң үлкен үмітті осы Айбарынан күтіп еді, бірақ ол оқушы кезінде бір топ орыс балаларымен жалғыз өзі төбелесте басына зақым келтіріп алды...

француз тілінің мұғалімімін, бірақ музыканы жақсы көремін.

— Не себепті ол кісіні жанындағылар, кейбір әріптестері ұнатпады деп ойлайсыз?

— Әкем мінезі тік, тек әділін айтатын адам еді. Сондықтан да өзінің ортасына жақпаған болуы керек. Жағымпаздану, қулық дегенді білмейтін. Ондай адамдарды ұнатпайтын. Оны біреу ренжітпесе, ол біреуді ренжітпейтін. Таудай ақын болғанына қарамастан, жаны сондай нәзік болатын. Көшеде, басқа жерлерде қиналған адамдарды көрсе, жаны қатты ауыратын...

Сұхбаттасқан Сабина ЗӘКІРЖАНҚЫЗЫ,
zakirzhankyzu.sabina@mail.ru



Нұрғиса ТІЛЕНДИЕВ, композитор:

ӘДІЛЕТСІЗ МАНСАПҚОРЛАРҒА ҚЫРАНДАЙ ШҮЙЛІГЕТІН

... Мұқағали екеуіміз тура отыз күн бойы біздің үйде өндіре жұмыс істедік. Мен отыздан аса ән шығардым. Ал ол сол әндердің бәріне мөдіретіп тұрып өлең жазып шықты. Бұл күнде исі қазақ аса жоғары бағалап, құрметтеп айтатын «Саржайлау», «Сәлем берем Жетісуға», «Сөнбейді әже, шырағың», «Есіңе мені алғайсың», «Болмасын соғыс, болмасын», «Кел еркем, Алатауыма», «Домбыра — досым» және басқа да көптеген әндер тура сол отыз күн ішінде әрі жедел, әрі сәтті туған дүниелер еді.

... Жасыратыны жоқ, шынайы жүйріктер мен шынайы талант иелерінің артында әртүрлі сөздер қалады. Біреу қосып, біреу боямалап жеткізеді. Тіпті қайсыбірі көлеңкелі жақтарын теріп алып, сыр білдірмей таратып жүреді. Бүгінде арамызда жоқ Мұқағали жайлы аз білетіндер оны асып кеткен тентек, тек ішін қана өмір кешкен деп былжырарды. Бұл — нағыз қиянат. Біріншіден, ол аса еңбекқор әрі ерекше талантты ақын болды. Еркелесе еліне, туған жеріне, қадірін білетін ағалары мен жесендеріне еркелеген шығар. Қайсыбірі өсекшілер айтқандай, тек ішін гұмыр кешсе, соңына бүгінгідей асыл мұраларды қалай қалдыра алар еді?

Мен Мұқағалимен әсіресе оның өмірінің соңғы кезеңдерінде қоян-қолтық араластым. Ағасы ретінде ақылымды да айттым. Сонда аңғарғаным, ол пәк саби сияқты мөлдір тұлға еді. Кім біледі, ащы судың желігімен мінезі өзгерген кездері де болған шығар. Ал мен үшін ол ұяң да нәзік, ақ көңіл де көпшіл әрі мейлінше қарпайым азамат болатын. Рас, әділетсіз мансапқорларға қырандай шүйлігетін. Өзін сыйлаған адамға өзегі жарып беретін ақ көңіл еді. Сөзімі қандай ұшықыр десеңіз?!

(«Мұқағали», Алматы, «Жалын», 1995 ж.)



1954 жылы КХР-ға қарасты Үрімші қаласындағы Ұлттар институты филология факультетінің 2-курсінде оқып жүрген кезім. Бізге Кеңес өкіметінде, әсіресе Қазақстанда шығатын газет-журнал, оқулық, әдеби кітаптар көптеп келіп тұратын. Әдебиетке бой ұра бастаған студент жастар әсіресе «Әдебиет және искусство» (қазіргі «Жұлдыз») журналын үзбей оқып тұратынбыз. Осы журналдың сол жылғы 6-санында Мұқаметқали Мақатаев деген жас ақынның «Әке туралы», «Біздің жақтың інірі» және «Хат» деп аталатын үш өлеңі жарық көріпті. Бейтаныс жас ақынның өлеңдері бізге ерекше әсер етті. Қайталап оқып, өлеңге ансары ауып тұратын студенттер бір-бірімізге көрсетіп, тіпті қалай жаттап алғанымызды да аңғармай қалыстық.

Қытай мен Кеңес өкіметтерінің достық келісімдеріне орай, 1955 жылы сәуірде Қазақстанға түбегейлі қоныс аудардық. Әкем Қытайда қайтыс болған. Шешем екеуміз шекарадан нағашыларыммен бірге өттік. Кеңес өкіметінің бізді қарсы алған арнаулы кісілері Қорғастан автобуска, одан кейін Сарыөзектен пойызға отырғызып, Жамбыл облысының Меркі ауданына апарып түсірді. Онда

Оразақын АСҚАР, Мұқағали мұрасын насихаттаушы, ақын:

МҰҚАҒАЛИ КӨЗІМЕ БАЛЬЗАКТЫ ЕЛЕСТЕТТІ

дайын үйге орналасып, бір-екі күн тыныққаннан кейін бәрімізді жұмысқа жекті. Мен жігіттермен бірге арық қаздым. Кешке қолымның ойылып қалғанын көріп, апам мен нағашы атам:

— Сен мұнда қара жұмыс істегелі келген жоқсың. Алматыға барып қызметінді не оқуынды жалғастыр, — деп мені Алматыға аттандырды. Мен кеткеннен кейін Алматы облысының Нарынқол ауданынан нағашыларымның туыскандары табылып, біздің үй сол жаққа көшіпті. Мен Алматыда қалып қойдым. Қазақстан Жазушылар одағын жағалап, Мұзафар, Хамит, Жаппар, Ғафу сияқты ақын ағалармен таныстым. «Қос жүрек» атты жастардың ұжымдық жинағына бір топ өлеңдерім енді. ҚазМУ-дың тіл-әдебиет факультетіне оқуға түстім. Үй ішім көшіп барып орналасқан Нарынқол ауданынан сол жылдары Алматыда әртүрлі оқу орындарында білім алып жүрген студенттермен таныстым.

Олар менің өлең жазатынымды біліп, Алматыда тұратын нарынқолдық, сол жылдары «Бұлақ» атты жыр жинағы жарық көрген, әңгімелер де жазатын Бердібек Соқпақбаевпен таныстырды. Менің үйім барған Нарынқолдың Карасазында Мұқағали Мақатаев деген ақын бар екенін естігенде менің қуанышымда шек болмады. Октябрь мерекесі тойланар тұста 3-4 күнге ауылға барып қайтуыма мүмкіндік туды. Карасаздың аты аталғанда Мұқағали есіме келіп, автобустан қалай қарғып түскенімді білмей де қалдым. Көшеде бірінші кездескен баладан:

— Мұқағали ақынның үйі қайсы? — деп сұрадым. Әлгі бала:

— Жүріңіз, мен ертіп барайын, — деді. Межелі жерге жеткенде:

— Міне, мына үй, — деп көрсетіп, өз жөніне кетті. Аула ішінде белуарына дейін жаланастанып алған, еңгезердей жігіт отын жарып жатыр екен. Қасына жақындап, сәлем беріп:

— Мұқағалидың үйі осы ма? — деп



Оразақын Асқармен

«ӨЛЕҢДЕРІ КҮЙРЕУІКТІК САРЫНДА ЖАЗЫЛҒАН...»

1969 жылы 14 июньде Мұқағалидың бір топ өлеңдері «Қазақ әдебиетінде» жарияланды. Жазылған өлеңдерінің бәрі де ашық шындық еді. Сол өлеңдер жариялана салып, Жазушылар одағы өзінің бірінші секретарын шақырып, (бірінші секретарь — Ә.Шәріпов) өлеңдерді дереу талқыға салды. «Өлеңдері күңгірт, көмескі, жұмбақ, пессимизмнен тұрады, күйреуіктік сарында жазылған» деп, газеттің басшылары Н.Ғабдуллинге, жауапты хатшы Ж.Ташеновке «материалға жауапсыз қараған» деп шаралар қолданды. Осындай жаншу, жан-жағынан ши жүгірту, түрткілеу Мұқанды қатты жүдетіп жүрді. Бұл жайлар оның біреуі ғана.

(Лашын Әзімжанованың естелігінен, «Мұқағали: Күнделік», Алматы, «ҚазАқпарат», 2009 ж.)

сұрадым.

— Иә, осы, — деп қолындағы балтасын шөркеге салмақтап ұрып қалт тұрғызды да, мені бастап үй жаққа беттеді. Есік ашып, төр ұсынды. Қазақы қоржын тамның төріне орналасып алып, жаңағы жігітке:

— Мұқағали ағаның өзі қайда екен? — деппін мен жатқа білетін өлеңдерді жазған ақын бүйтіп жаланастанып алып аулада отын жарып жатпайтын-дай.

— Мен едім, — дейді әлгі жігіт жымып. Орнымнан ұшып тұрып сәлем беріп, қайтадан амандастым. Өз жайымды, келген себебімді қысқаша айтып,

өзімді таныстырып, ендігі әңгімені өзім жатқа білетін Мұқанның өз өлеңдерін өзіне айтып беруден бастадым.

Саған таныс адыр, қырқа, беттегі.

Жыңғыл, жусан, тобылғылар көктеді.

Рахатта іші-сырты ауылдың

Сен де, сәудем, қуантсаңшы кеп мені, —
деуім мұн екен:

— Лашын, кайдасын? Шетелден келдім дей ме, мына бір қаршадай бала менің саған жазған өлеңімді жатқа заула-тып отыр, тындашы, — дегені сол, ішкі үйден қасы-көзі қиылған, сұнғақ бойлы, аққуба келіншек шығып амандасты.

— Жанағы өлеңімді қайтадан айтшы, — деді Мұқаң маған. Мен әрі қарай жалғастыра түстім. Ақын мәз-мәйрам.

шанаға ат жегіп, үстіне хош иісі бұрқыраған шөп салып, киіз төсеп қойыпты. Мені сеңсен ішікке орап отырғызды. Енді «ат-шананы қайтадан әкелуге бір бала қосып береді екен» десем, жоқ, делбені қымти ұстап, шананың алдына өзі отырды. Сөйтіп, жолшыбай айналамен таныстыра отырып, үйге Мұқағалидың өзі жеткізіп салды. Шешем сырқаттанып жатыр екен. Біз келген соң басын көтерді.

Амандасу кезінде қолын алған Мұқан:

— Әпке-ау, қызуыңыз көтеріліп тұр ғой. Дәрігерге қаралдыңыз ба? — деді.

— Жоқ. Үйреншікі тұмау-сымау ғой әншейін. Баламды көріп, көңілім жайлана бастады, қарағым. Енді шай ішіп



«Сағым боп аққан сан жылдар,
Сарсаңға мені салдыңдар.
Тағдырлас маған, тағдырлар.
Қай жаққа кетіп қалдыңдар?»

Анасы да келді. Мені бұрыннан білетін бір баласындай маңдайымнан иіскеп, бауырына басты.

Біз отырған бөлменің бір бұрышына қойылған үлкен жазу үстелінің жазуға, оқуға арналған ойықтан өзге жерінің бәрі — төбеге жеткенше жиылған кітап. Шашы екіге жарылып толқынданыпқырап тұрған, бет пішіні берекелі, етженді Мұқағали киім киіп, қолына кітап ұстағанда менің көзіме Бальзакты елестетті.

Алматы туралы, жазушылар жайында, әдебиетке қатысты әңгіме-дүкен құрып, алма-кезек өлең оқып отырып түннің бір уағы болып кеткенін байқамай да қалыппыз. Кетуге рұқсат сұрағанымда:

— Қазір ол жаққа баратын көлік жоқ, бүгін осында қон, ертең асықпай барасың, — деді.

— Шешем келетінімнен хабардар. Жол қарап тағатсызданып күтіп жүрген болуы керек. Үй ішінің дәл маңына таяу жерге келіп мен де қалай жатам, тіпті ұйықтай да алмаспын, — дедім.

— Ананды айтып отырсың, әйтпесе жібермес едім. Жарайды, мен бір көлік жағын қарастырайын, — деп сыртқа шығып кеткен Мұқаң бір кезде қайта кіріп:

— Ал, кеттік, — деді. Далаға шықсам,

терлесем, жазылып кетем...

— Жоқ, болмайды. Мен мына дайын шанамен сізді ауруханаға алып кетемін. Колхоздың дәрігерлік пункті ол кезде Мұқағалилар тұратын бөлімшеде екен.

— Рақмет, айналайын. Баламды алып келгеніңнің өзі дәрігер алып келгеніммен пара-пар, — деген шешемнің сөзін жалғап, одан көз жазғым келмеген мен:

— Мұқа, көп рақмет. Анамның ауруы мендей бастаса, өзім-ақ ертең, бүрсігүні алып барармын, — деп ас ішіп болғаннан кейін зорға көндіріп, алғыс айта-айта жолға салдық. Баласы алыстан келген үй ішінің әңгімесі бітсін бе, шайдан кейін де шүйіркелесіп біраз отырып, енді жатуға ынғайланғанымызда тыста ит үріп, абыр-дабыр болып, «бұл кім екен» деп шам жаққанымызда есік ашылып, қасында сөмке ұстаған дәрігері бар Мұқағали күліп кіріп келе жатты...

(Ақынмен алғашқы кездесуі жайлы бұл естелігі Оразақын Асқардың М.Мақатаевтың 80 жылдығына орай бастаға дайындалған «Мұқағали мұраты» атты кітабынан ықшамдалып алынды)

МҰҚАҒАЛИДЫҢ ӘНГЕ АЙНАЛҒАН ЖЫРЛАРЫ



Нұрғали НУСПЖАНОВТЫҢ орындауындағы ән

САРЖАЙЛАУ

Әнін жазған: Нұрғиса Тілендиев

*Жазира, жасыл кілем өрнектеген,
Туған жерге, дарига, жер жетпеген,
Саржайлауым.
Кең өлкем, әлділей бер, сен деп келем,
Аңсап келем, сағынып, шөлдеп келем,
Саржайлауым.*

Қайырмасы:

*Саумал бұлақ — балдай дәрім,
Салқын самал — баурайларың.
Саялаған беу, туған жер.
Сағындырған Саржайлауым.*

*Армысың, ата қоныс, жасыл мекен,
Ұланыңмын мен сенің, қасыңда өтем,
Саржайлауым.
Басқаның жеруіығын неғылайын,
Жеруіығы өзімнің қасымда екен,
Саржайлауым.*

Қайырмасы.

*Жадырап жұтайыншы тау самалын,
Осы еді ғой сағынып, аңсағаным,
Саржайлауым.
Гүлдерім, шыриаларым, аршаларым,
Бәріне арнап мен бүгін ән саламын,
Саржайлауым.*

Қайырмасы.

*Жадырап жұтайыншы тау самалын,
Осы еді ғой сағынып, аңсағаным,
Саржайлауым.
Гүлдерім, шыриаларым, аршаларым,
Бәріне арнап мен бүгін ән саламын,
Саржайлауым.*

Қайырмасы.

*Жанымды жырға бөлеп, таң
атырған,
Әкем едің ақ таңда жасартылған.
Төліңнен айналайын жаңа туған
Айналайын еліңнен дара туған!!!*



1. Мұқағали Мақатаев қандай артықшылығымен қазақ поэзиясының Хантәңіріне айналды деп ойлайсыз?

2. Сіздіңше, Мұқағали қазақ әдебиетін қай тұрғыда байытты? Оның әдебиетімізге қосқан ең басты жаңалығы қандай?

3. Мұқағалитанушылар бүгінде ақынның қай қырын зерделеуді назардан тыс қалдырып жүр?

Исраил САПАРБАЙ, ақын:

ӘРБІР ӨЛЕНІ АҚЫННЫҢ ӨЗІ СИЯҚТЫ АҢҚЫЛДАК

1. Абай, Әлияс Жансүгіров, Қасым Аманжолов сияқты, өз заманына лайық туған, халқының қам-қарекетін, тағдыр-талайын жүрегіне қондырған ақындардың бірі — Мұқағали. Оның ерекшелігі — ешқандай әлемге, шеңберге сыймайтындығында. Қай өленін оқысаңыз да, туабітті ақын екендігін танысыз. Әсіресе оны эпикалық жанрдағы дастандарынан көруге болады. Неге Мұқағалидың өлендеріне ән көп жазылады? Себебі, оның әрбір өлені ақынның өзі сияқты аңқылдак. Ал ондай дүние кез келген жанның жүрегіне жол табады.



2. Ақынның ғұмыр жасы пенденің жасымен өлшенбейді. Қалдырып кеткен мұрасымен ерекшеленеді. Мұқағалидың басқа ақындардан артықшылығы — табиғи таланттың, ойының кендігінде, қазақтың қара сөзінің қаймағын бала кезінен қанып ішкендігінде.

3. «Қай қыры?» деуден бұрын «Жалпы, Мұқағалитану ісі қолға алынды ма?» десеңізші? Сонғы шыққан кітаптары туралы толыққанды әдеби сын мақалалар жоқтың қасы. Бұл — оқырманның салдыр-салақтығынан ба әлде бізде әдеби сындын жоқтығынан ба, себебін білмедім. Жасыратын несі бар, бізде әдебиетті сынап, зерделей білетін, қалыпқа түсіріп беретін әдеби сыншылар мүлдем жоқ.

Әр кезеңде, әр буында ақындар дүниеге келгенімен, олардың бірі болашаққа жол тартса, бірінің майшамы ерте сөніп жатады. Нағыз талантты уақыттың өзі-ақ екшейді. Ал біздің көзіміз жеткен шындық: Мұқағали — ұлы Абай сияқты мәңгілік жасайтын ақын.

МҰҚАҒАЛИДЫҢ ЕҢ БАСТЫ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?



Марфуға АЙТХОЖИНА, ақын:

МҰҚАҒАЛИ — ТЫЛСЫМ ҚАСИЕТКЕ ИЕ АҚЫН

1. Мұқағалидың ерекшелігі — өлендерінің халықтың жүрегіне жақындығында. Өйткені ол — ойында бүкпесі, бойында жасандылығы жоқ шынайы да табиғи талант. Біреудің сүйреуімен, қолдауымен ақын болған

кісі емес. Жаратылысынан ақын болып өмірге келген, ақын болып кетті де.

2. Ешкім де өзінің өмірден қай күні аттанатыны жайында алдын ала болжап айта алмайды. Ал Мұқағалидың қазақ поэзиясына қосқан жаңалығы — дүниеден өтетінін сүйіп қосылған жардан да, баладан да, жолдас-жоралан да артық көрген поэзиясы арқылы айтып кеткендігінде. Бұл оның кез келгенге бұйыра бермейтін асқан сезімталдыққа, мүмкін, тылсым қасиетке ие болғанын көрсетеді.

3. Әркім өзінше Мұқағали туралы сырларын, ойларын, шешімдерін, түйіндерін жазып жүр. Алайда Мұхан еске түскен кезде, өтпелі кезеңдерде ғана қолға алынып, қайта ұмыт қалатын ақын емес. Ол — уақытпен бірге жасайтын ақын. Оның бізге беймәлім сырлары өзінің поэзиясы арқылы ашыла бермек, бейнесі жаңара бермек.

Жарықтық Мұқан мені өте қатты сыйлайтын. «Мархаш» деп еркелететін. Осыдан біраз жыл бұрын Мәскеуге шығармашылық іссапарға барғанымда Александр Межиров деген сол кездегі атақты ақын менен Мұқағали жайлы сұрады. Ол Мұқағалиға Мәскеуде оқып жүрген кезінде сабақ беріпті. Сондағы Межировтың әрі тандана, әрі өкінішке бой алдыра отырып айтқан әңгімесі мынау еді: «Байқағаным, Мұқағали қанша ішіп жүрсе де ақыл-санасының сергектігін сақтай білетін. Ойын нақ айтатын. Бір күні сабаққа қатты қызу боп әрі кешігіп келді. Келе менен өлең оқуға рұқсат сұрады. Сосын Пушкиннің, Есениннің өлендерін жатқа оқи жөнелді. Сонда оның ақындарға деген керемет құрметіне, теңселіп жүрген кезінің өзінде де поэзияға деген махаббат жүрегін тербетіп жүретініне қайран қалғанмын. Өкініштісі, өмірден ерте кетті. Ондай ақындар ұзақ жасауы керек еді».



Зайда ЕЛФОНДИНОВА, ақын:

БІЗГЕ МҰҚАҒАЛИ ӨМІРІНІҢ ШЫНДЫҒЫН АЙТУ ЖЕТІСПЕЙДІ

1. Мұхан — халыққа жақын, бағы жанған ақын. Мен Мұханды алғаш 16 жасымда, 1970 жылы өткен поэзия фестиваліне келгенде көрдім. Ол кезде Мұхан көптің бірі болатын. Өлеңдерін бірі оқыса, бірі оқымады. Өйткені өлеңдері кеңінен таралмады. Дүниеден өткеннен кейін ғана бағы жанды. Мұханның ерекшелігі — оның өлеңін оқыған адам одан өзінің мұңын, ренішін, қуанышын, жалпы айтқанда өзінің өмірін көреді. Себебі, Мұхан — шыншыл поэзия жасаған ақын. Оның поэзиясы — халықтың жан-жүрегі мен көңіл күйі.

2. Шынымен халық Мұқағалиды неге жақсы көреді? Себебі, Мұқағали — өмірде

де, өлеңде де өтірік айтпаған ақын. Жылдаса, шын жылады, күлсе, шын күлді. Қатесі мен кемшілігін, мұны мен қайғысын жасырмай, сырлы сөзбен зерлемей, шынайы жырлады. Әйтпесе поэзияда өтірікшілердің көп екені жасырын емес. Мұқағалидың өлеңдерінде өзінің жаны тұлап тұрады. Сол табиғи болмысымен ол мәңгілікке сапар шекті.

3. Бізге Мұқағали өмірінің шындығын айту жетіспейді. Жалпы, бізде ақындарды өтірік мақтау басым. Орыстар өз талант иелерінің өмір шындығын еш жасырмайды. Қателескен тұстарын, кемшін мінездерін, жат қылықтарға бой алдырғанын, жеке тағдырын ешқандай боямасыз жазды. Рас, біздің қоғам оған әлі дайын емес. Алайда біз тұлғаларымыздың бейнесін қолдан салынған, табынып-сыйыпнатын сурет түрінде жасауға құмармыз. Иә, бірсудің жеке өмірінің түбін қазып, қазбалаудың қажеті жоқ. Әйтсе де ақын періште емес, адам ғой. Яғни, бізге Мұқағалиды адам ретінде зерделеу жетіспейді. Мұханның болмысын ұғуға көмектескен мына жайттарды айтып берейін. Бірде Жазушылар одағына жиналысқа бардым. Президиумда қазақ әдебиетінің маркаскалары отыр. Бір кезде әлдекімнің дүрс-дүрс басып келе жатқан аяқ дыбысы естілді. Сол-ақ екен, президиумдағылардың бәрі «Мұқағали келе жатыр» деп дабырласып қалды. Есікке қарасақ, шынымен Мұхан кіріп келе жатыр. Басында — тымақ. Байқағанымдай, әдеттегіше

сырт киімінің алдың айқара ашып тастаған. Кіре тымағын шешіп, қолына алды да: «Бір минут үнсіздік. Орыстың ұлы ақыны Твардовский қайтыс болды. Тұрындар орындарынан!» — деді. Бәрі орындарынан тұрды. Ал Мұханның екі көзінен жас парлап тұрды. Сонда ақынның ақынды аза тұтқан сәтіне және үлкен ағаларымыздың өздерінің де Мұханды құрмет тұтағынына, тіпті сескенетініне қайран қалғанмын. Тағы бірде мен, жұбайым Жұматай, Жарасқан Әбдірашев, Кеңшілік Мырзабеков, Мұхан, тағы да басқамыз мейрамханада ас толы үлкен үстелдің басында отырғанбыз. Ақындардың бәрінің қолында — қаламақы толы шабадан. Өлеңдер оқылып болғаннан кейін Мұхан әр ақынға мінездеме бере бастады. «Жұматай мықты, Жарасқан да одан қалыспайды» деп еді, Кеңшілік: «Мен ше?» деді жұлып алғандай. Мұхан: «Саған да келе жатырмын ғой» деп еді, арқалы ақын Кеңшілік «Жоқ, бұлардың бәрінен мен мықтымын!» деп қызбаланып шыға келді. Сонда Мұхан: «Адамға сөз бересіңдер ме, жоқ па? Ендеше, іштеріндегі ең мықты ақын — менмін», — деді бұрқ-сарқ етіп. Сөйтіп де үстелді итеріп, құлата салды. Салдыр-гүлдір ыдыстың дауысын естіп, мейрамхана қызметкері жүгіріп келіп еді, Мұхан оның бірдене деуіне мұрша берместен, дипломатын ашып, бір бума он сомдықты алдына тастай салды. Сосын мейрамханадан шығып жүре берді. Міне, Мұхан осындай алай-дүлей дауыл сынды мінезі бар жан еді.

Мұқағали Мағатаев



Аманхан ӘЛІМ, ақын:

МЫҚТЫЛЫҒЫ — ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫНА АДАЛДЫҒЫНДА

1. Мұқағалидың көп ақындардан артықшылығы — өлеңдерінің көше сыпырушыдан бастап президентке дейін, мектеп қана бітірген қарапайым адам мен ең жоғары оқу орнын тауысқан зиялы, білімді адамдарға да түсінікті болуында, оның поэзиядағы қарапайымдылыққа қол жеткізгендігінде. Әйтсе де «қарапайымдылық» дегенді «қарадүрсіндік» деп түсінбеу ке-

рек. Мұқағали оқырманна сенеді және оқырманын өзіне сендіреді. Ол оқырманымен әңгімелеспейді, сырласады. Бұл — нағыз ақынға тән қасиеттер. Кейбір ақындардың жазғанын қарапайым оқырман түсінбейді. Ал Мұқағали поэзиясында оқырманның қолы жетпейтін нәрсе жоқ.

2. Поэзия, жалпы, өнер, әдебиет жаңалық ашатын химия не математика емес. Меніңше, Мұқағалидың мықтылығы — дәстүр жалғастығына адалдығында. Ол — өзіне дейінгі ақындардың дәстүрін жалғастырушы мұрагер. Өзі айтпақшы, «күпі киген қазақтың қара өлеңін шекпен жауып өзіне қайтарды».

3. Мұқағали жайлы жазылған естеліктердің ешқайсысын оқығым келмейді. Себебі олар Мұқағалиды емес, өздерін көрсеткілері келеді. Мұқағалимен бірге қонаққа барғанын, темекі тартқанын, амандасқанын айтады. Мен де Мұқағалимен қол алысқанмын, қасында жүргенмін. Алайда мәселе Мұқағалидың жаны мен поэзиясына үніліп, соны сыр етіп айта білуде емес

пе? Мұқағалидың өзі орыс ақыны Николай Рубцов жайлы естелігінде онымен әңгімелесіп отырғандағы ақындық алымдылығын, біліктілігін, білімділігін, сезімталдығын сөз еткен. Орыстарда Рубцов туралы естелік кітаптар шықты, фильмдер түсірілді, суретшілер оның өлеңдерінің табиғатын ашу үшін суреттер салды. Бізде соның бәрі жетіспейді. Бізде ақынның табиғатын ашудағы дәстүр қалыптаспаған. Оның өлеңдері мен іс-әрекеттерінің қаншалықты үйлесімді болғанына мән бермейміз. Есімде ерекше сақталған бір оқиғаны айтып берейін. Бірде осындағы бір топ студент жолдастарыммен түстенуге барсам, Мұқағали орыстың ақ шашты әдемі қызымен әңгімелесіп отыр екен. Мұхан Есенин мен Блоктың өлеңдерін оқыған кезде көзінен, жүзінен оның әйел затынан өмірді, поэзияны көруін таныдым. Иә, әйелді жақсы көре білу, оның жан сырына үніле білу, онымен әңгімелесе білу дегеніміз — поэзия. Мұқағали шығармашылығының құдіреттілігі де сонда. Мұқағалидың «Әйелдер-ай» деген өлеңі осындай жағдайлардан кейін туған шығар деп ойлаймын.



Әмірхан МЕНДЕКЕ, *сыншы:*

ӘЛЕМ ФИЛОСОФИЯСЫН ЖЕТІК БІЛГЕН

1. Талантымен. Мұқағали Мақатаев сынды сирек таланттар 50-100 жылда бір-ақ рет дүниеге келеді. Мәселен, Абайдан кейін қандай сирек таланттар келді? Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров, Қасым Аманжолов, Мұқағали Мақатаев.

2. М.Мақатаевтың әдебиетке қосқан ең басты жаңалығы, ол әдебиетке қойылар планканы (талапты) тым биіктетіп жіберді. Өлең жазудың үлкен өнер екенін, ал ақынның өнер алдындағы жауапкершілігі ата-ананың өз перзенті алдындағы жауапкершілігінен де жоғары тұратын парызы екенін дәлелдеп берді.

3. Мұқағалидың білімін, білімділігін назардан тыс қалдырып жүр. М.Мақатаев әлем философиясын (оның ішінде Шығыс, Батыс философиясын, түркі философиясын, ислам философиясын), әлем поэзиясын (ең аяғы сығандардың поэзиясын да) өте жетік білген. Бұл оның өлеңдерінен де айқын байқалады. Осыны саралап айтып беру назардан тыс қалып келеді.

Жарас СӘРСЕК, *ақын:*

АДАМ, АЗАМАТ МҰҚАҒАЛИДЫ ЗЕРТТЕУ МҮЛДЕ ҚОЛҒА АЛЫНҒАН ЖОҚ

1. Поэзияда «өлеңді қолдан жасау» деген бір түсінік бар. Ал ондай дүниеде жан болмайтыны бесенеден белгілі. Ондай өлеңге көз жүгірткенде, пеші бар, алайда жылуы жоқ үйде отырғандай әсерде боларыңыз хақ. Ендеше Мұқағали поэзиясының құдіретін осы тұстан ізлеген абзал ма деймін. «Қайтсем де жазуым керек, жаза беруім керек, кітабым қалындай берсін» дейтін пенделік қағидадан бойын аулақ салған талғампаз ақынның бірі — Мұқағали. Ең бастысы, көзі тірісінде-ақ аңызға айналған ақында сөз патшасына деген орасан сүйіспеншіліктің орны бөлек. Өлең жазбаса да басқа қабілеттерімен-ақ өмір сүрудің көзін таба қоятын ақындар болады. Мұқағалидың болмысында ондай қасиеттер жоқ сияқты көрінеді де тұрады. Оны өлеңінен бөлек қарастыру ақылға қонбайды.

2. Мұқағали өлеңдерінде көсемсу, шешенсіну, ақыл айту сияқты ыздиган мінез жоқ. Оның өлеңдері кез келген адамның жан түкпірінде жатқан сырына, мұңына жол тауып барады. Ол сенің жүрек тұсыңнан сөйлеп тұрады. Өзінді өзінмен сырластырады.

3. Бізде Мұқағалиды ақын ретінде түсіндіру жағы басым. Адам, азамат Мұқағалиды зерттеу мүлде қолға алынған жоқ десең те болады. Ақынды зерттеу, зерделеу жағына келгенде орыс ағайындардан үйренеріміз көп-ақ.



Сауалнаманы жүргізген Мәдина СЕРІКҚЫЗЫ, madina_seit@mail.ru



Марат ҚАБАНБАЙ, *жазушы:*

«ЖАН АЗАСЫ» – АҚЫННЫҢ ЖАРЫҚ ДҮНИЕМЕН ЖЫЛАЙ ҚОШТАСУЫ

қаптап жүретін өрім жастардың бетін жел боп желіп көрмепті. Қақырата қатты айтқандағысы — «Әй, қызталақ!»

Ешкімді мақтамайтын да, жамандамайтын да. Және де білімсінбейтін. «Е, тума талант түк оқымай-ақ жаза береді екен ғой» деген осы кезде қалыптасқан теріс түсінік көп ақынға кейін кесір боп тиді — оқымау қағидаға айналып, ақыры аяқтарына жем түсті.

Бұрынғы «Есік» кафесінде Мұқанды ортаға алып, қау-қауласып отырғамыз. Шашы жып-жылтыр бір семит шал кітаптарын құшақтап қасымызға жайғасты.

— Болдер ме? — деді Мұқан түр етіп. Екеуінің аузы бір-біріне жабысты да қалды. Болдер, Уитменнің «тәртіптері» талқыланып, әңгіме аяғы Португалияның 400 жылдық тарихын өлеңмен баяндап беріп кеткен Комоэнс деген біреуге ауысты. Кетерінде әлгі кішкене шал — филологияның

профессоры, докторы екен — Мұқанның шәугімдей басын көтере құшақтап тұрып:

— Жаным жадырап, бір жасап қалдым. Мұндай телегей-теніз білімді қазаққа алғаш кездесуім, — деді.

«Мұқан қайтыс болыпты» деген суық сөз Алматы көшелерінде оқтай зулады.

...Кімді өлтіріп алғанын кеш білетін қазақ бұл жолы да аһ ұрып, жер тоқпақталы. Өтірік жылағандар — қырғын.

Мұқағалидың жер жүзінің әдебиетінде теңдессіз, алабөтен бір шоқтықты шығармасы бар, ол — «Жан азасы». Білетіндер ауруханада ажалын тосып отырып жазған десседі. «Жан азасы» — ақынның жарық дүниемен жылай-жылай қоштасуы әрі бізге қалдырған өсиеті, оның үстіне бұдан былайғы мәңгілік мекені — қара жер қойны — көрге ізетпен сәлем беруі-тін...

(«Есіңе мені алғайсың», Алматы, 2010 ж.)

...Менің таңғалғаным — о кісінің мүлдем кереғар екі мінезі-тін. Біріншісі — Жазушылар одағының небір беделді жиылыстарында мырын хатшылардың бетін тіліп-тіліп ақыра айтып, залдан тәнселіп шыға беретіні... Екіншісі, тап сол Мұқан көшеде кен дүниеде мүлдем басқа адам-тын — төңірегінде көбелектей



Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА,
әнші:

«БІЗ ЕКЕУМІЗ ШМАГАМЫЗ» ДЕУШІ ЕДІ МҰҚАҒАЛИ

... 1950 жылдардың басы еді. Екеуміз де радиода істейміз. Ол — диктор, мен — әнші. Мұқағали, кейін білгенімдей, сол кезде институтта оқиды екен, мен консерваторияның студенті едім. Мұқағали хабарлар оқиды. Сосын концерт береміз. Қалжыңбас еді. Өр еді. Мінезі тік екені аңғарылатын. Көңіліне әлдене жақпай қалса дереу айтып тастайтын.

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА,
ақын:

ЖЫЛЫЛЫҚТЫ АҢСАҒАН ЕКЕН

... «Фариза, Фариза ақын, Фариза қыз!» деп басталатын ағыл-тегіл шумақтар. «Мұны кім жазуы мүмкін!» деген оймен бірінші паракты оқи сала, шыдамай алты бет өлең-хаттын соңына көз жүгірттім. Мұқағалидың өлең-хатын алып, алқымға тығылған жұдырықтай кесекті жұта алмай, көзімнен шығардым. Сол түні Бакуге ұшуым керек еді. Үйге келіп, жолға жиналып жатсам, кешкі сегіз жарымның шамасында біреу телефон соғалды. Лашын женгей екен.

— Аған саған хат жіберіп еді, соны алды ма, алмады ма деп қайта-қайта маған айттып, мазасызданып жатыр. Ауырынкырап тұр аған, ауруханада... — деп женешем сөзінің сонын жұтып, бөсең сөйледі.

Мен хатты бүгін ғана алғанымды, өзім Жазушылар одағының тапсырмасымен түнде жолға жүріп бара жатқанымды айттым.

— Көп сәлем айтыңыз, келген бойда өзім барамын, — деп хош айтыстым.

Адамның онсыз да қысқа ғұмыры тек

Мені қатты сыйлайтын. Өнерімді де, өзімді де қадірлейтін. Кездесе қалсақ, мені иығымнан құшақтап: «Біз екеуміз Шмагамыз ғой», — деп күлуші еді. Алғашында «Неге Шмагамыз» дейді екен?» деп білінкіремей жүрдім. Сөйтсем, «Без вины виновата» дейтін орыс спектаклінде бар образ екен бұл. Бос жүрген, келдей, жағдайы жоқ адам. Бір күні сол қойылымды арнайы барып көрдім. Шмага, былайша айтқанда, жағымды кейіпкер емес. Мұқағалидың мені неге осы кейіпкерге ұқсатқанына түсінбегеніммен, кейін екеуміздің де сол кезде қосымша жұмыс істеп, нан тауып жүргенімізге байланысты айтқанын аңғардым.

Өз басым Мұқағали туралы түрлі әңгіме естігеніммен, оның нашар мінезін көрген емеспін. Қашан да күліп жүретін еді. Өзіне жарасымды жымыспен күлетіні бар-ды. Шашы қалың еді, дода-дода болып жүретін. Жұрттын шырқын бұзып, бейберекет сөйлеген кезін көргенім жоқ. Мұқағалидың өзі маған өлен арнағанын айтқан емес.

Мұқағалидың да, Жұбан Молдағалиевтің де маған өлен

арнағанын кейін ол кісілер марқұм болып кеткенде бір-ақ білдім ғой.

Мұқағали өз уақытында көп бағаланған жоқ. Бәлкім, Мұқағали сөйтіп асыптасып, арнасынан төгіліп жүрмесе, артында қазір қалың жұрт сүйіп оқитын өлеңдері қалмас па еді... Қалай дегенде де, ақынды түсіну қиын ғой.

(«Мұқағали» журналы №1, 2005 ж)



Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ,
ақын:

ҚАЗІР МҰҚАҒАЛИДЫҢ ЖАУЫ ЖОҚ

... Мейірімге, шуаққа толы Мұқанның көкірегі қандай кең еді. Баладай таза, баладай сенгіш, көңіліне секем алмайтын осынау жанды жақсы көрмейтіндер тіпті аз еді Алматыда...

...Көнетоз қара бәтенкесін жерге нығарлай басып Еркін Ібітанов Панфилов көшесіндегі кітап дүкеніне кіріп келе жатты. Қасында ұзын бойлы, ақсары әлемі жігіт бар.

— Мына кісі — былтыр «Жұлдызда» өлеңдері шыққан Мұқағали Мақатаев, — деді Еркін. Мен жүзі нұрлы, көзі шуаққа толы әдемі жігіттің қолын алып, оның өлеңін жатқа оқи бастадым. Мұқағали ағам маған аса бір мейіріммен қарап қалды. «Тұманбай, мен сені бұдан кейін Тұмаш деп атайтын болам», — деді. «Мені шешем, ауылым солай атайды, аға», — дедім. Содан бастап ол аға, мен іні болып кете бердік...

Мұқағалисыз қазақ жырының аса бір құнды қазынасы кем болар еді... Арналы өзен екеніне, жырдағы таусылмайтын, бітпейтін дария екеніне Мұқағалиды көзі тірісінде сендіру қиындау еді, әрине.

Қазір Мұқағалидың жауы жоқ, оған жұрттың бәрі де дос. Кен дүниеге сыя алмай кеткен ақын бауыр туралы менің жүрегімде өкініш те, аңсау да, сағыныш та жатыр.

Табиғатында жомарт, кішік жанның бойынан бұырқана атылған жыр жанартаулары өлең өлкесінің құты болғалы қаншама жыл өтті.

Мұқағалидың әдебиеттегі орнын іздеп әлдекімдер әуре боп жүр. Менің айтарым — ол өз орнында тұр. Әдебиетте бірінші, екінші орын деген орын жоқ. Абай бастаған ұлы жыршылардың қатарында қасына Жүмекен мен Төлегенін ертіп Мұқан да кетіп бара жатыр...

(«Мұқағали», Алматы,
«Жалын», 1995 ж)



өкініш пен қоштасудан тұратындай көрінеді кейде маған. Егер мен со жолы Мұқағали ақынның аласұрып, дүниеден бір жылылық көріп кетуді армандап жатқанын ұққан болсам, Баку сапарын ысырып тастап жанына барып, маңдайына тигізген алақаным арқылы жанымның бар жылуын тұла бойына таратпас па едім?!

(«Мұқағали», Алматы, «Жалын», 1995 ж)



– **Габбас аға, «Мұқағали Мақатаевты көзі тірісінде Жазушылар одағынан шығарып тастаған, қайтыс болғаннан кейін Әбділда Тәжібаев одақ мүшелігіне қайта қабылдатқан» деген әңгімелерге тосқауыл қойып, ақиқатын айтып естелік жаздыңыз, «Мұқағали Мақатаев та, Тоқаш Бердияров та Жазушылар одағының мүшелігінен шығарылған емес» дедіңіз.**

– Иә, Мұқағали да, Тоқаш та Жазушылар одағының мүшелігінен шығарылған жоқ. «Шығарды» деген – әлдекімдердің алыпқашты сөздері. Аталған екі ақынның Қазақстан жазушыларының сол жылдардағы құрылтайларының бәріне ресми делегат болып қатысқандары тиісті құжатпен дәлелді. Мұқағали туралы естеліктер жинағында бұл жайында толық айтқаным бар, «Қазақ әдебиеті», «Жетісу» газеттерінде де шыққан, қайталамай-ақ қояйын.

– **Дегенмен біздің журнал оқырмандары үшін бірер сөзбен айта отырсаңыз деймін.**

– Онда кеңірек баяндайын. 1973 жылдың аяқ шенінде бір күні бөлmemнiң есігі айқара ашылып, алып денелі Мұқағали кіріп келді. Ұшып тұрып сәлем беріп, қарсы қабырға іргесіндегі диванға жайғасуына ишара жасадым. Ол диванға емес, орындыққа отырды (мен ол кезде КСРО Әдеби қорының қазақ бөлімшесінде директорымын).

– Диваныңа отырмағанымға ренжіме, қызғалақтың жұмсағын да, қаттысын да көріп жүрмін ғой, ауруханадан кеше шықтым. Саған келген себебім: сенің анау бұғалтырын бар ғой, сол менің «көкқағазымды» көрсе-ақ жаман шошиды, ей! Соған айтарыңды айтшы, – деді.

– Шошығаны қалай? – дедім ештеңе түсінбей.

– Өзінен сұра, – деп сәл жымыды да, тымаққа бергісіз малақайын алып, диванға тастай салды.

– Қазір сұрайын, – деп орныма бардым да, бас бухгалтер Фарида Миникееваны шақырдым.

Габбас ҚАБЫШҰЛЫ, жазушы:

...ІШКІШ БОЛЫП ЕШКІМНІҢ БАСЫН ЖАРЫП, КӨЗІН ШЫҒАРҒАН ЖОҚ

Факен не үшін шақырылғанын аңғарса керек, қолындағы «көкқағазды» – еңбекке жарамсыздық жөніндегі бюллетеньді маған ұсына жақындап, Мұқағалиға қарап: – Бұларыңа ақша төлеуге правомыз жоқ десем, мына тентек ұқпайды, – деді.

– «Правомыз жоғы» қалай? – дедім.

– Литфондтың мүшелігінен шығарылды ғой. Постановлениені алып келейін, көріңдер, – деп Факен кабинетіне кетті. Кайталан келіп, бір паракты алдыма қойды. Бөлімшенің ресми бланкісінде «Постановление правления» деп орыс тілінде сайрап тұрған қаулының тұжырымында: «Мұқағали Мақатаевтың КСРО Жазушылар одағының мүшелігінен шығарылғаны КСРО Жазушылар одағы Әдеби қорының мүшелігінен де шығарылғаны болып табылады» делініпті. Қаулыға бөлімше директоры Әбдірашит Ахметов қол қойып, мөр басқан. Қаулыны алдым да, Жазушылар одағының бірінші басшысы Әнуар Әлімжановқа бардым. Бөлмесінде онаша екен. Мән-жайды айтып, әлгі қаулыны ұсынып:

– Мұқағалиды одақ мүшелігінен шығарғандарыңыз рас па? Секретариат мәжілісі шешіп пе еді? – дедім. Әнекең қабақ шытып, басын шайқап:

– Бір рет сыртынан ақылдасқанбыз. Біріміз «одақтан шығарайық» деп, біріміз «мүшелігін бір жылға тоқтатып, шартты жаза қолданайық» деп талқылағанбыз. Мен ол екі ұсынысқа да келісім берген жоқпын. Ол Мұқағали ғой! – деді.

– Онда мына қаулыны зансыз деп Мәскеуге хат жіберемін де, о жақтың

жауабын тоспай-ақ Мұқағалиға бюллетеньдерінің ақшасын төлеп береміз, – дедім.

– Сөйт, дұрыс, – деді Әнекең.

– Рақмет, – деп шықтым да, бухгалтер бөлмесіне кіріп:

– Факе, тентегіңіздің мүшеліктен шығарылғаны бекер, мынау қаулы күшін жойды, Мұқанды тостырмай, бюллетень ақшасын төлеңіз. Ал сен, Мұқа, енді ауырғанды қой, келістік пе? – дедім. Мұқағали менің Әнуардан не хабар әкелетінімді күтіп бухгалтерияда отыр екен. Ол тісі ақсия күлімсіреп:

– Е, бәсе, – деді.

Мұқағалиды Жазушылар одағынан шығару кімге керек болғанын тап басып айта алмаймын. Мұрағатжайда мәжіліске кімдердің қатысқаны, Мұқағали Мақатаевтың одақтан шығарылғаны айтылған бір жапырақ қағаз ғана бар. Мәселе қалай талқыланды, кім не деді, Мақатаев қатысты ма, ол не айтты, шешім неше дауыспен қабылданды... ол туралы бір ауыз сөз жоқ. Мәжілісті басқарманың төртінші хатшысы Олжас Сүлейменов жүргізген де, жұмбақ қаулыға да сол қол қойған. Әнуар Әлімжанов ол уақытта Мәскеуде болыпты. Жазушыны одақтан шығару былай тұрсын, әлдебір кінәсі үшін шара қолдану бірінші басшының қатысуынсыз талқыланбайды. Яғни ол қаулы – не Әнуардың, не Мұқағалидың аяғынан шалудың әрекеті. Қаулының жалған екенін сол мәжіліске қатысқан үшінші хатшымыз Қалаубек Тұрсынқұлов, КСРО Жазушылар одағы басқармасына жолданатын ресми құжаттарды қолынан



«Сайраңдап күнде келетін, Саялы баққа бара бар. Сан етін ойып беретін, Қай жақта жүрсін, ағалар?»

өткізіп отыратын Қалихан Ысқақов менін сұрағыма орай дәлелдеп берді.

– Мұқағали ағамыз жайлы аңыз жетерлік. «Ішкіш болды, өйтті де бүйтті» дегендей...

– Ол ішкіш болып ешкімнің басын жауырып, көзін шығарған жоқ. Күдай берген мінезінде ешкімге бас имейтін, кім туралы, не жайында болсын ой-пікірін тура да қатты айтып тастайтын өрлік бар еді. Ондайда кейде, рас, қызынқырап жүріп, ағаттыққа ұрынатын. Жұмыр басты пенде періште бола алған ба?!

– Ақынның көзі тірісінде кітаптары аз шыққаны, ескі пәтерде тұрғаны, ешбір атақ алмағаны көп айтылады. Сол рас па? Рас болса, не себепті? Мұқаң Марксті, Ленинді, яғни заманын жеткілікті жырлады, олай болса, Кеңес өкіметіне несі жақпады?

– Бізде бүгінде қит етсе Кеңес өкіметін жамандайтын ауру бар. Сол өкіметтің арқасында атқа мінгендер ерекше құлшынып сайрайды. Кеңес өкіметі Мұқағалидың өлең, жыр-дастандарын газет-журналдарға шығартпай қойған жоқ, кітаптарын іркіп тастамады. «Одақтан шығарып жіберген» Әнуар сол «оқиғадан» кейін Мәскеуге, Бүкілодақтық әдебиет институтына оқуға жібергенде, өлеңдерін орыс тіліне аудартып, өзі алғысөзін жазып, «Зов души» деп ат қойып, Мәскеудің баспасынан шығартқанда Кеңес өкіметі «Бұл қалай? Мақатаевты неге қолдайсың?» деген жоқ. Пәтер мұқтажың көп тартпады. Атақ берілмегені рас, оны бүгін сөз етудің керегі де жоқ. Мұқан туралы сыбыр-күбірді көйткендер — оның ұлылығын, талант құдіретін көре алмаған жыбырлақ күншілдер.

– Мұқағалиды Мәскеуге, Бүкілодақтық әдебиет институтына жіберер алдында Әнуар Әлімжановқа жағдайын айтып хат жазған дейді...

– Ол рас. Түсінікті болу үшін Мұқағалидың Әнуарға жазған хатынан үзінді келтіре кетейін:

«...Өзіңе белгілі болар, биылғы жыл (1973) маған оншама қуаныш әкеле қойған жоқ әзірше. «Жұлдыздан» мені босатқан, ол кезде сен ОАР жаққа кеткен едің. Сенің келісімің болды ма, жоқ па, ол жағы маған әлі белгісіз. Өзім де кінәлімін, әрине, дегенмен де, дәл Жаңа жыл келгенде, балаларымның көрегінен ажырататындай ешкімге еш нәрсе істей қойған жоқ едім...

Әнуар! Бүгінгің қызығынан, ра-

хатынан, байшылық-баршылығынан қаншама безініп, болашақ үшін, қауым үшін өмір сүрейін десем, менің қазіргі болмыс-тұрмысым соншама езіп, жаншып, жуасытып барады. Өзім жарық дүниеге әкелген балаларымнан артық бақыт жоқ маған. Соларды ойлаймын, қиындап кетті...

Өтініш: егер менен үмітіңді біржолата үзбесең, мені өзіңнің қарауыңа жұмысқа ал. Ақындығы да, таланты да, атағы да құрысын, балаларымның жоқшылықта болуын көргім келмейді. Бәрі де ержетіп, естері кіріп қалыпты, ұялып жүрмін солардан...»

Бұл хаттан кейін екеуі жақсылап әңгімелескен болар. Көп кешікпей Мұқағали Мәскеуге, Бүкілодақтық әдебиет институтына оқуға жіберілген. Ол Әнуардың мұндағы «достарынан» уақытша болса да қол үзсін, үлкен ортаны көрсін, оқысын, ойлансын деген қамқорлық ниеті ғой. Бірақ Мұқағали тиянақтап оқи алмады.

– «Ақынның ішіп жүрген күйін пайдаланып, өлеңін араққа сатып алып иемденіп кеткендер, сыраханادا тойдырып, тапсырыспен өз атынан өлең жаздырып алғандар болды» дегенді де естігенім бар...

– Жанар қалқам, оның бәрі — әлгі жыбырлақтар таратқан өсек. Бұған дейін естігенімді осы жерде ұмыт және бұдан былай құлағыңа жолатпа, келістік пе?

– Келістік, аға. Мұқаңда ғашықтық жырлар аз емесін білесіз, ал енді соларды жазу себебіне немесе нақты біреуге арнағанына куә болғаныңыз бар ма?

– Саясаткерлер айтатындай, мұның жақсы сұрақ болды. Жауабым: ақын нәзік сезімді жаратылыс қой. Жалпы, өсемдікке, әдемілікке, көркемдікке тез құштарланады және ол сезімін сыртқа тез шығарады. Ару қыз-келіншектің түр-түрін көрген сайын шабыты лап етіп, лаулап жүре береді. Оның бәрін ғашық болып қалу демелік, ол — ерекше сұлулыққа тәнті болу, соны жырлаудан ақындық ләззат алу. Ал Мұқанның ғашықтық бір халіне куә болдым. «Жазушы» баспасында, атын айтпай-ақ қояйын, шынында, сұлу келіншек болды. Ақын ағамыздың соның бөлмесіне барып, басқалардың көзінше ғашықтық жыр шумағын төгіп-төгіп жібергенін біре рет көрдім.

Мұқанның келе жатқанын байқаған келіншек тығылып қалатын болды. Мұқан оның үстеліне қарап сәл тұратын да, күбірлеп шығып кете баратын. Сондай қылығының жөн емесін айтқанымда маған жорта ажырайып қарап: «Сендер не білесіңдер, көп қызталақ!» дегені бар.



Мәдина ЕРАЛИЕВА орындаған әндер

КҮРЕҢ КҮЗ

Әнін жазған: Гүлнәр Дәукенова

Күн-күрең менің реңім,
Қош енді, қош бол, күрең күз.
Жаз келер және жас-жасыл,
Жақсылық тағы тілермін.
Жадырап өмір сүрермін,
Қош енді, қош бол, күрең күз.

Қайырмасы:

Қош енді, қош бол, күрең күз,
Күрең мұң саған жібердім.
Күлермін деп ем түнердің,
Білермін, қалай білермін.

Жыртылып жатыр күрең жер,
Күрең жер тозған кілемдер.
Күрең тау, аңғу күрең бел,
Күрең бел жиган кілемдер.
Жаз келер және жас-жасыл,
Жасауын жердің түгендер.

Қайырмасы.

Қош енді, қош бол, күрең күз,
Ақ қысты тездеп жібергіз.
Ақ қыстай атпақ бір елміз,
Шырығын біраз жүрерміз,
Шытығын өмір сүрерміз,
Қош енді, қош бол, күрең күз.

ЕСІҢЕ МЕНІ АЛҒАЙСЫҢ


Әнін жазған: Елена Әбдіхалықова

Нұр жауып тұрған көктемде,
Гүл тере барсаң бөктерге,
Қоңыраулапқан аспанды,
Найзағай шапшып өткенде,
Есіңе мені алғайсың!

Қаз бауыр бұлттар маңғанда,
Орманға жазда барғанда,
Арманда, жаным, арманда,
Оңаша жалғыз қалғанда,
Есіңе мені алғайсың!
Арманда мені арманда,
Жоқ деген сөзге алданба,
Есіңе мені алғайсың!

Қараша келген шақтарда,
Құлазып тұрған бақтарда,
Жапырақ жайрап жатқанда,
Қурайлар сыңсып жатқанда,
Есіңе мені алғайсың!

Ақ ұлап жерді жасқанда,
Ағаштар сырға таққанда,
Бозарып атқан ақ таңда,
Бозарып тұрып ақпанда,
Есіңе мені алғайсың!



– Естелігіңізде ақынды соңғы рет көргеніңізді де жазыпсыз...

– Мұқағалиды ақырғы рет көргенім 1976 жылдың қаңтарында, әлде ақпанында шығар. Бірде кабинетімнен түскі үзіліске шыға бере онымен бетпе-бет ұшырастым.

– О, Мұқа, ассалаумағалейкум! – дедім.

– Уағалейкумассалам! Кабинетіне кірейік, сенде срочный шаруам бар, – деді. Аурухана иісі мұңқи қалды.

– Сұлу медсестраларын дәріге шомылдырып жіберген бе, немене? – деп қалжындай кірдім бөлмеге. Оның алып денесі мүжіліп кеткенін аңғарып, іштей тіксіндім де.

– Аяушы ма еді қызталақтар, аямайды ғой, – деген Мұқан кең пальтосының түймелерін ағыта бастады. Пальтосының астында – аурухананың таныс киімі: түсі оңған бозғылт пижама, сарғыш көйлек.

– Ойбай-ау, Мұқа-ау, тоңып кеткен жоқсың ба? Мұның не, бұл қай жүрісің? – дедім.

– Бұл ағанда тонатын дене қалған жоқ, мынадан төмен қарай, – деп ол кіндік тұсына алаканын көлденен ұстады, – міне, мынадан төмен қарай укол салмақ тұрғай, кездік сұғып алсаң да түк сезбейді қызталақ. Тихий часта тырағайлап қашып келдім, бауырым, сен жаман ағана ақырғы рет бір көмек көрсет, мә, арызым, – деді де, бүктелген парақты ұстата салып, диванға барып жантайды. Қағазына көз тастадым. «Денсаулығымның нашарлап бара жатқанын ескеріп,



материалдық көмек көрсетсеңіздер екен» деген жалғыз сөйлем жазып, қолын қойыпты.

– Қашсан, қашып-ақ кел, бірақ «ақырғы рет» деген сөзді айтушы болма! – дедім қатқыл сөйлеп. Ол «Сен менің Токтарбай ініммен түйдей құрдас екенсің, маған інісің» деп іштартып жүретін. Мен сол сезімін пайдаланып әдейі батыра айттым. Ол жымыды да қойды. Бухгалтериядан кассир қызды шақырып алдым да, арыздың етегіне «150 сом» деп жазып, кассирге тез алып келуді сыбырлап қана тапсырдым...

– Әзірше осыны ала тұр, әлгі максимальный мөлшер дегеніміз ғой, кейінірек тағы көрерміз,

– дедім. Ол ақшаны қалтасына «бісімдә» деп салып, ордерге қолын қойды... Одан соң мені кең құлашын жая құшақтай бере сәл кідірді де, көзін көзіме қадап, маңдайыма маңдайын тіреп: – Көп жаса! Қош бол! – деп қыстыға күбірледі де, баяу бұрылып, жылжып кете барды. Менің жанарыма жас іркілді...

1976 жылдың қарашасында қалалық ауруханаға түстім. Бір күні дәлізде Баян атты таныс медбике кездесіп, екеуміз өткен-кеткен жайттарды еске ала біраз өңгімелестік. Мұқан ауруханада соңғы жолы жатқанында бір күні түскі астан кейін іздегендерінде табылмай, Баян қатты

«Қыз деген құрғыр – сағыныш»
Мария Пальчикованың Мұқағали шығармалары бойынша сериялы туындыларынан

абыржыпты. Мұқанның кешкі асқа дейін, әйтеуір, аман-есен келуін тілеп, іштен тынады. Мұқан кешкі асқа жарты сағат қалғанда келіпті. Газетке орап құшақтап алған нәрессі бар. Қатты деміккен. Аяғын әрең басады. Баян тұра ұмтылып, қолтығынан демеп, палатасына апарды. Ағатайы ораулы нәрсені оған ұсынып, деміге отырып, емірене қарап: «Айналайын, қарындасым... қызым... айналайын, андағы саған... сендерге... осындағы қыздарға... апар, апар!» – депті.

– Ораулы нәрессің ем-дом бөлмесіне алып барып қарасам – бір бетелке шампан, бес құты иіссү, кемінде үш келі кілең қымбат конфеттер, екі тақта шоколад, – деді Баян. Мен ол жайттың Мұқағалидың әлгі сонау «тихий часта тырағайлап қашып келдім» күні болғанын іштей тұспалдап үлгердім. «Қайран құдіретті Аға-ай! Өйтпесен, Мұқағали болармысың!» дедім іштей...

Сұхбаттасқан Жанар ҚОЙЛЫШ,
koilysh@mail.ru

Қайша ТӘБӘРІКҚЫЗЫ,

Қытайда тұратын қандасымыз, аудармашы, белгілі қаламгер:

МҰҚАҒАЛИ ӨЛЕҢДЕРІН ҚЫТАЙЛАР ІЗДЕП ЖҮРІП ОҚЫДЫ

Мұқағалидың өлеңдерін тәржімелегенде мен Санжы облыстық әкімдіктің Хатшылар басқармасының бастығы болып жұмыс істеуші едім. Біздің басқармада Мұратбек деген қазақ жігіті бар еді. Қашан көрсем, қолынан бір кітапты тастамай оқып жүретін. Бір күні: – Ей, Мұратбек, қолыңдағы кітапты тастап, жұмыс ітессейші, – дегенім сол екен, ол: – Апай, мынау – Шыңжаң жастар баспасынан шыққан «Қаздар қайтып барады» деген өте керемет кітап. Авторы – қазақстандық Мұқағали деген ақын. Сіз оқысаңыз, жылайсыз, – деді.

– Мені жылататындай қазақта қандай ақын бар?! Қазір жиналысқа кіргелі тұрмын. Мен шыққанша бес-алты өлеңім тандап қой, – дедім. Жиналыстан шықсам, Мұратбекім ақынның біраз

өлеңін дайындап отыр екен. «Ал, оқы» дедім. Мұратбек оқи жөнелді. Алдымен «Соқпақ», «Поэзия», одан кейін «Махаббат диалогы», «Бабалар, сіздерге рахмет»... Оқып жатыр, оқып жатыр... Алла, не деген керемет!

– Мұратбек, тоқта! Мына қытайдың жұмысын қойыық, – деп ескіті ішінен құлыптап, – сен оқып отыр, мен сөзбе-сөз қытай тіліне тәржімелейін, – дедім. Сөйтіп, екі сағат он минутта алты өлеңді аударып болдық. Болғанша көзімнің жасы сорғалап ағып тұрды. «Тәубе, қазақта да осындай өлең жазатын керемет ақын бар екен ғой» деп таңғалып Мұратбекке:

– Ертең ағанда Хатшылар басқармасында жиналыс болады. Автордың атын жазбай, өлеңдерді көбейтіп, қытайларға таратып берейін, – дедім.

Хатшылар басқармасында менен басқа 14 қытай хатшы бар. Бәрі ақын, жазушы ғой. Ертесіне Мұқағалидың өлеңдерін бәріне үлестіріп бердім. Әлгілер оқып алып: «Не деген керемет өлеңдер, қайсы өлкенің ақыны?» деп таңдай қағысты. «Кімнің өлеңі, қайсы өлкенің ақыны?» деп қазбалап сұрап отырғандары – қытайдың атақты ақындарының бірінің өлеңі деп дәмеленіп отырғаны ғой.

– Қазақстандық Мұқағали Мақатаев деген ақынның өлеңі, – десем, қытайлар:

– Мұқағали деген қазақ па? – деп шу ете түсті.

– Иә, мен сияқты кәдімгі қазақ. – Үй, о немелер де өлең жаза ала ма екен? – демесі бар ма?!

Қытайлардың осы сөзінен кейін қасақана Мұқағалидың өлеңдерін тәржімелеп, Қытайдың ең таңдаулы 5-6 журналына жарияладым. Қытай оқырмандары іздеп жүріп оқыды десем, артық айтқан болмаспын.

(«Есіңе мені алғайсың», Алматы, «Сарыжайлау» қоғамдық қоры, 2010 жыл)



Бекзұлтан НҮРЖЕКЕЕВ,
«Жалын» баспасының директоры, жазушы:

ОЛ – ӨЗІ АЙТПАҚШЫ, БОЛАШАҚТЫҢ АҚЫНЫ

«Қадыр – найзалы ақын. Дәуірдің, уақыттың өзі жаратқан өміршең ақын», – деп кетеді Мұқағали. Ал енді Қ.Мырза Әли «Иірім» атты кітабында сіздің осы ойыңызға мүлде қарсы пікір айтады. «Мұқағали маған: «Бәрібір сен бекер ақын болғансың», – деді» дей келіп, «...оны көбіне пенделік жеңіп кете беретінін...» алға тартыпты. Қайсыңызға сенуге болады?

– Пенделік деген нәрсе данышпаңда да, ақымакта да бола береді. Бірақ данышпаң адам сол пенделікті шешуші жағдайда жеме-жемге келгенде жеңе алады. Алғаш повесімді жариялауға қол ұшын бергенін былай қойғанда, мен Алматыға көшіп келген соң, «Сен «Жазушы» баспасының директоры Әбілмәжін Жұмабаевқа кіріп шық. Кітап шығаруға өтінішінді апарып бер. Ол кісі сені сырттай білуі де мүмкін. Өйткені бәрін оқып отырады», – деген болатын. Сонысы рас болып шықты. Сөйтіп, ауылдан келген, кітап шығарудың жөн-жосығын әлі біле бермейтін маған Мұқанның өз інісіндей көмектесуін мен пенделіктен жоғары

тар!», «Қарлығашым, келдің бе?», «Мавр», «Дариға жүрек», «Шөп жапырақтары» деген бес кітабының көлемімен бірдей екен. Мұны қазақ шөміштен қағу дейді. Ал оны шөміштен қағып отырған өзінің замандасы, мақтап пікір айтқан досы «Жазушы» баспасында поэзия бөлімін басқарып отырды. Пенделік деп соны айтады. «Қайсыңызға сенуге болады?» – дейсін, Мұқағалидың өзіне сенгенің дұрыс шығар.

– М.Мақатаевтың шығармалары Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған кезде оны қолдаушы адам ретінде келелі пікір білдірушілердің бірі болдыңыз («Бәйгеде – Мұқағали», «ҚӘ», 1984 ж, 24 тамыз). Мемлекеттік сыйлықтың Мұқағалиға бұйырмағаны белгілі. Алайда Мұқағалимен жарыса таласып, сыйлықты иеленген адам жөнінде біреу білсе, біреу білмейді. Ол кім еді? Оның Мұқағалидан қандай артықшылығы болды?

– Пікір білдірушілердің бірі ғана емес, Мұқағалиды сол Мемлекеттік

– 1987 жылы өз шығармашылығыңыз жайлы жазған «Бітпейтін сыр» атты мақалаңызда «...Мен өзім әдебиеттің үлкен табалдырығын М.Мақатаев пен Х. Есенжановтың ағалық қамқорлығы арқасында аттадым деп есептеймін» депсіз. Осы ойыңызды «Бір ғана поэма жазған ақын» («Мұқағали», Алматы, «Жалын», 1995 ж) атты мақалаңызда толықтыра түсесіз. Соған қарағанда Мұқағали Мақатаев сізге өзге ақын-жазушылардан әлдеқайда жақын сияқты...

– Солайы содай. Не туысканы емес, не танысы емес маған тек шығармалды оқығаннан соң ғана камкорлық көрсетіп, оның жарық көруіне шын пейілмен көмектесіп, журнал қызметкерлері жариялай қоймаған соң, ақырында журнал редакциялық алқасының мүшесі Хамза Есенжановқа апарып оқытып, одан жазбаша пікір алып, соның арқасында ғана «Жұлдыз» журналына алғашқы повесімді жариялатқан Мұқан қалайша маған өзгелерден жақын болмайды? Менің сол повесімді жариялату үшін екі жылға жуық уақытын жұмсапты. Қазір кім кімге ондай ағалық жасап жатыр? Алматыға әлі онша үйрене алмай жүрген кезімде анам қайтыс болды. Сонда Мұқан келді, жеті-сегіз адам 10 мың теңгеден жинапты, сонын тізімін Мұқан өз қолымен жазыпты. Сол бір жапырақ қағаздын өзін мен Мұқанның жазуы үшін әлі жәдігер етіп сақтап жүрмін. Өйткені Мұқандай ағалық жасаған адамды ұмыту, сыйламау мен үшін үлкен күнә деп санаймын.

– М.Мақатаевтың 60 жылдығында «Іштарлық, көреалмастық сияқты кесапат мінез оған мүлде жат» («Ғажап: ол әлі биіктеп барады!», «Жас Алаш», 1991 ж) деп жазыпсыз. Осы сөзіңіздің дәлелі ретінде Мұқағалидың Әбділда, Жұбан, Қуандық, Тоқаш, Жүмекен ақындар жөнінде жазған оңды пікірін келтіресіз. Соның ішінде:



Мұқан бір топ жерлестерінің ортасында

«Бір әңгіме қозғашы ауыл жайлы, Бұдан артық рахат табылмайды. Бұлдырасын өткен күн сағымдай бір»

тұрған камкорлық деп бағалаймын.

Кезінде «Лениншіл жас» газеті Мұқанды қатты сынады. Алайда Мұқан сол сынаған адаммен кектескен де жоқ, өштескен де жоқ. Бұл кеңдік пе, пенделік пе? Нүкіс қаласында қазақтың тарлан ақыны Төлеген Айбергенов қайтыс болғанда соған көңіл айтуға Мұқан өз қаражатымен жалғыз өзі барған екен. Бұл не: кеңдік пе, пенделік пе? 1979 жылы Нұрлан, Баққожа үшеуіміз қолжазбаларынан жинақтаған «Өмір-өзен» кітабының көлемі көзі тірісінде шыққан «Армысындар, дос-

сыйлыққа «Жалын» баспасының атынан ұсындырғанның да бірімін. Мен бұрын мұндай «бірімін» деген сықпытты сөздерді айтуды ар санаушы едім, сөйтсем, сенің ондай сыпайылығыңды өз пайдасына шешкісі келетін пысықайлар пайдалана кетеді екен. Жакында «Жас Алаш» газетінен қазіргі күнде «Егемен Қазақстан» басшыларының бірі болып жүрген Жанболат Аупбаевтың сондай мақаласын оқыдым. Мұқан қайтыс болғаннан кейін Жазушылар одағы оның мұраларын жария-



Әбиірбек ТІНӘЛИЕВТІҢ
орындауындағы ән

ФАРИЗАҒА

Әннің жазған: Әбиірбек Тінәлиев

Фариза!

Фаризажан, Фариза-қыз,
Өмірде ақындардың бәрі жасалғыз.
Шыдай-шыдай ағыры жасалғармыз,
Бірімізден біріміз арылармыз.
Біздерді де жоқтайтын жасан болса егер,
Шаң басқан архивтерден табылармыз.

Сен мені білесің бе, білесің бе?

Жаралмаған жасан екем күресуге.
Жылай жүріп, өтірік күлесің де,
Жүресің де қоясың, жүресің де.
Бірі үтеріп кеудемнен, бірі иісін,
Тастағысы келеді күресіңге.
Фаризажан, сен соны білесің бе?..

Жанарымды тұрманмен тұмшиладым,
...Серітпесі үзіліп тұр садағым.
Жігіттен қазақтың дос таба алмай,
Қыз да болсаң мен саған мұң шағамын.
Ауырлар деп ойлап на ем мұнаша халым...

Ақын болып несіне жасартылдым,
Арасында қап қоймай қара түлпін.
Қасиетін сөзем деп Ана тілдің,
Қауырсыны қалмады қанатымның.
Қу тірлікке құл болып, аяң басып,
Құлашымды жая алмай баратырмын...

Мамын едім, жасағы едім, ұяң едім,
Аптап өттім алардың қия бөлін.
Енді, міне, қауқарсыз құр ашуды,
Жая бергім келеді, жая бергім.
Маңдайымнан сипаған бір жасан болса,
Енді қалған өмірімі қияр едім.
Білмеймін, бұзықтың ба, жасындымын ба?!
Кеп тұрады телігім мұңды-мұңға.
Енді қалған өмірдің құрдымында,
Өлтірс де көмбетімін жасырды құмға!
Нол болады деп айтап, жасатпаймаймын,
Кобейтсең де қаншама мыңды-мыңға...

Айналаға қарайық анық барсап,
Түн кеткесін, күн шығып, жасарық болмақ!
Не туралы жырласақ, Фариза-қыз,
Бағыштайық бәрін де халыққа арнап.

Фариза, Фаризажан, Фариза-қыз,
Бірімізден біріміз арылармыз.
Там-там болып дүкенде тұрмасақ та,
Подвалдағы архивтен табылармыз...

лау жөнінде комиссия құрды. Сол комиссияның төрағасы Әбділла Тәжібаев ағамыз, мен жауапты хатшысы болдым. Жанболат Аупбаевтың жазуы бойынша, Мұқанның «Райымбек! Райымбек!» атты дастанын тауып, «Лениншіл жасқа» жариялаған Сейдахмет Бердіқұлов екен де, оның алғысөзін қайта жазып қызмет жасаған Жанболат екен. Біздің комиссияның жұмысы да, дастанды жарыққа шығаруға комиссия жұмсаған Сәрсенбі Дәуітовтің Ақай Нүсіпбековке барғаны да, о кісінің Кенес Нұрпейісов пен Халел Арғынбаевқа пікір жаздырып, сонан соң ғана Сәрсенбінің дастанды Сейдахмет ағамызға апарып бергені де — бәрі өтірік екен. Жанболаттың сипақтатуына қарағанда біз Мұқанның атын жамылып, атағымызды шығарғалы жүрген адамдар секілдіміз. Сонғы жылдары осындай белгілі бір ауылдың ғана патриот азаматтары, неге екені, молайып баралы. Бірақ Мұқан қайтыс болған 1976 жылға дейін мен Мұқанның қасынан бірде-бір жерлес, ауылдас інісін де, ағасын да көрген емеспін.

Бәрі одан тек қашып жүретін. Өйткені бәрі оны ішіп жүретін алам деп қана танипты. Ал біз, сырт адамдар, оны ақын, азамат деп таниптыбыз. Міне, сондықтан ол біреуге жай пенде боп, біреуге ақын боп танылып жүрді. Ал тікелей сұраққа келсек, мен Мұқағалимен әлдекім сыйлыққа таласты дегенді білмеймін. Қанқу сөз шығар. Бірақ кейбір ағаларымыз бен замандастарымыз «Сыйлықты енді ішкішке, оның үстіне өліп қалған адамға береміз бе?» деп қынжылыпты деген әңгімені естідім. Оның шыңдығы мұрағатта жатыр ғой. Мүмкіндік болса, соны жариялағаннан дұрысы жоқ.

— М.Мақатаевтың 70 жылдық мерейтойында ақынның туған ауылына барып, «Қарасаздың қарлығашы — қалың қазақтың мақтанышы» деген баяндама жасағаныңыздан хабардармыз. Халқымыз Абайдан кейін жиі атап жүрген ақынның ақынның биыл аталып өткелі жатқан 80 жылдығына қандай тартуыңыз бар?

— «Жалын» баспасы Мұқана, Мұқан «Жалын» баспасына риза шығар деп тәубе қыламын. Мұқан көзі тірісінде жыл сайын не жылара шығып тұрған өңкей жұп-жұқа жинақтардан-ақ шаршап біткен болуы керек деп ойлаймын. Қатарлары, қалыңдап кітап шығарып шалқақтап жүргенде о жарықтық елерінде көрген «Өмір-дастаннан»

өзге қалың кітап шығарып көрген жоқ. Өйткені сөзін өткізетін, сөзін сөйлейтін адамы — «крышасы» болған жоқ. Мардымды қызметі де болмады, оның үстіне «ішеді» дегенді жауы да, досы да сыбырлап алға тартты да отырды. Соның бәрі оған кесір болды. Біздің «Жалын» баспасы Мұқанның 70 жылдығына орай төрт томдығын шығарған болатын, енді, құдай бұйырса, 80 жылдығына орай алты томдығын шығарып жатырмыз, бес томы жарық көрді, алтыншы томын министрліктен сұрап отырмыз.

Мұқанның көзі тірісіндегі жарияланған бүкіл кітабының көлемі біз шығарып отырған бір ғана томының көлеміне барабар, ал қалған үш томдық шығармалары — тек қайтыс болған



Ақынның жазу машинкасы

сон ғана жарияланған шығармалар. Алайда өлген адам өлең жазбайды ғой. Демек, соның бәрі тірі күнінде-ақ жазылған, бірақ әртүрлі себеп-сылтаулармен жарық көрмей қала берген. Сол себеп-сылтаулар Мұқанның жүрегін жараламады, көңілін жүдетпеді деп кім кепілдік бере алады? Сыйлап, қоршап жүрген шын жанашырлары да болмаған соң, жанашыры бола алмаған адамдардың өзі де «Өй, ол ішеді ғой!» дегенді сылтауратып қашақтап жүрген соң, ақын-жүрек қайта 45 жыл бойы шыдаған-ау!

Жанболат ініміз сияқты Мұқағалиды өзгелерден онашалап алуға тырысатындар мыналарды білгені дұрыс қой деп ойлаймын. Мұқанның «Жазушы» баспасынан 1979 жылы жарық көрген «Өмір-өзен» кітабы мен 1982 жылы жарық көрген екі томдығын Лашын женгеміздің қасында тізімдеп отырып Баққожа Мұқай, Нұрлан Оразалин үшеуміз құрастырдық. Бірақ ешкім бізді құрастырушы деп жазған да жоқ, біз де оны қажет етпедік. Өйткені ол кезде кейін біреулердің алғысөз жазғанын да пұлдайтынын білгіміз жоқ. «Жазушы» баспасының поэзия бөлімі екі томдығынан сырып



тастаған өлеңдерді «Шолпан» деген атпен «Жалын» баспасы жеке кітап етіп шығарды. Ал сол «Жалын» баспасының директоры Қалдарбек Найманбаев ағамыздың қасында бас редактор болып мен отырдым. Мұндайды айтпаушы едім, Жанболат інімнің жаласы жаныма қатты батқандықтан айтып отырмын. Кейін тағы Мұқанның прозаларын да топтастырып, «Қош, махаббат» деген атпен «Жалын» баспасы шығарды. Алғашқы екі томдыққа алғысөзді Сәрсенбі Дәуітов қыр сонынан қалмай жүріп Әбділла Тәжібаев ағамызға жаздырды. Сәрсенбінің сөзін Әбекеңнің жерге тастамайтын себебі — «Осы ініме көз қырыңызды сала жүріңізші», — деп Шыңғыс Айтматов өтінген болатын. Ал Мұқанның елу жылдығын атап өту қажет деген мәселемен сол кездегі обкомпартияның бірінші хатшысы Кеңес Аухадиевке арнайы кіріп, мәселені оң шешіп шыққан да Әбекең болатын. Мұқаңа деген Аухадиевтің ілтипаты да сол Әбділла ағамыздың жолығуынан кейін орныққан болатын. Сол ілтипаттың аяғы Райымбек бабамыздың басына ескерткіш қоюға ұласқанын мен бұрын да жазғанмын. Сонау 1970 жылдардан бері жұртшылықтың қор құрып, ақша жинап жүзеге асыра алмай келе жатқан мәселесін республикалық партбюро мүшесі Кеңес Аухадиевтің өзі шу-



Ақынның қолынан тастамаған қоныр портфелі.

латпай, дабыралатпай, «Зеленстрой» бастығы П.Боришпольді — орыс адамын жұмсап қана жүзеге асырған болатын. Өйткені ондай мәселеге ашық кірісу аса қауіпті еді. Ол кезде ел-жұрт Райымбек бабамыздың батырлығынан бұрын әулиелігін көп айтатын. Әулиені қолдау дінді құптау болып шығатын. Ондай күнкіл алдымен қазақ ағайынның өзінен шыға ма деп те қорықты. Қазір «Оны Аухадиев емес, біз жасатқанбыз, біз ақша жинағанбыз» деушілер бар. Сол ақша жинаушылар елдің ақшасын қайтарып бергені дұрыс-ау, сірә. Өйткені ол ескерткішке ешқандай да елдің ақшасы жұмсалған жоқ. Сонан соң тағы бір айтарым, Мұқанның қазір бәлен жыл бойы сахнадан түспей келе жатқан «Қош, махаббат» пьесасын маған ештеп жөндетіп алып, Мәдениет министрлігінің репертуарлық

алқасынан өткізіп, театрларға ұсынған досым Дулат Исабеков болатын. Оны да біреу «Мен шығарып едім» демес үшін айтып қойғаным дұрыс шығар.

Ал енді «Жалын» баспасы шығарған Мұқанның «Күнделіктері» де, төрт томдығы да өз-өзінен баспаның қоржынына топ етіп даяр күйінде түсе қалған жоқ. Құрастырып, хронологиялық ретпен орналастырып беруді Оразақын Асқарға тапсырып едік, бәрін тап-тұйнақтай етіп жасап берді.

Сұрағында «Абайдан кейін» деген тіркес тұр екен, байқашы. Оны біреулер «Абайдан кейінгі ақын деп айтты» деп бәле сап жүрмесін. Мен «Бәйгеде — Мұқағали» деген мақаламда осы тектес бір пікір білдіріп, соның өзі жазушылар арасында біраз пыш-пыш тудырған.

Мұқағалиға бір баспанын тартуы, сөз жок, аз. Нағыз тартуды бір баспа емес, халқы, өлеңдерін әнге қосып шырқап жүрген болашақ жастар береді, беріп те жатыр. Өйткені ол — өзі айтпақшы, болашақтың ақыны.

Сұхбаттасқан Қайрат ДҮЙСЕН,
kayr_duis@mail.ru

«Мен ескен лашық бір бөлме». Ақын туған қоржын тамның макеті



Сәбит ОРАЗБАЕВТЫҢ орындауындағы ән

ТОҚТА, БОТАМ

Әнін жазған: Сәбит Оразбаев

Тоқта, ботам!
Атаң келеді артыңда!
Бұр мойныңды қалжыраған қарт ұлга,
Сенің сәби сәттеріңнің мысқалын
Айырбастап ала алмай жүр алтыңға.
Тоқта, ботам!
Атаң келеді артыңда!
Жүзе жүріп, жүз құбылған сағымда,
Жастық дейтін көктемнің шағында,
Өскен едік сенің анаң екеуміз
Осы қарттың мәпелеген бағында.
Қарттың бағын жайлайтынбыз
мен тегін,
Тыңдайтынбыз алуан-алуан ертегін.
Жинап алып жүрер еді жарықтық
Күллі ауылдың етеңі мен селтеңін.
Ей, болашақ!
Қарт келеді зиялы,
Кейімесін ата-қыран ұялы.
Сен сыйласаң, сәби шақтың бір сәтін,
Атаң саған ұзақ өмірін қияды.
Ақылына айырбаста күлкіңді,
Қайтесің сол күлкі дейтін шіркінді?!
Бейқам күліп өспеген соң өз басым,
Бос күлкіні ұнатпаймын бір түрлі...
Тоқта, ботам! Атаң келеді артыңда.
Дария шалқар даналығын ал, тыңда!
Сенің сәби сәттеріңнің мысқалын
Айырбастап таба алмай жүр алтыңға.
Тоқта, ботам!

Мұқағали Мақатаев



– «Ақын деген керемет жандарсыңдар, жандарым! Кім біледі сендерді? Кім түсінеді?» деп жазған ақынды әдеби ортада терең түсіне алғандар болды ма? Өзіңіз жанын ұғына алдыңыз ба?

– Рас, жаныңды біреу түсініп, қолдау көрсетпесе, еңбегіңнің зая кеткені. Мұқағали – табиғи талант. Оны ешкім де жоққа шығара алмайды. Алғаш рет ақынның талантын танып, бір топ өлеңдеріне алғысөз жазып, газетке жариялаған Әбділла Тәжібаев еді. Осыдан кейін-ақ Мұқанды іштей де, сырттай да мойындай бастағандар көбейді. Оқырман қауым Мұқағали поэзиясын жақсы көріп, әрбір өлеңіндегі айтылған мұн-сырды, қуаныш-жақсылықты өз бойындағы қасиеттермен қатар қойып келді. Болашақта да солай бола бермек. Мұқағали ұлы Абай, Қасымдармен қатар тұратын биік парасат иесі болып мәңгілікке қалды. Меніңше, ақынның өлеңін түсінген адам оның өзін де түсінеді деп ойлаймын. Қазаққа тән дарқандық, кішіпейілділік сынды қасиеттерімен риза еткен Мұқанмен 4-5 жыл ағалы-інідей болып жақын араласқан күндер жадымда мәңгіге сақталып қалды. Мен кішілігімді сақтай білдім. Ол да жасының үлкендігін пайдаланып, мені тұқыртып, намысыма тиетін сөз айтқан емес. Керісінше, өмірдің қыр-сырын үйретуден, оның ішінде әдебиет саласынан білгенін айтудан жалықпайтын. Өз басым Мұқанды өте жақсы көрдім. Онымен кездескенше асығатынымын. Қынжылтатыны, Мұқанмен бірге болғандар «күндіз-түні ішетін еді» деген жалған сөзді айтумен келеді. Ішпеді дей алмаймын. Әйтсе де ақыл-санасын сергек ұстайтын. Ешқашан өзгелерге қысым жасап, зәбір көрсеткен емес. Адамдардың бәрін жақсы көретін. Ешкімді алаламайтын.

– Поэзияны ғана емес, сырлы сөзді тудырушы ақындарды да елжірей сүйген Мұқағали ақындарға жақын

Қайырбек АСАНОВ, ақын:

ТҰЛА БОЙЫ ТҰНҒАН МЕЙІРІМ ЕДІ

жүруші ме еді? Әлде саяқ жүргенді ұнатұшы ма еді?

– Мұқан туралы жазылған естеліктердің бәрінде де ол кісі жайлы «жалғыз жүргенді ұнататын еді» деген сөздерді кездестірмеймін. Әрине, өлең жазған кезде барлық ақындар оңашалықты қалайды. Ал басқа уақыттарда жанында пікірлес адам болғанға не жетсін! Рас, Мұқанмен кездесіп, сырласудың өзі қиын болатын. Өйткені Мұқан ешқашан жалғыз жүрмейтін. Қашанда жанында біреу болатын. Бір күні Мұқан мені ақын Токаш Бердияровпен таныстырды. Содан кейін үшеуіміз жиі-жиі бас қосып тұратын болдық. Қызығы, Токаш ағамыздың жасы бізден үлкен болса да Мұқана бағынатын еді, сол кісінің айтқаны болатын. Білгенге бұл да – ақындар арасындағы риясыз сыйластық.

– Ақынмен бірге өткен сәттерден есіңізде ерекше сақталған көрініс, оңаша сырласқан кездеріңіз болды ма?

– Мұқанмен болған әрбір кездесу мен үшін үлкен оқиғамен тең. Бірде Абдул-Хамит Мархабаев ағамызға еріп қонаққа бардым. Таңға жуық ағаның өтініші бойынша Сәтбаев көшесіндегі сыраhanaға тарттық. Сыра ішуді ұнатпаса да келістім. Көліктен түсіп, сыраhanaға жақындай бергенде адамдардың ішінен Мұқағали ағаны көріп қалдым. Ол кісі де көзін тоқтатып қарап қалды. Барып сәлем бердім. Қолымды қысып тұрып: «Қайырбек, бұл жерде жүруің саған жараспайды, қой мұны», – деді. Қысылғаннан «Бірінші рет қой» дей беріппін. Мұны Мұқанның өзінен кейінгі ұрпақтың мұндай келеңсіз іс-әрекетпен айналыспауына жанашырлық танытуы деп ұқтым. Сол сөзі маған үлкен сабақ болды. Әйтпесе мұндай ақылды көп ағаларымыз айта бермейді ғой.

– «Көңілшектік – менің осал жерім» деген ақынның біреуге қатты сөз айтқан не жаға жыртысқан кезі болып па еді? Көңілшектігіне күйінген ақын замандас қаламдастарына баға беруде көңілшектік танытушы ма еді?

– Мұқанның тұла бойы тұнған мейірім еді. Ол ешкімді де қиянатқа қимайтын. Қатты сөзді көзінше де, сыртынан да айтпайтын. Соншалықты алып денелі бола тұра өзгеге өктемдік көрсетуді ұнатпайтын. Араласқан 4-5 жылдың бедерінде тек қана осындай асыл қасиеттерін көрдім. Сүйінген кезде «О, бәтшағар!», ал күйінген кезде «қызталақ» дейтін. Мұның соңғысы кімге айтса да ауыр естілмейтін. Өз басым ешкіммен қызылкенірдек болып ұрсысып-таласқанын көрген емеспін. Керісінше, ондайларды татуластырып жүретін. Мұқан қайтыс болғаннан кейін «Тау немесе Мұқағалимен ұшырасу» деген арнауымда:



*Өмір еді өлеңіңің ұраны,
Көп нәрсеге тағдыр ғана кінәлі.
Өлген жоқсың, ортамызда өзің боп,
«Өмір-өзен» қол алысып жүр әлі, – деп
жазғанымдай, Мұқанды сүйген жүрек
оны іздей бермек.*

Сұхбаттасқан Мәдина СЕРІКҚЫЗЫ,
madina_seit@mail.ru

Мамытбек ҚАЛДЫБАЙ, жазушы:

«ХАЛЫҚҚА ҰСТАЗ БОЛАТЫН АҚЫН ЕКЕН...»

деп еді Баукең



– **Мамытбек аға, кезінде Мұқағали жыр жинағына оң пікір жазған екенсіз. Бірақ пікіріңіз газет бетінде жарық көрмей қалыпты. Неліктен?**

– «Жетісу» газетінде істеп жүрген кезім. Сағат Әшімбаев ол кезде «Лениншіл жаста» әдебиет бөлімін басқаратын. Мұқағалидың «Мавр» атты жыр жинағының жанадан шыққан кезі. Сағат маған «пікір жазып бер» деп тапсырды. Жазып апарып бердім. Газеттің макеті бекітіліп, нөмірге кетейін деп тұрған жерінен басылмай қалды. Оған себеп болған Мұхаметжан Қаратаев ағамыз екен. Ол кісі Сағатқа Мұқағалиды жамандап, соның кесірінен газетке менің пікірім емес, Сағаттың Мұқағалиды сынаған мақаласы жарық көрді. Мұқағалидың 60 жылдығы өткеннен кейін Мұхаметжан Қаратаев ағамыз «Жетісу» газетінің бетінде сол әбес қылығы үшін ақынның аруағы алдында кешірім сұрады. Уақыт өтсе де қателігін мойындағанға не жетсін!

Мұқанның кітабына рецензия жазып, Сағаттың қолына тапсырғаннан кейін ақынның өзін көшеде көріп қалдым. Жазушылар олағына бара жатыр едім, қарсы жолықты. «Жақсы дүние екен» деп, жыр жинағының шығуымен құттықтап жатырмын. Сағаттың ұсынысымен рецензия жазғанымды айтып, «Жақын күндерде жарық көріп қалар», – дедім. Риза болатын шығар деп айтып едім, Мұқан селқос қана: «Құлағыңды бері әкел», – деді. Құлағымды тақап едім, «Кейбір сыншылардың мұрнына осырықтың да иісі бармайды», – деді. «Оны неге айтты екен?» деп ан-тан боп мен қалдым. Кейін ойлап отырсам, Мұқан желе жортып мақтағандарды да аса ұнатпаған тәрізді. «Оның бәрі жай нәрсе» деп қабылдаған сияқты...

– **Мұқағали ағамыз қызба болған дейді. Намысына тигендермен төбелесуден де тайынбайды екен. Өзіңіз ондай жайттарға куә боп көрдіңіз бе?**

– Сол «Жетісу» газетінде істеп жүрген кезім. Ақын Кеңшілік Мырзабеков, Шекербек Садыханов үшеміз кабинетте отырғанбыз. Бір уақытта дәліз жақтан айқай-шу, тасыр-тұсыр естілді. Бәріміз солай қарай жүгірдік. Тасемен деген журналисіміз бар еді. Мінезі дөрекілеу жан болатын. Барсақ, сол Тасемен мен Мұқағали екеуі ерегісіп қалыпты, жұлқысып тұр. Қожан деген журналисіміз ажыратып жүр. Мұқағали енгезердей еді ғой, екі қолын көтеріп алған. Тасеменге: «Қазір алып соғып жата қалсам, үстіне Алатау құлағандай болады ғой», – демесі бар ма?! Не болғанын түсінбей, ан-танбыз. Мәнжайды сұрастырсақ, кінәлі өзіміздің Тасемен екен. Мұқан өзіне жерлес боп келетін журналист келіншекке қалжындаса, Тасемен жөніне қарап отырмай: «Көшеде жүрген маскүнем неме, оған неге қалжындайсың?» – деп арына тиетін сөздер айтыпты. Мұқан бұған қалай шыдап қарап тұрсын? Жұдырығын ала жүргіген ғой.

Мұқанның бір қасиеті – ешкімнен қаймықпайтын. Батыр тұлғалы ер еді. Ойындағысын бетке айта-тын, мүләйімсігенді, өсек-аянды жек көретін. Қанша ішіп жүрсе де, кейбіреулердей адами, азаматтық абы-

ройын жерге таптатақ емес. Қасында үнемі бір белгілі ақын жүретін. Ішімдікке салынған жан еді. Сол ақынның ақша сұрап тілемсектеніп «үш сом берші, құйрығыңды жалайын» дегенін өз құлағыммен естігенмін. Ал Мұқан ондай төменге құлдыраған емес.

– **Дегенмен ол кісінің де көп ішкені өтірік емес қой?**

– Ол кезде кім ішпеді? Халықтың өзі атакты адамдарды арақ құйып сыйлайтын. Ішпесе ренжитін. Осы әдет талай ұлы тұлғаларымыздың түбіне жетіп, арақтың құлына айналдырып тынды ғой. Ол кезде мен көбінесе Баукеннің қасында жүретінмін. Бір күні Баукен Олжас Сүлейменов, Сәуірбек Бакбергенов, Әбділда Тәжібаев және тағы біраз адамдармен «Қаламгер» кафесінде отырған. Шашы дулырап кеткен Мұқағали теңселе басып қасымызға келді де, ешкімге аман-даспастан Баукенге қарап: «Шал, мен шөлдедім», – деді. Баукеннің қартайып қалған кезі, орнынан бір-екі ұмтылып тұра алмады. Мен демеп тұрғызайын деп едім, қолымды қағып жіберді. Өзі орнынан бірнеше мәрте ұмтылып тұрды да, буфетші қызды шақырып: «Мына азаматқа қалағанын бер», – деді. Буфетші қыз аққайнар алып келген екен, Баукен ашуланып: «Қызым-ау, мен сені есті қыз деп жүрсем. Мынауың не, неге коньяк әкелмегенсің? Әлде менің ақшамды аядың ба?» – деді. Сонда буфетші қыз: «Мен сіздің ақшаныңды емес, азаматты аядым», – дегені. Баукен екі қолын көтеріп: «Сдаюсь, слаюсь», – деп орнына отырды. Мұқағали аққайнарды отырғандардың бәріне бөліп құйды, өзіне түбінде азғана қалды, соны ішті де, кете барды.

Үйге келген соң Баукен менен: «Мұқағалидың қандай өлеңін білесің?» – деп сұрады. Мен екі-үш өлеңін оқып беріп едім, «Халыққа ұстаз болатын ақын екен», – деді де, «Бұл бала неге ішіп кетті екен?» – деді сұраулы жүзбен. Мен «Ал сіз неге ішіп кеттіңіз?» деп сұрауға бата алмай, сауалымды жұтып үнсіз отырып қалдым...

– **Мұқағали арақ ішіп алып, айқытырғышқа да жиі түскен дейді...**

– Мұқан жалғыз жүрмейтін, қасында үнемі достары жүретін. Қайсысы адал дос, қайсысы амал дос, ол кісі айырып жатпаған ғой. Сондай амал достарының ішінде өздері ішкізіп-ішкізіп алып, милицияға ұстатып жібергендері де болыпты...



Ақын інісі Иран Ғайыппен

Сұхбаттасқан Жанар ҚОЙЛЫШ,
koiylsh@mail.ru

Мұқағали Мағатаев



«Қашан болар тоғайда ән сабағы,
Ән салады, қашан кеп жан салады?
Қашан мынау жайқалып емен, терек,
Жапырақтар жабыла қол соғады?»

«Жырсыз өткен күндер — мен үшін өлі күндер...»

27 желтоқсан 1969 жыл

1969 жылы 5 ноябрь күні Жазушылар одағында портфельім жоғалды: ұрлап кетті. Ішінде кеткен қолжазбалар:

1. Дәптер (өлеңдер, жарияланбаған өлеңдер көп)
2. Дәптер (поэзия туралы пікірлер)
3. Дәптер (жаңа жазыла бастаған өлеңдер)
4. «Большевиктер» поэма. Қолжазба т.б.

қағаздар, газет қиындылары.

22 ақпан 1973 жыл

Адамдардың арасындағы алауыздық мені де шарпымай өткен жоқ. «Жұлдыздың» делосын өткізіп беріп, поэзиямды өзім алып қалдым. Әзірге не мен тынары белгісіз, барым менің, балам менің, жарым, жақсылығым менің — поэзиям, тек сені сақтап қалсам екен. Сені де өлтірісі келе ме қалай?! Олай бола қоймас, егер бола қалса, қалған өмірдің қызығы не маған. Ойлап отырсам, менде бір-ақ арман бар екен. Ол — қалайда халқыма жағыну, ұнау соған. Тек соған ғана жасырмай шынымды айтсам деп едім. Халқым, үнімді қалай жеткізем саған? Айналам тарылып, құрсауланып барады. Жағдай қиын, өте қиын... Келесі жылы жинағым жарық көре ме, жоқ па?

Ей, қалам ұстаған, қаламдас бауыр-қарындастарым, халықты ұмытпаңдар! Халықсыз күндерің қараң! Оны сүйемін деп байбалам салмаңдар. Оған тек ғашық бола біліңдер!

6 наурыз 1973 жыл

... Адам сезімін жан-жақты зерттейтін құдірет болса, ол — тек поэзия. Басқа ешқандай да ғылымның қолынан келмейтін шаруа бұл.

17 наурыз 1973 жыл

... Жыр түсінер қауым «өлеңдерің жақсы» дейді. Әр тұстан қолпақтаған хаттар да алып жүрмін, бірақ сенуім қиын. Жаман жыр жазу қиынға түсіп барады. Жақсы жыр басылмаса, жарық көрмесе қайтем? Балаларымды қайтіп асыраймын? Әйелім де, балаларым да ақылсыздар емес, бірақ менен гөрі ақшаны сыйлай ма, қалай?! Білмеймін...

Тәңірім әзірге шешемді тірі қоя тұрса екен. Өстіп тұралап жүрген кезімде қисая қалса, ел-жұртқа масқара болам ба деп қорқамын.

20 наурыз 1973 жыл

... Мен үшін дүниенің ең қорлығы — адамның айыбын бетіне басу, оның нашарлығын дәлелдеу. Бұл — бір. Екінші — болмайды, жарамайды, жоқ деп айта алмайтыным. Қорлықты осыдан тартып жүрмін. Көңіліктік — менің осал жерім. Ең осал жерім. Сірә, сүріне беретінім де осыдан болар.



– Аға, мұқағалитану бойынша еңбектеніп жүрген жандардың бірі ретінде ақын мұраларының зерттелу жайы туралы не айтар едіңіз?

– Жалпы, Мұқағалидың өмірін, шығармашылығын зерттеп, зерделеу мақсатында көптеген жұмыстардың атқарылып жатқаны шындық. Мұқағалитану жүріп жатыр. Бірақ бір кемшілік бар. Қытайдың Шыңжаң өлкесіндегі қандас бауырларымыз Мұқағалидың «Қаздар қайтқанда» деген жыр жинағын 1 млн. дана етіп шығарған екен. Ал таяуда біздің елде Мұқағалиға қатысты үш кітап шықты. Әрқайсысы 1000 данадан ғана. Ел Мұқағалиды іздейді, бірақ кітап аз болғандықтан жетпей жатады. Осыны ойлағанда намыстанамын. «Осыған ми-

Айтақын ӘБДИҚАЛ, ақын:

МҰҚАҒАЛИДЫ СЫНАУШЫЛАР БОЛДЫ, БІРАҚ ХАЛЫҚ ОЛАРМЕН КЕЛІСКЕН ЖОҚ

нистрлер, әкімдер қаржылай көмек жасаса, той-томалақтарда шапанға кететін ақша кітапқа кетсе...» деп армандаймын. Қысқасы, Мұқағалидың мұрасын жас ұрпаққа табыстау жағы бізде әлі де кемшін.

– Ақын: «Бала, бозбала кезімді есіме алсам, сұмдық үрейленем, қатты жәбірленем» дейді. Әдетте, әркімді шұақты әсерде қалдыратын балалық шақ ақын үшін неге үрей тұғызады?

– Мұқағали 1931 жылғы дүниеге келген. Соғыс басталғанда ол бар-жоғы 10 жаста болған. Әкесі соғысқа кеткен. Мектепте бірде оқиды, бірде оқымайды. Ауылда еркеккіндіктерілер жокқа тән. Шөп шабысқа барады. Анасы абысындарымен қой бағады, соған қойға көмектеседі. Бұғанасы қатпай жатып тылдың жұмысына жегілген адамда қандай балалық болсын? Бала болып ойнай да, еркелей де алған жоқ. Сондықтан да Мұқағали тез есейді. Жесірлердің көз жасын, әкесінен қара қағаз келген жетімдердің мұнын, бейнетті өмірді көрді. Сондықтан да ақын «жәбірленем» дейді. Жалпы, Мұқағали сол кезден бастап өлең шығара бастаған екен. Ең алғаш әкесіне арнап өлең жазған. Бірақ ақындық сахнаға 30-ға таяп қалғанда ғана шыққан. Оған дейін өзін іштей әбден

дайындаған. Толық пісіп-жетілгенде ғана жарқ етіп топты жарып шыққан. Сөйтіп, небары 15 жылдың ішінде таудай мұра қалдырып үлгерген.

– Ол кісі бірде-бір оқуды аяқтамаған екен...

– Шет тілдер институтында оқып жүрген жерінен тұрмыстық жағдайына байланысты ауылына қайтып, ауылдық кеңесте хатшы болған. Содан ҚазМУ-дың филология факультетіне түсіп, оны да аяқтамай, қайтадан ауылға барып, орыс тілі пәнінен сабақ берген. Нарынқолда орыстар аз қоныстанған. Сондықтан да онда орыс тілін үйрену ол жақтағылар үшін қиын болатын. Бірақ Мұқағали өзін-өзі тәрбиелеп, оқып, өз еңбегінің арқасында орыс тілін жетік меңгерген. Орысша жазғанда бір қатесіз жазған. Мәскеуде Бүкілодақтық әдебиет институтында да оқыған. Сол жерден баласына орыс тілінде хат жазған. Оны көрген кісі бір қате таба алмайды. Өзі – бар болғаны он-ақ сынып бітірген алам. Міне, қандай қабілет?! Әдебиет институтындағы оқуы туралы «Мәскеуге білімді толықтырайын деп барсам, бәрі мен оқып алған дүниелер екен» деп отыратын. Бірде Мұқағалидың «Түсіме Пушкин кірді. «Бұл – талай ақынды жұтқан Мәскеу, аманында еліне кет», – деді. Соны-



«Мені әзірге, ей, тағдыр, мазалама? Емін-еркін жұртыммен тілдесейін!»

была береді. Мұқағалиды сынаушылар болды, бірақ халық олармен келіскен жоқ. Ол сындарды, ол сыншыларды қалың жұрт қабылдамады. Әділ сыншы халық емес пе? Халқы ақынына өзінің әділ бағасын берген.

– Ақын күнделігінде: «Не вам судить меня. Настоящие судьи впереди... Они поставят каждого из нас на свое место» деп жазады. Ол ХХІ ғасыр адамдарымен теңесетінін алдын ала болжап кеткендей...

– Бексұлтан Нұржекеев Мұқанның 70 жылдығында баяндама жасады. Сонда Мұқағалидың болжампаздық, тіпті көріпкелдік қасиеті туралы айтты.

Мұқағалидың өзі: «Отыз бес жыл өмірді кезіп келем,


Енді отыз бес бола ма сезіктемем», – дейді.

Өмірінің қысқа болатынын аңғарған сияқты.

«Өзімнің есебimde Жасым менің қырықтың бесеуінде,

Сарқылып өсегің де, есебің де, Ұйықтап кетсем жарар еді төсегімде», – деп жырлаған ақын, расымен де, қырық бесінде ұйықтап кетті.

Қарасазда Энгельс атындағы колхоз болған. Мұқағали Еркін деген ақын



*Поэзия!
Менімен еліз бе едің?
Сен мені сезесің бе, неге іздедім?...*
М. Мақатаев

інісіне: «Менің шығармашылығым маған Энгельс колхозының атын алып береді. Күндердің күнінде бұл ауыл «Мұқағали» атанады. Мына сені кайтсем екен?» – деп қалжыңдайды. Сонда Еркін: «Энгельс колхозының атын сіз алсаңыз, маған ауданның

аты да жетеді ғой», – деген екен. Қазіргі таңда мұражай тұрған Қарасаз Мұқағали ауылы деп аталады. Ал енді осыны көріпкелдік демегенде не деуге болады? Бүгінде көшелерге, мекемелерге есімі беріліп, аты қайта тірілді. Ақын өзі де: «Осы мен өлмейтін шығармын, Сәл ғана дамылдап, орнымнан қайталан тұрармын» дейді. Расында, ол еңсесін көтеріп, қайта тұрды. Жыл сайын оның кештері, оқулары ұйымдастырылып жатады. Бұл шаралар жоғарыдан бұйрық келіп істеліп жатқан жоқ. Халық оны өзі ұйымдастырып жатыр. Мұқағали халықтың миына сіңген, жүрегіне еніп кеткен. Оның поэзиясында іздеп тұруға мәжбүр ететін қасиет бар.

– Мұқағали «әдебиеттің арамшөптерден тазарғанын» қалады. Қазіргі әдебиет «жерлестер» мен «жағымпаздардан», «алаяқтардан» тазарды ма?

– Гүл өскен жерде әрдайым арамшөп те өседі... Бұл – табиғат заңдылығы, өмір заңдылығы.

Сұхбаттасқан
Сабина ЗӘКІРЖАНҚЫЗЫ,
zakirzhankyzy.sabina@mail.ru

Әбдіке АСАНОВ, ақынның құрдасы:

БИЕНІ ЕМГЕН КЕЗІМІЗ ДЕ БОЛДЫ

Мұқағали екеуміз 1931 жылы дүниеге келіппіз. Ата-аналарымыздың айтуынша, Мұқағали қой төлдеп жатқанда, мен ел жайлауға көшкенде туылыппыз. 1948 жылы Нарынқол ауылында интернатта жатып, онжылдық мектепті бітірдік. Кәмелеттік аттестат пен төлқұжат аларда ақылдаса келіп, Мұқағали 9 ақпанды, мен 15 сәуірді таңдадық.

Балалық шағымыздың қызықты кезеңін соғыс жалмады. Ат соқамен жер жырытып, аңызға егін салдық. Сондағы бір тәуліктегі тататын нәріміз – қайнаған қара су мен күні бойы төрт балаға арналып берілетін бір таба нан. Кейде бір кесе арпа талқанын қанағат ететінбіз. Соқаға құлынды биелерді жегеміз. Кейде биелердің бауырына кіріп кетіп, кәдімгі құлындарша еметін кезіміз де болды.

Мұқағалидың қолы ашық, пейілі кең болатын. Ақиқаттан аттап өтпейтін.

Біреудің кемсіткеніне төзбейтін. Қозыбақ деген құрдасымыз бізге арбамен іркіт таситын. Іркіт кісі басына жарты литрден беріледі. Уақтылы келмесе, қарнымыз ашып шөлдейміз. Шілденің бір күнінде Қозыбақ айранды 2-3 сағат кешіктіріп әкелді. Дерев тостағымызға құйып тарата бастады. Біз қомағайлана сіміріп жатырмыз. Мұқағали ғана ішпеді. Құйдырып алды да: «Сен неге уақтысында келмедің?» – деп бетіне шашып жіберді. Екеуі шартпа-шұрт ұстаса кетті. Әзер ажыраттық. Содан кейін Қозыбақ кешікпейтін болды. Айдың жарығымен түннің бір уағына дейін жұмыс істейміз. Мұқағали біз демалғанда да демалмайды. Қолы қалт етсе, ақ қағазға бірдемелерді шимайлайды да жатады. Әкесі соғысқа аттанғанда, ол кезде Мұқағали он жаста, өлең шығарған.

Бірде Есен атамның тайын 3-4 қасқыр

қаумалап жеп жатқанының үстінен түстік. Торы тайдың жарты еті ғана қалыпты. Сонда Мұқағали:

Оған да керек сыбаға,
Бөрі азығы жолда ғой.
Бөрілік етпей тұра ма! – деген жыр жолдарын табан астында төгіп-төгіп жіберді.

Мұқағали біреуге айтар уәжін өлеңмен білдіретін. 3-сыныпта бізді Қасым Жайылмасов деген мұғалім оқытты. Мұқағали өлеңдерін сол кісіге көрсететін. Ол кісі «келешекте үлкен ақын боласың» деп мақтайтын.

Мектепті бітірген соң оқу іздеп Алматыға келдік. Мұқағали ҚазМУ-ға, мен ҚазПИ-ге түстім. Бірақ Мұқағали ҚазМУ-ды бітірген жоқ. Одан кейін Шет тілдер институтының неміс тілі факультетіне, ҚазМУ-дың заң факультетіне, Қазақстан Жазушылар одағының жолдамасымен Мәскеудегі Әдебиет институтына түсіп, отбасы жағдайымен бәрін де аяқтамай тастап кетті.



Жақыпжан НҮРҒОЖАЕВ, Мұқағали мұрасын насихаттаушы:

«ӘЛІ-АҚ ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ БӨЛЕНЕМІН...» ДЕГЕН-ДІ

Әбділла ағамыздың академиктігіне қатысты Мұқанның өзі айтып берген бір әңгіме ойыма оралып тұр. Әбділла ағамыздың үйіндегі Мәрия шешеміз телефон шалып, аман-саулықтан кейін: «Мұқаш, есімде ме, өткен жылы алған мын сомның енді бізге қажет боп тұрғаны. Кітабың шықты ғой, қаламақысын да алдың. Реті келсе, сол қарызыңды қайтарып берсең, дұрыс болар еді», — дейді. Мұқан: «Телефонды Әбекенге беріңіз. Сәлем берейін», — дейді.

Мәрия шешей: «Әбекен тыста, салқында серуендеп жүр», — дейді.

«Әбекен жоқ екен ғой. Әбекен жоқ болса қарызыңыз қайтпайды», — дейді Мұқан.

— Ақын Мұқағали Мақатаев академик

Әбділла Тәжібаев секілді академик болғанда ғана қарызын қайтаралды», — деп телефон тұтқасын қоя салды. Әбекен келгеннен кейін Мәрия шешеміз айтты. Әбекен жарықтық шикылдап, қаркылдап, көзінен жас аққанша күледі. «Ал, Мұқаштан енді қарызыңды қайтарып көр. Ол менің туған балам емес пе? Баласы қарызын әкесіне қайтарушы ма еді», — дегенде Мәрия шешеміз де езу тартып: «Берем делі ғой. Мұқаштың академик болғанын күтемін», — депті.


Тағы бір есімде қалғаны — мына көрініс. Жазушылар одағының мәжіліс залында

«Жастар прозасы» тақырыбы талқыланып жатыр. Ақын-жазушылардың ондайда реплика тастап, біреулерді көтермелеп, енді біреулерді кекетіп дегендей, сөз қуып отыратын әдеті ғой. Мұқағалидың репликасы бұл жолы жиіректеу болып кетіп еді. Ол төрдегі президиумға да әлденеше рет келіспеушілік, кейіс білдіріп қалды. Оған Орталық комитеттен келген шенеунік шыдамалы білем, төрағаға шатынап иек қакты. Төрағалық жасап отырған Ғабен Мұқан: «Мәжіліске қатыспай-ақ қойғаның тәуір болар еді», — деді. Ол кісі өздігінен шыға қоймалды. Артынша енгезердей екі жігіт келіп ақынды қолтықтап сыртқа қарай еркінен тыс көтере жөнелді. Сонда Мұқан саспастан: «Көрдіндер ме, мені халқым жақсы көреді, алаканына салып, ардақтап

көтеріп бара жатыр. Әлі-ақ халықтың осындай құрметіне бөленемін», — делі дауысы гүрілеп.

Төрде отырған президиум мүшелеріне ашу шақырмай, артық айтпай, тауып сөйлегені үшін залдағылар ду қол шапалақтады. Ағаның кей мінездері шынында қызық еді. Артынша сол үшін де Жазушылар одағының мүшелігінен шығарғалы жатқанда қатарында отырған Бауыржан Момышұлына бұрылып:

— Бауке, кешегі соғыста жасанған жаулан жасқанбай бүкіл Мәскеуді қорғап қалып еліңіз, бүгінгі күні қаршадай бір ініңізді қорғап қалуға шаманыздың жетпегені-ай, — деп інілік назын айтқан екен...



Серік ҮМБЕТОВ, Алматы облысының әкімі:

АЛАШТЫҢ АЯУЛЫ АҚЫНЫ

Қарапайым Қарасаз деген ауылдан шыққан Мұқағали сол аймақтың ғана емес, исі қазақ жұртының ортақ перзентіне айналды. Қазақ поэзиясындағы өз қатарлас шок жұлдыздардың ішіндегі ең жарығы. Ақындық қуаты мол сөз өнерінің, ақындар көшінін жалғасы. Мұқағали өлендері әрдайым көңіл пернелерін дөп басып жатады. Өлені арқылы бірде құрдасына, бірде сырласына айналып кете береді. Бір байқағаным, ақын қаламынан бірде-бір тақырып тыс қалмағандай. Отан, туған жер, отбасы, достық, адамгершілік, иман мәселелері ақ парактын бетіне інжу-маржан секілді сап түзеп тұра қалғандай. Мұқағали шығармаларына ең жоғары баға әлдеқашан беріліп қойған. Біз сол бағаға лайық ақын мұрасын кейінгі ұрпаққа аманат ету жолында еңбек етіп келе жатқан жан-дармыз.

Ұлтымыздың мақтанышы болған ақынымызды барынша ардақтап, лайықты құрмет көрсету — баршамызға ортақ міндет. Осы тұрғыдан келгенде облыс басшысы ретінде 80 жылдық мерейтойына ең бірінші болып үн қосуды дұрыс деп шештім. Алдымен Қарасаз — Шалқоде ауылына дейінгі тас жолды күрделі жөндеуден өткіздік. Ақынның 60 жылдық мерейтойында ашылған мұражайға осы күнге дейін ағымдағы жөндеу жұмыстары ғана жасалып келсе, бұл жолы іші-сырты түгелдей жанаша сипат алмақшы. Жылдар, тіпті ғасырлар өтер. Сол кездерде ақын мұражайы тарихи жәдігерге айналып, келіп-кетушілерге ұялмай көрсететін мәдени мұрамыздың бірі болып тұруы керек.



Батық МӘЖИТҰЛЫ,
«Мұқағали» журналының бас редакторы:

МҰҚАҒАЛИ МҰҢЫНЫҢ ӨЗІ БІР ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ТАҚЫРЫБЫНА ЖАРАП ТҰР

ақыны еді. Сондықтан онын өлендері бүгінгі тәуелсіздікке қызмет етуде. Сондықтан түбі мұқағалитану орталығына ұласатын бір басылымның қажет екені белгілі болды. Жанболат Аупбаев, Рысбек Сәрсенбайұлы, Жакыпжан Нұрғожаев секілді білікті азаматтар, бәріміз, осындай ойға тоқтадық. Ұсыныс-пікірді Лашын жеңеміз қуана қолдап, өз рұқсатын берді. 2006 жылдың қантарынан бастап журнал ай сайын тұрақты шығатын басылымға айналды.

– Аға, әңгімемізді «Мұқағали» журналынан бастасақ. Журналдарыңыз қай жылдан бастап шығып келеді? Ұлы ақын аттас журнал шығару кімнің идеясы еді?

– Мұқағали өзінің ақындығымен «Абай жаққан сәуленің сөнбеуі үшін» қызмет етті. Ал Мұқағали сәулесін өшірмей жалғау — енді біздің міндетіміз.

Жас толқынды нағыз мұқағалитану өрісіне бағыттасақ деген арман 1990 жылдың аяғында ойымызға оралды. Себебі Қабдеш Жұмалілов ағамыз айтқандай, «Елі азат болып еді, Мұқағали азат болды». Ол қазақ кеңес әдебиетінің ғана көрнекті өкілі емес, Марат Қабанбай теңеуіндегі сияқты «Миына ұлттың коды жазылған» ұлт

– Журналдарыңызда Мұқағали жайлы небір қызықты, көпшілікке беймәлім жайттар жарияланып жатады. «Ұлы ақынның сәуегейлігі де болған» деп жаздыңыздар. Сол жайлы айта кетсеңіз...

– Егер журналда ақынға қатысты жұрт бұрын естімеген жайлар жазылып жатса, бәрі — оқирманның арқасы. Мұқанды көріпкел, сәуегей деп кесіп айтудан аулақпын. Бірақ ақындық түйсікпен бәрін алдын ала болжағандай. Мәселен, таңдамалы «Өмірдастан» жинағына қолтаңба қалдырғанда «1976 жыл 27 март» деп жазғанын газеттен оқыдым. Өмірден қайтар күнін алдын ала қалай білді екен?

Ол кісінің басқалардан артықшылығы — дархан дарыны мен мол білімі, терең ой мен нәзік сезімі. Сондай ерекшеліктер ақынға дүние тұспалдарын аңғартуға негіз болды ма деп есептеймін. Мынаған қараңыз, «Туады, туады әлі нағыз ақын» дейді Мұқағали. Осыны не үшін айтты дейсіз? Айналасында жүрген қалың қаламгерге сонда ол кісінің көңілі толмаған ба? Біздіңше, Мұқағали заманға иленбеген, айтарын емін-еркін айта алған азат жыршыны армандап, сондай тұлғаны көзіне елестеткен секілді. Жылататын сөзді де, жұбататын сөзді де айта алу сондай еркін тұлғаның ғана қолынан келеді. Мұқандағы ерекшеліктер — арзан сәуегейлік емес, ойшылдық, болжампаздық.

– «Мұқағали отбасында бақытты болмаған» деушілер бар. Оразақын Асқар журналдарыңызда бұл пікірді теріске шығарып жазды. Ал сіз бұл жайлы не айтар едіңіз?

– Ақынның отбасындағы тіршіліктен ақынға қатысты кінәрат іздеу тым әбестік болар. Егер сол шаңырақтан жайсыздық пен таршылықты сезінетін болса, Мұқағалидың басқа адаммен отасып кетуіне мүмкіндігі бар еді ғой. Бірақ



Мұқағали қаламдас інілерінің арасында

Мұқағали Мақатаев

акын олай етпеді. Өз шаңырағында өмір сүрді, өз шаңырағында көз жұмды.

Акын мұнының негізгі себебін таппағандар барлық кінәні оның жарына қарай аудара салғанды қолай көреді. Бірақ олар Лашын жентеміздің Мұқағалидың акындық болашағы үшін қиындықтарға төзіп, бала-шағасын шұбыртып Алматыға көшуге келісім бергенін қалай түсінер екен? Таң атқанша кірпік ілмей өлең жазған акынның алғашқы тыңдаушысы Лашын болғанын да есімізден шығарып аламыз.

«Мұнданам, кейде жынла-нам» дегенде акын тұрмыстық көңіл күйдің әсерінен солай деп жырлаған жоқ. Ол Отанымен, Кенестер Одағының бұғауында булыққан Қазақстанмен сырласты. Шарасы таусылған акын туған елінің келешегі бұлыңғырланған халін көріп қамықты. Бұлайша мұндану және мұның қырағы көздер шалмайтындай етіп қағазға түсіру Мұқағалидың ғана қолынан келгеніне әрі таңданады, әрі сүйінісін. Менінше, Мұқағали мұнының өзі бір диссертацияның тақырыбына әбден жарап тұр. Мұқағалидың мұны – қазақтың мұны, кайраткердің мұны.

– Мұқағали ағамыз 27 наурызда шаңырақ құрып, жары Лашынмен 27 жыл отасып, 27 наурызда дүниеден өтіпті. Бұл кездейсоқтық па, әлде ...

– «Жазмыштан озмыш жоқ».

Жаратқанның акын маңдайына жазған сандық тағдыры сол болар. Дегенмен, менің бір білетінім, Мұқағали жарық дүниенің әр сәтін тереннен зерделеген секілді. Жыл он екі айдағы әр мезгілді бастан өткізу – ол үшін үлкен қуаныш. Соның өзін қанағат тұтып, оның еңбек істеу мүмкіндігіне айналғанына шүкіршілік етіп отырған. «Отыз бес күз, отыз бес қыс, отыз бес көктем, отыз бес жаз. Онай өмір емес-ау отыз бес жас»

дейді. Бірдеме бітіре алатын адам үшін отыз бесінің өзі де ұшан-теңіз уақыт екен. Міне, акынның өлшемі сондай. Алтын уақыттың қадіріне жеткен хас талант туралы асылық айту – күпірлік.

– «Мұқағалидың трагедиясы – сол кезде еліміздің бодан болуында. Мұқағалидың ақындығын, талантын шенділер мойындамады» дейсіздер. Шынымен де, тірісінде жарық көрген кітаптарын қарасаңыз, қалыңдығы пышақтың қырындай ғана, таралымы да 5-10 мыңнан аспайды. Осының

бәрі ақынның жүрегін шоқтай қарып, ішкілікке салынуына да себепкер болған сияқты...

– Талантты тану үшін де талант керек. Әсіресе, әлі тарихқа айналмаған, өзінмен бірге жер басып жүрген замандасты мойындау деген әлімсақтан онай болған жоқ. Мұндай үдерістер Мұқағали кезеңіне де тән. Сонымен қатар мойындамау деген сөзді тек шенділер мен шекпенділердің мойнына іліп қою да артықтау.

Менінше, қалың оқырман Мұқағалиды о бастан мойындады. Бүкіл жұрт өз ақынның іздеді. Оған ешкім тосқауыл қоя алған жоқ. Нағыз ақынның нағыз жыры кез келген қамал мен қақпанды тас-талқан етуге шамасы жетеді екен. Мұқанның тірі кезінде оның ұлы бағасын берген Әбіш Кекілбаев болды. Әбекең түбінде айтылатын ақиқат сөзді бірінші болып қозғалды.

Әдебиетке шындап араласқан 14-15 жылдың ішінде Мұқағалидың жеті өлеңдер жинағы, екі аударма кітабы жарық көрген екен. Сол кезең деңгейімен таразыласақ, бұл жаман көрсеткіш емес. Дейтұрғанмен поэзия жинақтарының орташа таралымы 10 мыңмен саналған заманда «Маврдың» – 6500, «Шуағым менің» – 6000, «Дариға – жүрек» – 7500



Рамазан СТАМФАЗИЕВТЫҢ орындауындағы әндер

АККУЛАР, ҚОШ БОЛЫҢДАР

Әнін жазған: Дәнеш Рақышев

*Аттанып бара жатыр аққу, қаздар.
Қош енді, қош балыңдар әккү-наздар.
Кеудемде күңіренген дастан қалды,
Киелі қанатымен аққу жазған.*

*Аққулар, кешіріңдер жазықтымын,
Қараймын керуеніңе қажып бүгін.
Адасып кетті-ау бірге сендерменен,
Алапат күшім менен нәзіктігім!*

*Сыңқылдап соғылғанда қанаттарың,
Таба алмай қалды менің тағат жаным.
Үзілген жолдарыңа қарақтарың,
Үзілген жанарымды сабақтадым.*

*Ақ қолдың айдын төсін шимайлаған,
Сұлулар, жатыр сені қимай далам.
Аққу боп неге ғана жасарламадым,
Адам боп өзіме-өзім сыймай барам.*

*Аққулар, алданыш па ең, арман ба едің?
Қош енді, қанатым жоқ самғар менің!
Нуларым сыңси жылап қалды-ау менің,
Сұларым жетімсіреп қалды-ау менің!*

ҚАЙРАН ҚАРАСАЗЫМ-АЙ!

Әнін жазған: Тұрсынжан Шапай

*Тамаша еді жазғы орман
Құстар сайран, мәз болған.
Көшіктерде, суларда,
Үйрек ұшып, қаз қонған.*

Қайырмасы:

*...Тамаша еді жазғы орман:
Тамашалап, мәз болған,
Қайран Қарасазым-ай!
Үйрек ұшып, қаз қонған!..*

*Елік ертіп лағын,
Еңкейеді суатқа.
Елендетіп құлағын,
Тышымайды бірақ та.*

Қайырмасы.

АРМАН ОРЫНДАЛҒАН БА?!

... Мұқағалиға өте ауыр тиген, денсаулығына да көп әсерін тигізген қиын аударма – әлем әдебиетінің жарық жұлдызы, Италия перзенті Дантениң «Құдіретті комедия» дастанының «Тамұқ» бөлімін аудару болды. Бұл дастанды 1965 жылы бастап, 1966 жылы түнімен отырып аударып жүріп екі жылда әрең аяқтады. Осы аудармада қатты қалжырап кетті. Мұқағали арманын сыртқа шығарып айта бермейтін. Осы Дантени аударып біткенде «Дантениң Отаны – Флоренция қаласында болып, ұлы адамның жүрген жерлерін араласам!» деуші еді. Арман орындалған ба?!

(Лашын Әзімжанованың естелігінен, «Мұқағали: Күнделік», Алматы, «ҚазАқпарат», 2009 ж)

таралыммен шыққаны, әрине, түсініксіз. Жоғарыда аталған жеті жинақтың 10 мыңға жеткені саусақпен санарлық екен. Бұл не деген сөз? Бұл — авторға арналған қаламақы, кітабы 10 мың таралымға жеткен басқа әріптестеріне қарағанда аз берілді деген сөз. Қалғанын өздеріңіз бағамдай берерсіздер.

— Ақынның азан шақырып қойған аты Мұхаметқали екен. Қалай Мұқағали атанып кеткен?

— Исламдық ұғыммен қарағанда есімдері ауыр деп есептелетін жалғыз Мұқағали емес. Абайдың да, Шоканның да азан шақырып қойған аттары бөлек. Мұқағали да бала кезінен солай атаныпты. Демек, азан шақырып қойса да үлкендер пайғамбар есімін балаға телуден қаймықса керек. Тек дүниеден озып, жаназасы шығарылған кезде ғана ақынның шын аты екінші рет аталыпты. Бүгінде Абай атамның шын есімі Ибраһим болып жақшаның ішінде жазылып жүр. Сол сияқты алдағы шығатын томдарында Мұқанның да шын есімін түрлі әдістермен білдіріп қоюдың артықшылығы жоқ шығар.

— «Ақынның көптеген өлеңдері, біраз қолжазбасы жоғалып кеткен» деген әңгімелер рас па?

— Сондай әңгімелер бар. Бірақ қандай шығармалары және қайда, қашан жоғалды, ешкім оған жарытып жауап бере алмайды. Алайда, Мұқан миындағы дүниесін біржолата жоғалтты деп айта алмаймын. Оны қайтадан қалпына келтіріп алу қолынан келеді. Өз басым осындай қисынға үлкен сенім артамын.

— Мұқан қазақ радиосында диктор болып та істепті. «Алтын қорда» Мұқанның даусы сақталған болар?

— Марқұм Әнуарбек Байжанбаев ағамыз: «Егер Мұқағали диктор болып жүре бергенде менің атақ-даңқым осыншалық шығарға шықпайтын еді», — деп Мұқаннның дикторлығына жоғары баға берген екен. Өкінішке қарай, радио мен теледидардың «алтын қорында» Мұқана байланысты мұра жоқтың қасы. 1981 жылы ақынның 50 жылдығында алашапқын болып іздеп, «Большевиктер» поэмасын оқыған даусын әзер таптық.

— Мұқан тірісінде атақтан да құр қалыпты...

— Иә, ескі пәтерде тұрды. 1973 жылдан кейін құзырына тиянақты қызмет те тимеді. Тірісінде алған жалғыз жүлдесі — «Лениншіл жас» газетінің өлеңдерге жариялаған «Менің атым — жиырма бес!» атты бәйгесіндегі алған екінші орны.

— Мұқағали ақынның ислам дініне байланысты жазылған жырлары бары соңғы кезде белгілі болып жатыр. Сол жайлы айта кетсеңіз...

— Мұқан да — октябрат, пионер, комсомол, коммунист болу үдерістерін басынан кешті. Сол заманның перзент, пендесі. Оның бәрінен бір күнде бас тартып, діндарлыққа ауысты деуге ешқандай негіз жоқ. Тіпті алғашқы дастандарын Ленинге арнағаны да — сондай сенімдердің шалығы. Қызыл қоғам сендірген және жалаулатып көндірген идеяларға ол да сенді. Бірақ ақынның басқа замандастарынан айырмашылығы — компартияға деген сенімінің алдамшы екенін ең

алғашқы болып білгендердің бірегейі де өзі еді. Шындықты танып қою әсері ақынды есенгіретпей қалған жоқ. Дәл осы кезде ақын ата діннің қағидаларына терендеп үнілді. Жоғалтқанын исламнан тапты. Исламды жырлады. Күнә жасағанын ойлап жылады. Тіпті «Дін — ғылымның анасы» деген ғажайып тенеуді өмірге келтірді. Осыдан кейін барып ақынның ойы да, бойы да жеңілдеді. Себебі ол өзі іздеген ақиқатты исламнан тапты.

— Биыл — ақиық ақынның 80 жылдығы. Мерейтойына орай қандай шаралар жоспарлануда? Болашақта ақынның толық шығармалар жинағын басып шығару ойда бар ма?

— Тойдың аты — той. Дастарқан жайылады, сауық-сайран болады, жұрт желпініп қуанышқа кенеледі. Ал ақын тойы мұндай қызықтармен қоса, қалың елге ғибрат сыйлауы тиіс. Алматы облысының әкімі Серік Үмбетов мырза өзі бас болып, біраз шаруаларды жоспарлағанда осы жайларға жете назар аударды. Соның арқасында Қарасаздағы ақын мұражайының экспонаттары қайта жасакталып жатыр. Атамекендегі бабалар қорымында жатқан ақынның анасы Нағиман әжейдің басына келісті кесене тұрғызылды. Отыз шақырымдық тас жол толық жөндеуден өтті. 2011 жылдың үлесіндегі әдеби-мәдени шаралар да барынша тиянақталды. Болашақта ақынның академиялық жинақтары жарық көретін шығар деп ойлаймын. Оның да уақыты келеді.

Сұхбаттасқан Жапар ҚОЙЛЫШ



**«Өлім, өлім, өлім деп,
Не қыламыз күрсініп.
Өлген адам көмілмеқ,
Тірі адамға — тіршілік»**



Тұрсынжан ШАПАЙ, сазгер,
ақын өлеңдеріне жазылған көптеген әндердің авторы:

МҰҚАҒАЛИ РУХЫН БОЙЫНА СІҢІРГЕН САЗГЕРДЕН ҒАНА ТӘУІР ДҮНИЕ ШЫҒУЫ МҮМКІН

– Тұрсынжан аға, Мұқағалидың жауһар жырларын әдемі әуезге салып жүрген сазгерлердің бірі ғана емес, бірегейсіз. Олай дейтіміз, Мұқағали өлеңдеріне жазған әндеріңіз көпшілік көңілінен шығып жүр. Өлеңнің құдіретін, сөз қадірін ұғатын, әдеби сын жазып

жүрген жанның Мұқағали жырларына ән жазуы тегіннен-тегін емес болар?
– Әрине, тегін болмаса керек. Өзім қатарлас әдебиетші, жазушы қауым ақын жырларының рухын ертерек сезініп, жастайынан бойына сіңіріп өсті. Оның үстіне ақынның өмір сүрген заманы ғана емес, ол жырлаған табиғат, сезім, көңіл күй сырлары да маған етене таныс, жақын. Айталық, Мұқағали өлеңдеріндегі тау келбетін, Қарасаз, Шалкөде, Хантәңірі өңірінің суреттерін оқығанда сол суреттерді көріп қана қоймай, Мұқағали туған өлкенің ауасымен тыныстап, бар бояуын, күллі жұпарын жаныммен сезінгендей боламын. Өзім де сол өңірде өскендіктен, мұның бәрі – маған да қымбат, ыстық көріністер. Сондықтан Мұқағали поэзиясындағы кейбір айшықты сезім сырларын әуенмен өрнектеу талабы мен үшін табиғи нәрсе деп ойлаймын.

– Мұқағали ақынның өнге айналған жырлары көп. Бірақ ақынның жырындай олардың бәрі бірдей халықтың аузында емес. Кейбір сазгерлер «Мұқағалидың өлеңіне ән жазыпты» деген атаққа қызығып, ұлы ақын жырларын қор етіп жүрген тәрізді...



«Әлділейді алыстан тау бұлағы,
Мәңгі мені ұйқыда қалдырады»



Еркін ІБТАНОВ, ақын, Мұқағалидың досы

...ҮНЕМІ БАСТЫ РӨЛДЕРДЕ ОЙНАЙТЫН

Мектеп өнерпаздарының басын құрауда Мұқағали ерекше ынта көрсетті. Талатты балалардың басын құрап, драма үйірмесін құрдық. Өзі үнемі басты рөлдерде ойнайтын. Сонымен бірге кемтір, келін болып сахнаға шығудан үзілді-кесілді бас тартқан қыздардың тілін де табан астында таба қоюшы еді. Қазан мейрамы қарсаңында концерт дайындап жатқанбыз. Мұқағали бір күні ботен баланы арамсызға ертіп келіп:

– Мынау Жағыпар деген әніш, – деп таныстырды.

Десе дегендей-ақ екен. «Сұршақыз», «Жеңеше-ай», «Қызыл бидай» әндерін мән-мәлдір, тынысы кең тұнғық даусымен нәшіне келтіріп, әуелете шырқағанда, тыңдаған жанның тұла бойын шымырлатып жіберер қуаты бар еді.

Мұқағалидың да ән-әдемі даусы болған. Алайда ол тобымызға Жағыпар қосылған соң, дария басынан құдық қазбайын деді ме, ән айтуды қойып, біржолата концерт жүргізуші міндетін атқарды.

Көктем шыға өз колхоздарымызбен бірге «Жылыбұлақ», «Елтай» ауылының егіншілерінің қостарына да барып ойын-сауық көрсетіп жүрдік.

Қостобедегі қоста қойған концертіміздің соңы айтысқа ұласты. Сүйменді, Қияс, Дүрбала, Мейірбала дейтін шешелеріміздің нағыз айтыскер адамдар екенін сонда көрдік.

Шешелеріміздің айтыстарын қызықтап ауылға қайтпай, сол түні егіншілер қосында қалып қойдық. Содан бастап кейбір сәттерде өзара өлең жолдарымен қақтығысуды шығардық.

Бұл дағдымыз – Мұқағали өмірінің соңғы жылдарына дейін үйреніскізі дағдыға айналып кетті. Байқаймын, өлең жазу техникасын игеруде, ұтымды ұйқастар табуда осынау ақындар ойынының белгілі дәрежеде қажеттігі де бар сияқты.

Мұқағали екеуімізді алғаш жақындастырған, сырлас-пікірлес болуымызға, дүние тану өрісіне бірге шығуымызға себепкер кітап оқуға деген ортақ құмарлық еді...

(«Мұқағали», Алматы,
«Жалын», 1995 ж.)

— Кейінгі 20-30 жыл көлемінде Мұқағали өлеңдеріне ән жазбаған композитор аз. Оның себебі түсінікті де. Біріншіден, ақын жырлары аса танымал, екіншіден, Мұқағали өлеңдерінің әуенді, сазды бітімі, интонациялық байлығы сазгерлерді ерекше тартады. Соның нәтижесінде көптеген тамаша әндер де шықты. Рас, арасында, өзініз айтпақшы, Мұқағалидың атағына бола ән жазғандар да жеткілікті. Бірақ ақынның данқы, жақсы өлеңнің абыройы жақсы әннің тууына кепіл бола бермейді. Ақынның құр даңқына қызығып, әйтеуір бір өлеңіне ән жазсам абырой табады екенмін деу қате. Мұқағали поэзиясын жанымен ұғып, рухын бойына сіңірген сазгерден ғана тәуір дүние шығуы мүмкін.

— Абайтану бойынша біраз еңбектер жаздыңыз. «Мұқағали Абайға көп еліктеген» дейді мұқағалитанушылар. Қазақ поэзиясының атасы — Абай мен оны ұстаз тұтқан ақиық ақын Мұқағали арасындағы ортақ түйсіктер, ортақ түсініктер жырларынан да байқалғандай...

Абай: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» десе, Мұқағали:

*Таппайтын күнде тыным, түнде тыным,
Мұсылман Мұхаммедтің үмбетімін.
Бәрі рас айтқанының ақ Алланың,
Құм менен топырақтан жаралғанмын,* — дейді...

Абай — барлық қазақ ақындарының ұстазы. Біз білетін қазақтың үлкен ақындарының (кейінгі 100 жылдық көлемінде) Абайдың ақындық мектебінен өтпегені жоқ. Сондықтан

Мұқағали сияқты ірі құбылыстар туралы айтқанда, «еліктелді, еліктемеді» деп емес, «үйренді», «тәлім алды» деген тұрғыда келген дұрыс. Ұлы ұстаздың өнегесі кейінгіге дәстүр болып қалады. Ұстаз бен шәкірт арасындағы үндестікті осы дәстүр тұрғысынан байыптау керек.

Абайдың діни танымы, Алла туралы пайымы тым терең, тым ауқымды. Сондықтан Абай мен Мұқағалидың сіз келтірген өлеңдерінен үлкен бір ортақтық, үндестік іздеудің қажеті жоқ. Сол екі өлеңді мұқият салыстырып оқығанда бұған көзіңіз анық жетеді. Абайда — дін туралы, Алла туралы терең де кешенді түсінік. Мұқағалида — Жаратушысы туралы ойланған әр пенде мойынсұнар қарапайым ақиқат. Бірақ атеистік-коммунистік қыспақта Алласын мойындап, еркін ой толғауы ақындық өр рухының бір ерлігі деп бағаласақ керек.

— Қатарлары Мұқанның Қарасазда мұғалім болып жүрген кезінің өзінде орыс классикасын, әлемдік дәрежедегі ұлы қаламгерлердің шығармаларын іздеп жүріп оқығанын айтады. Талант пен білім ұштасып, ақын поэзиясынан көрініс тапқандай. Сіз қалай ойлайсыз?

— Әдебиет тарихынан белгілі, атақты ақындардың қай-қайсысының шығармасына үнілсеңіз де, құдай берген үлкен дарын өз алдына — сол ақындардың өз заманына сай аса білімдар болғанын байқайсыз.


Мұқағали туралы да осыны айтуға болады. Бірде марқұм Рымғали Нұрғалиев ағамыз: «Жасырақ кезімізге кроссворд шешу бір құмарымыз болатын. Бір күні Жазушылар одағында бір топ әдебиетші жігіттер Италияның пәлен деген қаласындағы пәленінші ғасырдағы шіркеудің атын таппай, тоқырап отырғанда Мұқағали келіп қалып: «Өй, ол шіркеудің аты мынадай ғой», — деп табан астында шешіп бергені», — деген еді. Бұл — Мұқағалидың білімдар ғана емес, зор эрудиция иесі болғанының да бір куәсі. Ал, жалпы, үлкен талант үлкен біліммен ғана ашылатыны — талассыз нәрсе.

— «...Мұқағали Мақатаев поэзиясы — кең тарағанына, ел махаббатына бөленгеніне қарамастан, сыры мен сипаты, қадірі мен қасиеті әлі ашылуын, танылуын күтіп жатқан тұңғық қазына» депсіз...

— Бұдан 25 жыл бұрын солай деп жазғанмын. Қазір де бұған алып-қосарым жоқ. Әр ұрпақтың зерттеуші, талапкері ақынды өзінше ашпақ, өзінше танымақ. Бұл — үзілмейтін үрдіс. Мұқағали сияқты қатпары, қыртысы таусылмайтын, тереңі жеткізбейтін ірі, күрделі құбылыстардың тағдыры — сол.

*Сұхбаттасқан Жанар ҚОЙЛЫШ,
koiysh@mail.ru*

**«Бәрін де бір өзіңе аманаттап,
Кеудемде тыныш ұйықтап жатсын жаным»**



Болат ҰЗАҚОВ, «Мұқағали» қойылымының режиссері:

МЕНІ АҚИҚАТҚА ЖЕТЕЛЕГЕН – АҚЫННЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ

Біртуар ақын Мұқағали Мақатаев туралы спектакльдің Астана төрінде салтанат құрғанына, міне, сегіз жылдың жузі болды. Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ музыкалық драма театры сахнасындағы бұл спектакльдің өміршеңдігінің сыры неде? Режиссер Болат ҰЗАҚОВПЕН әңгіме осы хақында.



– Әр қазақтың Мұқағали туралы өз түсінігі, өз пайымы, өз көзқарасы қалыптасқан. Әркімнің қиялында өз Мұқағалиы бар. Олай болса, миллиондардың көкейіндегі Мұқағалиды дөп бастым деп ойлайсыз ба?

– Спектакльден көрермен өзі іздеген Мұқағалидың толық образын тауып алады деп кесіп айта алмаймын. Ұлы тұлғаның трагедияға толы ғұмырын бір жарым сағаттық қойылымға сыйдыру мүмкін емес. Әрі мен бұған тырысқан да жоқпын. Өйткені Мұқағали әлемі, философиясы әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Оның мұрасы әлі талай буынға азық болмақ. Ақынның «Мен жиырма бірінші ғасырдың құрдасымын» де-

ген сөзі осы пікірімізге дәлел емес пе? Мен спектакльде ақынның ұлы жалғыздығының сырын ашуға қадам жасадым. Өз заманынан оза туған тұлғаның рухани күйзелісін көрсеткім келді. Ой-санасының, қиялының, білімінің каншалықты шарықтап кеткенін бағамдауға ұмтылдым. Мұқағалиды жердегі пендеуі мәселелерден биік коюды мақсат еттім. Ол туралы күнкіл-шүңкіл әңгімелердің біз үшін маңызы болған жоқ. Мақатаев үшін де сонынан ерген сөздің, арыз-шағымның маңызы болмағанын білемін. Егер Мұқағали солардың деңгейіне түссе, Мұқағали болмас еді. Оның бейнесін сахнаға шығаруға біз де талпынбас едік. Ақиқатында, Мақатаевтың планетарлық деңгейдегі данышпандығын, адамзаттық жанайқайын түйсінетін адам бар ма? Міне, спектакль көтерген түйінді ой – осы. Режиссерлік ізденіс барысында рухы күйзелген Мұқағалидың «Аллам, жебей көр!» деп жалбарынған жырына кез болып, тебіренген едім. Ақынның Жаратқанмен тілдесуін қойылымның алтын дінгегіне айналдырдым.

– Уақыт кеңістігі өзгерді демесеңіз, қойылымдағы Мұқағали айтқан шындық, әділеттілік тәрізді мәселелер қазір де сыздап тұр ғой...

– Сыздаған жара әлі жазылған жоқ. Оның жазыла қоюы да екіталай. Бұл – алғашқы қауымдық құрылыстан бері бірде өршіп, бірде басылып отырған жалпыадамзаттық қасіреттер. Ол мүлдем жойылып кетпейді, қоғамдық құрылымға, тәртіпке байланысты сәл бәсеңдейді. Мұқағалидың заманы, біз өмір сүріп отырған бүгінгі кезең – бұл жараның өршіп тұрған тұсы.

– Мұқағалидың зайыбы Лашынның көркемдік образы тұңғыш рет осы пьеса арқылы көрерменге жол тартты. Меніңше, сіз оның тұлғасын Мұқағалидың қасына қойып, биіктеттіңіз. Осы бейнені ашуда қандай ізденістерге бардыңыз?

– Осы уақытқа дейін айтылып келген қайсыбір әңгімелердің бөрінен қаштық. Оның ақ-қарасын айыру сіз бен біздің еншіміздегі іс емес. Менің білетінім – Лашынның Мұқағалидай

«Мұқағали» спектаклінен көрініс





«Қоңыр» тобының орындауындағы әндер

БАЛА ҒАШЫҚ

Әнін жазған: Тұрсынжан Шапай

*Көңілде ән, көгімдегі Күн көруші ем,
Барғанда маған ылғи гүл беруші ең.
Жалт етіп жсай отындай көкжиектен
Әттең-ай, маған енді бір көрінсең!*

*Кетер ем бұлтпен бірге араласып,
Көрер ем найзағаймен жағаласып.
Артыңнан ақша бұлт боп жүзер едім,
Көзіме бір көрінсең, бала ғашық.*

*Сандал тау, сайдан соққан самалым-ай!
Ой-санам құлайды кеп саған ұдай.
Әлдеқандай күн кешіп жүр екенсің,
Сүттен ақ, судан таза, адалым-ай!*

*Сап-сары сағынышпен жағаласып,
Жастық өмір басымнан барады асып.
Көзіме бір көрінші, тынайын мен,
Қайдасың, қайдасың сен, бала ғашық?..*

ҚҰМҒАН АЛҒАН...

Әнін жазған: Тұрсынжан Шапай

*Құмған алған,
Суга барған,
Сұлуымды сағындым.
Сырғаланған,
Құған арман,
Құлынымды сағындым.
Түйнектер мен
Жидек терген,
Нуларымды сағындым.
Үйректермен
Иректелген,
Суларымды сағындым.
Тынып тіптен,
Түлік біткен,
Жусағанын сағындым.
Жіі беттен
Сүйіп өткен,
Қыр самалын сағындым.
Безінбейтін,
Сезінбейтін
Аңғал кезді сағындым.
Өзім дейтін,
Сезім дейтін,
Жанған көзді сағындым.*

тарихи тұлғаның адал жары болғандығы. Ол акынның бабын тауып, асау мінез-құлқына шыдады. Ерте тұрып, кеш келген, түнде үйте қонбаған кездерін кешірді, балаларын тәрбиелеп, шанырағын күзетті. Лашын апамыз өзі өлең жазбаса да, өлең жазған адамның қадір-қасиетін терең түсінген адам деп білемін. Спектакльдегі Лашын бейнесінен көрермен де осындай ой түймек.

– Зұлымдық, заманның сурқиялығы, әділетсіздігі спектакльде бір ғана кейіпкердің бейнесіне еніп, сахнаға қайта-қайта оралады. Ақ көйлекті ару – Муза, Періште, Фариза, Ақиқат сынды ізгі ұғымдарды бойына жиған. Бұл сәтті режиссерлік шешім актер ойынымен астасып, ерекше әсерге бөлейді. Ал спектакль ұстыны – Мұқағали образын сомдаушы актер көрерменнің талап биігінен шықты деп ойлаймын...

– Тұр-келбетін ел білетін адамды сахнаға шығару – қиынның қиыны. Себебі оған көрермен сенуі керек. Актер Жанқалдыбек Төленбаевтың сыртқы тұр-тұлғасы Мұқағали ақынға келеді. Желкілдеген шашы, мұрны да акынның портретін көз алдыңызға әкеледі. Образдың шынайы шығуына Жаннның өз жұмысына жан дүниесін сала берілетін еңбекқорлығы негіз болды.

– Сахнадағы Мұқағалидың болмысынан елі мен жерін ойлаған, әділеттің хақ жолынан таймаған қазақ азаматының образын көрдік. Қойылым өткен замана туралы ой түйіп, бүгінгі қоғамымыз бен келешегіміз хақында ойлануға итермелейді. Мұқағали тақырыбына мұдә әрі тереңдеу ойыңызда бар ма?

– Пьесаны сахналау барысында «Мұқағалиды танушы едім» деген азаматтың талайымен тілдестім. Бірақ мен естігім келген сөзді ешкім айтқан жоқ. Мені ақиқатқа жетелеген – акынның өлеңдері. Акын дүниестаным, ақ-қараға деген көзқарасын, жан дүниесін өлеңіне сыйғызды емес пе? Менің бозбалалық



«Тздесең қателік көп менде,
Сен бірақ түңілме, жек көрме!»
«Лашынға»



шағым Мұқағали жырларына деген махаббаттың өрістеп тұрған кезімен тұспа-тұс келді. Жырларын жаттадым. Ондағы тенеулерге таңғалдым. Ешкім жазбаған ойларға сүйсіндім. Ақын өлеңдеріндегі адамзаттық мәселелер мені де мазалағаны рас. Режиссерлік тізгінге ие болғанда сонау шақтардан бері көкейімде жүрген Мұқағали туралы өз ойымды білдіруге мүмкіндік алдым. Театрымыздың сол кездегі көркемдік жетекшісі

Әзербайжан Мәмбетов ақын Серік Тұрғынбекұлының пьесасын сахналауды маған тапсырды. Біз бұл поэтикалық қойылымды Мұқағалидың жан дүниесіне арнадық. Келешекте ақын туралы драмалық жанрдағы спектакль қойғым келеді. Қаламгер хақында кино түсіруге ұсыныс білдіріп жатқан азаматтар да бар. Жас ұрпақ тәрбиесінде Мұқағали тұлғасының орны зор болуы керек деп ойлаймын.

– Спектакль соңында ақын топ қайыңға сіңіп кетеді...

– Иә, акынның адамдар арасынан жүрегінің дүрсілін ұғар бір жан таппай, ақ қайыңмен сырласатыны бар ғой. Қайың – мәңгіліктің, тазалықтың белгісі іспетті. Мен бұл ретте, өзі жыр еткендей, Мұқағали көктем сайын дүркіреп, жапырағы жайқалатын қайыңдай өмірге қайта-қайта келе береді дегенді білдіргім келді.

Сұхбаттасқан Мақпал ЖҰМАБАЙ,
Астана



– Бауыржан, қазіргі заманда рухани құндылықтар дүниеқоңыздықтан оңбай жеңілгендей мүшкіл халге түсті. Материалдық игілік жер-жаһанға билік құруда. Бірақ адамзат өркениеті осы дүние байлығына рухани құдіреттің арқасында жетті емес пе?! Дүниеде ең соңғы ақын қалғанша рух жеңілмейді. «Заманақырда ақындар мен періштелер, бал аралары жоғалады» деседі. Рудаки, Гете, Пушкин, Абай мен Мұқағали. Олардың қазынасы қара алтын емес десек, ақындар нәсілі бізге несімен қымбат?

– Иә, сіз айтқандай, ең соңғы күнге дейін, ең соңғы ақын қалғанша рух жеңілмейді. Мұқағалиша айтсақ, «Мен

Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ, ақын:

ОЛ ӨЛЕҢ ЖАЗУ ҮШІН ӨМІР СҮРДІ

бір нәрсеге – поэзияның тіршілікпен бірге, яғни адаммен, табиғатпен бірге өлетініне кәміл сенемін. Адамзат жаны қатыгез тартса тарта берсін. Кайтсе де бір парасатты адам қалады. Ол – ақын. Ақырғы сөз сонікі. «Адамзат баласына келген ақырғы пайғамбардан кейін әулиелер мен ақындар келеді» деген сөз бар. Рухы биік ақындар ақиқатты айтады. Ақындар нәсілі Жаратушының ерен сыйы – ақылды, асқақ рухымен, жайсаң жанымен, кәміл иманымен қымбат. Себебі хас ақын сөзді құрастырмайды, олар – аян түрінде келетін әуенді, әуелгі сөздерді жеткізушілер. Мұқағали осындай ақындардың санатында. Өткенде оның күнделігінен мынадай бір ойларды оқыдым: «Мен өлеңді құрастырып жазбаймын. Әлдекім құлағыма сыбырлағандай болады. Соны көшіремін, сенесің бе?» – дейді әулие-ақын.

– Алаштың арда туған ұлы Мұқағалидың жырларынан тектілігінің иісі аңқиды. Ол өзі де «Кесілмеген тұсауы нәрестедей, Кездескеннің бәріне құлай берем» деп ағынан жарылады. Нәресте пиғылы Алла тағаланың сәулесі түсіп, нұры жауған өнерінен екені тағы айқын. «Ақынның ақындығы – арда ғана» деп әлем таныған да өзі. Арлылық қазір қандай дәрежеде

мәртебелі? Өлде заман періште пейілді керексінбей ме?

– Мұқағали – хас ақын, Алланың таңдаулы адамдарының бірі. Рухы таза, жаны жұмақ адам дүниені аппақ күйінде көреді. Сондықтан қулық пен сұмдық сасыған мына дүниеде ол өте ұрыншақ. Сәби секілді. Иә, ақынның өзі солай айтып отыр ғой. Ол мансапқор, атакқұмарларды жек көрмейін-ақ десе де санасынан тыс жек көреді. Солар үшін арланады. Ұялады. Жүрегінде иман бар адамда ғана ар бар. Ары бар адам ұяла алады ғой. Ұялмайтындар қаншама? Мұқағалидың сондайларға жаны күйіп: «Ақынның ақындығы – атақта емес, ақынның ақындығы – арда ғана», – дейтіні содан.

– Мұқағали ақынның айналасында аңыз көп. Оның шындық өмірден алшақ тұстары қаншалық? Аңыз бен ақиқаттың аражігі жас ақынның көзімен қарағанда қалай көрінеді?

– Аңыз – халықтың санасындағы ақиқат. Аңызға айналу екінің бірінің маңдайына жазылмайды. Ақиқатты, арды ардақтай білген қасиетті тұлғалар ғана аңызға айналады. Аңыздың ішінде ақиқат бар. Ал ақиқаттың ішінде аңызға айналған тұлға өмір сүреді. Өйткені олардың жалған дүниедегі өмірінің өзі ақиқатты нұсқайды.



«Жаратқан, жанымды алсаң, алшы менің,
Бір түйір жерге түскен тамшын едім.
Мұқағали жоғалса қайтер дейсің,
Артымда қалсын жерім, қалсын елім...»

Ақын талантына бас иер
ел-жұртымен мәңгі бірге.
Қазақстанның жер-жерінде жыл
сайын Мұқағали кештері, оқулары,
өнер жарыстары өтеді. М.Мақатаев
атында мектеп, көше, әдеби
сыйлық, журнал және т.б. бар



– Мұқағали бейнесі көркем әдебиетте жасалғанда оны ақынның өз өлеңдерінен жамап-жасқап жасайтыны, рухына бойлай алмағаны тайға таңба басқандай көрініп тұрады. Демек, ол тылсымы күшті ақын, екіншісі біріне жалынан ұстатпайтын теңіз жылқысы тәрізді. Хас тұлпар да сол суынның құлыны дейді. Ақын жер мен көкке қатар сыяды. Оны түсінуге сондай құлаш, құйрық-қанат керек. Мұқағали – киелі ақын. Осыған не айтасың?

– Мұқағали – сөздің обалы мен сауабын терең түсінген, өмірден өленге айналып кеткен ақын. Сөз жок, киелі ақын. Өлең дегеннің өзі тылсымды киенің үлі емес пе?! Кие – күрсінсі екі дүниеге жететін ұлы күш. Кие дарымай, ақын ақын бола ма?! Казак – киені қастерлеген халық. Менінше, көркем шығармадағы Мұқағалидың бейнесі әлі толық ашылған

жок. Ол туралы қойылымдарға да көңілім толмайды. Ол туралы қалам әлі қасиетті сөз айтпағандай. Оған ешкім кінәлі емес. Мүмкін, Мұқағали өлемі бір данышпанын күтіп жатқан шығар...

– Қазақтың ең мықты ақындары Абайға еліктеп өскен. Мұқағалида Абаймен табиғаты үндес өлеңдер баршылық. Қазіргі жас ақындарға Мұқағалидың әсері қаншалық?

– Өз басым Мұқағалидың өлеңдерін жаныммен оқимын. Қатты жақсы көремін. Бір-екі ай оқымасам, қайта сағынып оқимын. Оқыған сайын шын рахаттанамын, шын мұнаямын. Алғашқы өлеңдерімді Мұқағалиға еліктеп жазудан басталдым. «...Қазақтың кара өлені – күдіретім, Онда бір сұмдық сыр бар естілмеген...» деп өзі айтпақшы, оның әрбір өлеңінде бір күдірет бар. Қазақтың кара өленінің киесі

Мұқағалиға қонған. Кез келген жас ақын Мұқағалидың күдіретті поэзиясымен ауызданады деп ойлаймын.

– «Жапырақ-жүрек, жас қайың!
Жанымды айырбастайын».
Ақынның өмірге деген асқан
сағынышы мен махаббаты лықсып

тұратын осы бір шедевр өлеңі ерекше сүйемін. Мұқағалидың асқақ болмысы да, оның Құдайға құлшылығы да осы өлеңінде жасырулы. Өмір мен өлім философиясын керемет көркем түйіндейді. Төлеген, Кеңшілік, Жұматай, Мұқағали – бәрі бұла күйден арылмай фәниден бақиға озды. Бұл поэзия күдіреті ме?

– Бұл өзі – тылсым дүние. Бұлар Жаратушының назары түскен Ақындар ғой. Әрқайсысының өмірінің өзі – өлең. Олар өз өмірлерін өздері жазды. Сұлу өмір сүрді. Сұлу өлең жазды. Бұлар жалған дүниенің жанарынан мөлт ете түскен күнәсіз жас секілді. Өмір мәні ұзақ жасаумен өлшенбейді. Алла тағала мөлт еткізіп пенделіліктен құтқарып қалған секілді болып тұрады. Бұл – Алланың сыйы. Иә, поэзияның күдіреті.

– Мұқағалидың «өлең жазбай кетсем» деп бір тарынатын кезі бар. Сөйтпін «Болғансып ақын, Мұрнымды несін көтердім? Өлмей-ақ жүр ғой, Өлең жазбаған адамдар, Өлеңсіз мен де, Өмірді бірдене етермін», – дейді.. Осынала, құса-зар туралы не айтар едің?

– Мұқағали өлеңді таңдаған жок. Өлең Мұқағалиды таңдаған. Ол Өлеңді өмір сүру үшін жазған жок. Өлең жазу үшін өмір сүрді.

Әңгімелескен Айгүл КЕМЕЛБАЕВА,
Астана

Бұл нөмірде пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М.Мақатаев. Күнделік. Алматы, «Жалын», 1991.
2. М.Мақатаев. Шолпан. Алматы, «Жалын», 1984.
3. М.Мақатаев. Бәсіре. Алматы, «Жалын», 1981.
4. М.Мақатаев. Кош, махаббат. Алматы, «Жазушы», 1988.
5. М.Мақатаев. Аманат. Алматы, «Атамұра», 2002.
6. М.Мақатаев. Өмір-өзен. Алматы, «Раритет», 2005.
7. Мұқағали. Шығармалары. 1-2 том Алматы, «Жалын», 2006.
8. Мұқағали. Аккудын қанатында жазылған жыр. Алматы, «Шартарап», 2001.
9. Мен, сірә, өлмейтін шығармын. Алматы, «Сарыжайлау» қоғамдық қоры, 2010.
10. Есіне мені алғайсың. Естеліктер. Алматы, «Сарыжайлау» қоғамдық қоры, 2010.
11. Білгін келсе алдымен зертте мені. Алматы, «Сарыжайлау» қоғамдық қоры, 2010.

«Мұқағали» қоғамдық қорына, ақын Оразақын Асқарға, ғалым Қасым Мәуленовке және Жамбыл атындағы мемлекеттік жасөспірімдер кітапханасының ұжымына әдебиеттер мен фотосуреттер ұсынғаны үшін алғысымызды білдіреміз.

«Мен сірә, өлмейтін шығармын,
Сәл ғана мызғып ап қайтадан тұрармын...»

МҰҚАҒАЛИ

Жұлдыздар отбасы

АНЫЗ адам

NEW

Үлкен мақтанышы

Келесі нөмірде



(1336 - 1405)

ӘМІР ТЕМІР


Жұлдыздар отбасы

АНЫЗ адам

№12 (16) Қаңтар 2011 жыл

NEW

Үлкен мақтанышы



(1980 - 2000)

Былғары қолғап шебері

БЕКЗАТ САТТАРХАНОВ

Жұлдыздар отбасы

АНЫЗ адам

№12 (16) Қаңтар 2011 жыл

NEW

Үлкен мақтанышы



(1912 - 1993)

ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ



Жұлдыздар отбасы

№12 (16) Қаңтар 2011 жыл



Милдір Әуелбекова

Мейрамбек Бекбаев

Кім кімге фашық?

Жұлдыздар отбасы

№12 (16) Қаңтар 2011 жыл



Досқан Жолжақсынов:

Біржанның жолы - қазақтың жолы

Аша МАТАЙ:

Біржанның есімі - сәрілік емес, нағыз мақалбау

Жұлдыздар отбасы

№10 Қаңтар 2010 жыл

NEW

Үлкен мақтанышы



МҰХТАР ӘУЕЗОВ

(1897 - 1961)

Жұлдыздар
отбасы
Аңыз
адам

жазылу индексі 74356

Тосқожа ҚОЖАҒАҰЛДЫҢ суретімен

**МҰҚАҒАЛИ
МАҚАТАЕВ**